

35.41
10.56

МУХТАР ҚОЖАЕВ

ОТЫРАРДАҒЫ



КЕРАМИКА ӨНДІРІСІ

Керамическое производство

ОТРАРА

11/11-08 - 040

Кітап қайтарылымының бақылау
парақшасы
Кітап көрсетілген мерзімде
қайтарылуды тиіс

15/II - 2014
22/III - 2014
9/IV - 2014
21/V - 2014
12/VI - 2014
15.05.2018.
24.07.2018.
19.10.2018.
13.01.2019.
18.03.2019.
05.05.2019.
07.07.2019

42

27/08 -
2018

[Handwritten scribble]

35-41
10-56

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті Қазақстан халықтарының тарихы мен
этнофилологиясы ғылыми-зерттеу институты

"ОТЫРАР" археологиялық қорық-музейі

МҰХТАР ҚОЖАЕВ

ОТЫРАРДАҒЫ

2958827
0119



КЕРАМИКА ӨНДІРІСІ

Керамическое производство

ОТРАРА

Отырар аудандық орталық
кітапхана
Бірыңғай қор

Түркістан "МҰРА" - 1996

ББК 35.41
К 56

Қожаев М.
К56 Отырардағы керамика өндірісі. - Түркістан, "Мұра",
1996. - 159 бет.

Жауапты редакторлар

Исмағұлов О. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корр. мүшесі, профессор, тарих ғылымының докторы, Байпаков К. М. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының корр. мүшесі, профессор, тарих ғылымының докторы.

М. Қожаевтың "Отырардағы керамика өндірісі" атты кітабы - қонө Отырар қаласының тарихы мен ондағы қолөнер өндірісі туралы мол мәлімет беретін құнды зерттеу-еңбек.

Кітап тарихшыларға, студенттерге жалпы тарихпен қызығушы көпшілікке арналған.

ББК 35.41

Кітаптың демеушісі - Отырар археологиялық қорық-музейі.

Директоры - **Ә. ЕСЖАНОВ.**

К 2803020000-02 96
00(07)-96

ISBN 5-7667-4374-2

С "Мұра", 1996.

КІРІСПЕ

Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қалалық мәдениетін жүйелі түрде зерттеу жұмыстары алпысыншы жылдардың аяғында Отырарды зерттеуден басталады. Қ. Ақышев басқарған комплексті археологиялық экспедициясының ширек ғасырдан астам уақыт жүргізген қазбаларының нәтижесінде қазір Отырар Қазақстан мен Орта Азия аумағында ең көп зерттелген кейінгі ортағасырлық қала болып табылады. Алайда XIII-XVIII ғасырлардағы Отырар тарихы толығымен зерттеліп бітті деуге ерте. Қазба барысында жинақталған мол материалды талдап қорыту, оларды басқа тарихи деректердің мағлұматтарымен салыстыру, өзара байланыстыру жұмыстары көп нәтиже бермек.

Қала тарихын қалпына келтіруде қолөнерді терең зерттеу аса қажет. Себебі, қала ең алдымен қолөнер орталығы болып табылады. Қолөнерді тану арқылы қаланың даму дәрежесін, қаладағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдаяттарды, саудасаттық байланыстар бағыттарын анықтауға болады. Қолөнердің ең көп заттай із қалдыратын керамика өндірісінің қалдықтары Отырарда көптеп аршылды. Ал Орта Азия мен Қазақстанның басқа археологиялық ескерткіштерінде XIII-XVIII ғасырларға жататын керамикалық шеберханалар санаулы екенін ескерсек, Отырардың кейінгі ортағасырлық өндірісін зерттеу Орталық Азия археологиясының келелі мәселелерінің бірі болып табылады.

Отырардың кейінгі ортағасырлық керамика өндірісіне қатысты материалдардың бір бөлігі Оңтүстік Қазақстан комплексті археологиялық экспедициясының еңбектерінде жарияланды (Ақишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, 1981, 1987) Қыш өндірісінің технологиясына қатысты мәселелер Ә. Ф. Кузнецова, Т. М. Тепловодскаяның мақалаларында, шеберлердің мамандануы, керамика өндірісінің ұйымдасуы, олардың қала аумағында орналасуы К. М. Байпаков еңбектерінде қарастырылды. Бұл зерттеулердегі ой-тұжырымдар, нақты материалдар біздің зерттеуіміздің бір тірегі болды.

Сонымен қатар осы жолдардың авторы басшылық еткен Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі экспедициясы қыш шеберлерінің бұрын беймәлім болып келген қоныс жайын тауып, онда 1989, 1990, 1991, 1995 жылдары қазба жұмыстарын жүргізіп, керамика өндірісіне қатысты деректік қорды кеңейте түсті.

Хронологиялық тұрғыдан зерттеу нысанына айналған кейінгі ортағасырлық кезең монғол шапқыншылығынан, яғни XIII ғасырдың басынан басталады. Монғол шапқыншылығы монғол

империясының құрылуы күллі Кіндік Азия мен Шығыс Европа елдерінің тарихындағы үлкен бір кезеңнің басы болды. Қарастырылып отырған тақырыптың жоғарғы хронологиялық межесі ХҮІІІ ғасырдың басы. ХҮІІІ ғасырдың ортасында көп ғасырлық тарихы бар Отырарда тіршілік тоқтады. Біздің пікірімізше, осы екі меже ортасындағы Отырар тарихын екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең Отырардың монғолдар мен Темірлан империяларының құрамында болу уақыты, яғни ХІІІ-ХҮ ғасырлар аралығы. Екінші кезең ХҮІ ғ.-ХҮІІІ ғасырдың басын қамтиды.

Зерттеудің деректік қор негізін автор басшылық етіп жүргізген Мыңшұңқырдағы қазба материалдары қалады. Төрт жыл бойы жүргізген археологиялық жұмыстарының негізінде шамамен 650 шаршы метр көлемдегі аумақ аршылды, 14 керамика күйдіретін пеш, 7 қосалқы пеш, екі тұрғын-жай шеберхана құрылыстары аршылды. Осымен қатар еңбекте Оңтүстік Қазақстан комплексті археологиялық экспедициясының материалдары, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей қорының коллекциялары пайдаланылды.

Жоғарыда аталған Қазақстан ғалымдарының мақалаларымен қоса Орта Азия керамикасын зерттеушілер И. М. Джаббаров, В. В. Екимова, С. Б. Лунина, М. К. Рахимов, Е. М. Пещерова, Э. В. Сайко, Алтын Орда дәуірі керамикасын зерттеушілер Н. В. Булатов, Л. Л. Полевой, Г. А. Федоров-Давыдовтың еңбектерін кең түрде пайдаландық.

Отырар өңіріндегі археологиялық зерттеулеріміздің ойдағыдай жүруіне көмек беріп жағдай жасаған Шәуілдірдегі Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей директоры Әуелхан Есжановқа, бөлім меңгерушісі Абдулла Жұмашевқа ризалығымыз мол. Сонымен қатар археологиялық қазба жұмыстарына тікелей араласқан Серік Ахметовке, осы басылымдағы барлық сызбаларды жасаған Өсербай Жұмабаевқа, фотосуреттерді түсірген Сейтхан Мамырбековке, қолжазбаны баспаға дайындаған ғылыми қызметкер Гүлжанат Байсариеваға берген көмектеріне алғыс айтуымыз парыз.

I. ТАРАУ

ОТЫРАРДЫҢ КЕРАМИКАЛЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.

I. I. Әуелгі танысу кезеңі.

Отырардың кейінгі ортағасырлық керамика өндірісін зерттеу

тарихы біздің пікірімізше, үш кезеңге бөлінеді. Әуелгі кезең Отырар төбенің археологиялық зерттеу нысанасына айналу уақытынан, яғни ХІХ ғасырдың аяғынан басталып, 1969 жылмен аяқталады. Екінші кезең Отырар археологиялық экспедициясының Отырарда кең түрде қазба жұмыстарын жүргізе бастаған мерзімінен басталып, 1981 жылмен аяқталады. Үшінші кезең 1981 жылдан басталып қазіргі кезге дейінгі уақытты қамтиды.

Отырар қаласының орны археологиялық объекті ретінде ХІХ ғасырдың аяғында ғалымдардың назарына ілікті. Ескі қаланың орнын алғаш рет сипаттап, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген зерттеушілер өз жазбаларында Отырар төбенің үстінде керамиканың сан-алуан түрлерінің мол кездесетінін атап өтіп отырған (Пославский, 1898, с. 238; Черкасов, 1903, с. 73; Кларе, 1904, с. 13). Отырардың әуелгі зерттеушілерінің еңбектерінде ХІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Отырардың керамикалық бұйымдарының алғашқы фотосуреттері жарияланып, ғылыми айналымға еңгізілді. Кейін осы жарияланған аз ғана үлгілердің негізінде Г. А. Пугаченкова (1950, с. 117-118) кейінгі ортағасырлық Отырарда сәндік ыдыстарды өрнектеуде өзіндік тәсілі болғанын айтты. Көп жылдық үзілістен кейін Отырарды зерттеу А. Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедиция мүшелерінің үлесіне тиді. Барлау жұмыстарының барысында Отырардан және Оңтүстік Қазақстанның басқа да кейінгі ортағасырлық жәдігерлерінен жинақталған керамика үлгілері сипатталынып, олар алғаш рет хронологиялық жүйемен топтастырылды (Агеева, 1949, 1950, 1951). Е. И. Агееваның алғашқы мақалаларында жүйеленген керамиканың ішінде "монғол-темірліктер (ХІІІ-ХҮ ғасырлар)", "кейінгі темірліктер (ХҮ-ХҮІ ғасырлар)" деп аталған керамика бөлімдері белгіленді. Ыдыс үлгілерінің сыр-сипатына қарай оларды жасау техникасы мен технологиясы жөнінде алғашқы пікірлер айтылды. Е. И. Агееваның пікірінше, Отырар керамика өндірісінің жеке дара орталығы болды. Отырар керамикасын жүйелеуде Е. И. Агеева оның өңделуіне көп назар аударған. Керамика бұйымдары ыдыс бетіндегі ангоб, сыр, бояу түстеріне қарап іріктелінді. Сонымен қатар ыдыс-аяқтың кесегіне (черепок) қарай оның құрамына да назар аударылған.

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының қорытындылары Е. И. Агеева мен Г. И. Пацевичтің (1958) үлкен зерттеуінде орын алды. Осы еңбектің бір тарауында керамика хронологиялық тұрғыдан жүйеленеді. Кейінгі ортағасырлық (ХІІІ-ХҮ ғасырлардағы) керамика "шығыс қыпшақтық" деп белгіленген. Бұған негіз болған үлгілер ескерткіштерді тұрақты қазу

нәтижесінде емес, барлау үстінде жиналғанын ескергеніміз жөн. Мауараннахр, Жетісу мен Еділ жәдігерлерімен салыстыру арқылы жобаланып белгіленді. Сондықтан XIII-XV ғасырлар керамикасы деп берілген ыдыстардың бір тобы белгіленген кезеңнен кейінгі уақытта жасалғанын археологияның қазіргі деңгейінен айта аламыз. Алайда мұндай кемшіліктерге карамастан бұл зерттеулер Отырардың керамикалық өндірісін танып білуде алғашқы ғылыми негізде жасалған қадамдар деп бағалауымыз керек. Зерттеушілер Отырар өңіріндегі Қоңыр төбе (Күйік Мардан) қала орнынан кумыра күйдіретін пешті аршыды. Оның ішкі құрылысы сипатталынып, жұмыс істеген мерзімі анықталып берілді (Агеева, Пачевич, 1958, с.57-60, рис. 25). Бұл Отырар өңірінде алғаш қазып алынған керамика пеші еді.

Отырардың керамикалық өндірісін танып білудегі кезеңде керамика өнімдерімен әуелгі танысу, оларды ғылыми айналымға енгізу, хронологиялық негізде жүйелеу, ыдыс үлгілерінің сыртқы пішіні арқылы оның жасалу тәсілдері жайлы алғашқы ой-пікір білдірумен шектелді. Сол кездегі археологияда қалыптасқан дәстүр бойынша археологиялық ізденістерде ең алдымен әуелгі ортағасырлық қалалар мен қоныстарды зерттеуге баса назар аударды. XIII ғасырдан кейінгі кезеңдегі жәдігерлерді археологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстары алпысыншы жылдардан бастап қолға алына бастады. Бұл Қазақстан археологиясы үшін тың ізденістердің басында Л. Б. Ерзакович (1966, 1968, 1972) тұрды.

1. 2. Деректік қор жинақтау мен кешенді зерттеулердің басы.

1969 жылдан бастап Отырар төбеде алдымен Отырар археологиялық экспедициясы, кейін Оңтүстік Қазақстан комплексті экспедициясы (екеуінің де басшысы К. Ақышев) қазба жұмыстарын жүргізді. Ең алдымен Отырар төбенің солтүстік бөлігінде жүргізілген стратиграфиялық қазба кейінгі ортағасырлық керамика жөнінде тың деректер берді. Отырар жайлы туңғыш монография жарияланды. Онда алғаш рет стратиграфиялық қабаттармен тығыз байланыста қарастырылған XIII-XVIII ғасырлардағы керамика сипатталды. Отырардың кейінгі ортағасырлық керамикасы: XIII-XIV ғ.ғ., XV-XVI ғ.ғ., XVII-XVIII ғасырлар керамикасы деп топтастырылды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.104-122). XIII-XIV ғасырлардағы Отырардағы сырлы ыдыстардың ерекшеліктері көрсетілді. Мысалы осы кезеңде Орта Азия мен Төменгі Еділ бойындағы сырлы ыдыстардың кесегі көп жағдайда қашин болып келеді. Ал Отырарда қашинды ыдыстар жоқтың қасы. Түрлі-түсті сырды пайдалануда да Отырардың сырлы

ыдыстарының ерекшеліктері атап өтілді. Мысалы, осы кезеңде Орта Азия мен Таяу Шығыста кездеспейтін ою-өрнек гаммалары Оңтүстік Қазақстан қалаларына тән. Кеселердің табандарының пошымдалуының өзгеше екендігі, ал XV-XVI ғасырларда Отырар қабаттарында басқа Орта Азия жәдігерлерінде кездеспейтін көркем нақышталған сырлы тағаралар, түрлі таңба белгілері бар ыдыстардың болуы көрсетілді (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.191-200).

Алайда осы монографияда айтылған кейбір пікірлер мен жорамалдар кейінгі зерттеулердің барысында дәлелденбеді. Төменгі Еділ бойында Алтын Орда кезінде пайда болған қызыл ангобты ыдыстар әуелде Отырарда монғолдарға дейінгі қабатта болған деген жорамал негізсіз болып шықты. XII-XIII ғасырдың басына жатады деп белгіленген керамиканы (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.103-104, рис.63; 2, 6, 7, 13) монғол дәуірінің ыдыс үлгілері екендігін кейінгі зерттеулер көрсетті (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.18-30, 165-175).

Кейінгі Отырардағы кең көлемді археологиялық қазба материалдарын қамтыған монографияларда XVI-XVIII ғасырдың бірінші жартысының керамикасы (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.162-166), XIV-XV ғасырлар керамикасы сипатталды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.160-177).

1974 жылы Отырар төбеде алғаш керамикалық пеш, шеберханалар орны аршылып, жарамсыз бұйымдар мен керамика үстаның құрал-саймандары табылды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1976, с.6-7). Алғашқы кумыра күйдіретін пеш I қазба аумағындағы "А" орамынан табылды. Кейін Отырар төбенің басқа да қазба орындарынан керамикалық шеберханалар мен керамикалық пештер аршылды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1977, с.506, 1981; Акишев, 1977, с.10). Сақталуы әртүрлі болғанымен олар XVI-XVII ғасырларда Отырарда төл керамика өндірісі болғанын куәлайтын негізгі айғақ болып табылады. Осымен қатар Оңтүстік Қазақстан комплексті археологиялық экспедициясы керамикалық пеш сілімдерін оңтүстік өңірінің басқа да кейінгі ортағасырлық жәдігерлерінде тауып керамикалық өндірістің тек Отырармен шектелмейтіндігін көрсетті (Жолдасбаев, 1976, 1977).

Отырардан археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылған, жасалу мерзімі анықталған керамика үлгілерін физика-химия ғылымдарының тәсілдерімен зерттеу жұмыстары қолға алынды. Кейінгі ортағасырлық керамика үлгілерін Т. М. Тепловодская, Э. Ф. Кузнецова спектрлік, оптикалық және

химиялық зерттеу-талдаудан өткізу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл жұмыстар, әсіресе, керамикалық бұйымдарды жасау техникасы мен технологиясы жөнінде тың мағлұматтар берді. Т. М. Тепловодская (1977) сырлы керамикалық өнімдерге қажетті саз әдетте құрамы екі бөлек топырақты қосу арқылы жасалғанын, олар шарық үстінде пошымдалғанын, 900-1200 температурада күйдірілгенін, тағы басқа технологиялық мәселелерді ашып көрсетті. Осымен қатар Отырар, Сауран, Додвен керамика өнімдерінің кесегі, ангобы, сыры, бояуы құрамы жағынан өзара және Орта Азия үлгілерімен салыстырылып, оның нәтижелері жөнінде Э. Ф. Кузнецованың, Т. М. Тепловодскаяның (1978) мақаласы жарияланды. Онда XIII-XIV ғасырларда сілтілі (шелочь) сырдың басым болғандығын көрсетті. Негізінен сыр түрлерін пайдалануда, саз дайындауда екі түрлі топырақ қосу тәсілдері жағынан алып карағанда Отырар өндірісінің Орта Азияның керамикалық орталықтарына жақын екендігі байқалатыны, сонымен қатар жергілікті технологияда шикізат қорына байланысты өзгешеліктер бар екендігі дәлелденді. Осымен бірге ру таңбалары салынған деп жорамалданған ыдыс-аяқтар жеке топтастырылып, жоғарыда аталған тәсілдермен зерттелінді. Олардың Отырардың өзге бір керамикалық өнімдерден айтарлықтай өзгешелігінің жоқ екені көрсетілді (Тепловодская, 1980).

Отырардың XVI-XVIII ғасырлардағы қабаттарын зерттеу қорытындылары "Позднесредневековый Отрар" деген монографияда жарияланды. Онда археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылған барлық керамикалық шеберханалар сипатталып, жаңа деректер жарияланды. Шеберханалардағы керамика өндіру процесін жобалау мақсатында этнографиялық материалдар пайдаланып суреттелді. Шеберханаларда табылған ыдыс-аяқ үлгілерін есепке ала отырып, керамистердің жеке бір өнім шығаруы, бір саламен мамандануы жөніндегі тұжырымдар жасалды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.157-162).

Осымен қатар Отырар керамикасындағы белгілер зерттеушілердің түрлі интерпретацияларына ілікті. Әуелі бұл қыш шеберін, ру тайпасын көрсететін таңба, не болмаса керамикалық шеберхананың қай ру көсемінің иелігінде болғанын көрсететін белгі деп қолөнердің ұйымдасуы жөнінде жорамал айтылды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.200). Кейін С. М. Ақынжанов осы жорамалды тереңдете түсіп, үш жыл бойы Отырар төбеден табылған ыдыстардың таңбаларын қазақтың ру-тайпа таңбаларымен салыстыру жүргізді. Ортақ таңбалардың негізінде

осындай ыдыс шығарған керамикалық шеберханалар жеке руларға, не ру басшыларына бағынышты болуы ықтимал деген ой айтты (Ақынжанов, 1975, с.55). Алайда 1971-1976 жылдары қазу барысында табылған ыдыстардың ішінде Қазақ хандығындағы басты билікті иеленуші Шыңғыс тұқымы болып табылатын хандар мен сұлтандардың белгілерінің жоқтығын тілге тиек етіп, Е. А. Смағұлов ыдыстарға таңба қою құмырашылар арасында ертеден келе жатқан тіл-көзден сактайтын тұмар іспетті белгі деген пікір айтты (Смағұлов, 1979, с.64).

Екінші кезеңде кейінгі ортағасырлық керамикалық өндірісін зерттеуде алғаш рет физика-химия ғылымдарының тәсілдері пайдаланыла бастады, ғылыми айналымға XVI-XVIII ғасырлардың шеберханалары еніп, деректік қор кеңейе түсті, әуелгі талдау, түсіну жұмыстары жүрді.

1.3. Талдау, тұжырымдау кезеңі.

Үшінші кезеңнің басы 1981 жылдан басталады. Ең алдымен кейінгі ортағасырлық керамика өндірісін зерттеуге қажетті XIII-XV ғасырлардың шеберханалары қазыла бастады (Ақынжанов, 1981, с.431). 1981 жылы Алматыда Қазақстан мен Орта Азияның XIII-XVIII ғасырлардың қалалық мәдениеті мәселелеріне арналған үлкен жиын өтті. Онда археологияда пайда болған жаңа зерттеу бағыты ресми түрде мойындалып, бұл саладағы жетістіктер мен кемшіліктер әңгіме арқауы болып, алда тұрған әуелгі міндеттер белгіленді. Жиын қарарында кейінгі ортағасырлық керамика өндірісін зерттеу қажеттілігі баса айтылды (Резолюция совещания, 1983). Онда Отырардың кейінгі ортағасырлық керамикалық өндірісі жөнінде екі баяндама жасалды. К. М. Байпаков (1983) қазу барысында табылған жаңа материалдардың негізінде Отырардың керамикалық өндірісінің тарихын кен хронологиялық диапазонда (XIII-XVIII ғасырлар) қамтылып қарастырылды. Керамикалық шеберханалардың орналасуы, күйдіретін пештерді, өндірістік бөдмелер мен тұрғын-жайларды біртұтас кешен ретінде қарастыру негізінде қолөнердің ұйымдасуы мәселелерін талқылауға жол ашылды. Археологиялық деректердің негізінде құмырашылардың белгілі-бір өнімнің түрін шығаруға бейімделуі, мамандануы, олардың цехтық ұйым болып құрылуы жөнінде дәлелді тұжырымдар жасалды.

Конференция жинағында жарияланған Т. М. Тепловодскаяның (1983) мақаласында керамика жасаудағы XV-XVIII ғасырлардағы технологиялық өзгерістер қарастырылды. Керамика өндірісінің өрлеу мен құлдырау кезеңдері белгіленді. Әсіресе, XIII-XVIII ғасырлардағы керамика өнімдерін жасауда сапасыздық пен

салақтықтың орын алғаны көрсетілді.

Т. М. Тепловодскаяның 1988 жылы жарық көрген мақаласында Отырар керамикасының көп жылдық зерттеу қорытындылары баян етілді. Зерттеуші керамика жасаудағы шикізат қорына тоқталған. Атап айтқанда, құмырашылар пайдаланған саздың, құмының Арыс пен Сырдария бойынан алып отырғанын, ал сырға қажетті қорғасынның Қаратаудың кен орындарында бар екендігін алдымызға тартады. Ал сырлы ыдыстардағы көк бояулы нақыштарды түсіру үшін жат жерден (Самарқанд арқылы) әкелінетін кобальттың пайдаланғандығын көрсетті. Сілтілі (шелочный) сырды жасауда Сырдария мен Арыс өңірінде өсетін шөптердің күлі жарайтындығын дәлелдеп берді (Тепловодская, 1988).

1980 жылдары Отырар рабадындағы "керамистер орамын", зерттеу кен түрде қолға алынып, ХІУ-ХУ ғасырлардағы құмырашылық өндіріс жайлы тың деректер қоры молай түсті. ХІІІ-ХУ ғасырлардағы Отырарға арналған монографиялық зерттеудің К. М. Байпақов жазған тарауларда рабадан он тоғыз пеш орналасқан он үш шеберхана, шахристан бөлігіндегі Ү қазба аумағындағы шеберханалар материалдары жарияланды (Байпақов, 1987, с. 129-159). Осы еңбектің Л. В. Ерзакович жазған бөлігінде ІІІ қазба аумағының керамикалық пештері бар үш шеберхана, мешіт орнында пайда болған "Ф" орамының ішінде ХУІ-ХУІІІ ғасырлардағы керамикалық шеберханалар хақында жаңа деректер берілді (Ерзакович, 1987, с. 45-53; Акишев, Ерзакович, 1987, с. 111-112).

Осы еңбектің қолөнерге арналған тарауында керамикалық өндірістің ХІІІ-ХУ ғасырлардағы даму барысы қарастырылған. Шеберханаларда табылған өнімдерге қарап, әрбір шебер иесінің мамандануы, құмырашылардың әлеуметтік жағдайы, цехтық қурылуы мен шәкірт пен ұстаның арасындағы қарым-қатынастары жайлы К. М. Байпақовтың 1983 жылы жарияланған ойлары шамалы ғана өзгеріспен қайталанады. Қазақстан археологиясы үшін жаңалық болып саналатын ыдыстардың қалыппен жасау технологиясы, сонымен қатар керамист шарығы жөнінде деректер кунды. Археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылған материалдардың негізінде ХІІІ-ХУ ғасырдың бірінші жартысы арасындағы керамика жүйеленіп сипатталады (Байпақов, 1987, с. 160-170).

Отырардың керамикалық өндірісін зерттеп тануда және реконструкция жасауда басқа кейінгі ортағасырлық жәдігерлерде табылған материалдар өте-мөте кунды. Сондықтан Ескі Түркістан

шағарынан табылған ХІХ ғасырға жататын жазуы бар екі ыдыс бөліктерінің жарияланып талдануын атап өткеніміз жөн. Түркістандық ыдыс бетіндегі жазуларда құмырашының есімі, оның керамистер арасында алатын орны, атағы, өнімінің жасалған мерзімі көрсетілген. Осы мағлұматтар зерттеушілерге Түркістан құмырашыларының цехтық ұйымы жайлы, онда аталған ұстаның бірлестікте алатын орны жайлы дәлелді пікір білдіруге мүмкіншілік берді (Смағұлов, Настич, 1987). Технологиялық тұрғыдан алып қарағанда кейінгі Түркістан мен Отырар қалаларының керамикасы біркелкі екендігін және ел аузындағы деректер бойынша Отырар қаласының тұрғындарының Түркістанға көшіп барғандығын ескеретін болсақ, бұл жазуларды Отырар керамистерінің цехтық ұйымын реконструкция жасауға пайдалануға негіз бар.

Кейінгі ортағасырлық керамиканың (негізінен Отырар мен Түркістанның ескі орындарында табылған) ою-өрнектері, олардың мән-мағынасын тарихи-мәдени тұрғыдан зерттеп тану мәселелері Е. А. Смағұловтың "Средневековая керамика Южного Казахстана как источник по истории культуры ХІУ-ХУІІІ в.в." деген кандидаттық диссертациясында қаралды.

1990 жылы жарық көрген "Ортағасырдағы Отырар керамикасы" атты альбомда кейінгі ортағасырлық керамика үлгілері жарияланған бұйымдардың жартысын құрайды. Альбомды құрастырушылар және алғы сөзін жазушылар К. М. Байпақов пен Л. В. Ерзакович керамикалық бұйымдардың ХІІІ-ХУІІІ ғасырларда көркемделуі мен жасалу тәсілдерінің өзгеріп отырғанын әңгіме етеді. Осы басылымның арқасында көпшілік қауым, мамандар алғаш рет керамика үлгілерін түрлі-түсті фотосурет арқылы танып білу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар альбомда кейбір қателіктер жіберілген. Мысалы, 120-шы бетте көк сырлы кесе ХІІ ғасырдың тостағаны деп көрсетілген. Ал оның сыры, өрнегі ХІІІ-ХІУ ғасырларға тән. Альбом тектіндегі айдаһар бейнелі ыдыс Түркістаннан табылған деп қате көрсетілген (с. 27). Бұл ыдыс (?) Отырардың ХУ-ХУІ ғасырларға жататын қабатынан табылған және оны ғылыми айналымға енгізген Е. А. Смағұлов (1987, с. 49) нақ Отырардан шыққанын жазып көрсеткен болатын. 129-шы беттегі кеселерді ХІ-ХІІ ғасырларға жатқызу күмәнді-ақ. Осыларға қарамастан бұл еңбек аса кунды зерттеу болып табылады.

1989-1995 жылдар аралығындағы Мыңшұңқыр керамикалық шеберханаларындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей экспедициясының зерттеу жұмыстарының нәтижелері жартылай жариялана бастады (Ходжаев, 1992 а, 1992 б).

Керамика өндірісінің ескерткіштерін қазу, табылған материалдарды сипаттап жариялау, интерпретациялау жұмыстарымен қатар соңғы кезде археологиялық материалдардың негізінде ортағасырлық үлгіде керамика жасап, эксперимент жасау қолға алынды. Мұндай жұмыстарды Отырар өңірінде қазіргі кезде К. Қарабалалов, ал Түркістанда А. Рысбаев жүргізіп отыр. К. М. Байпақовтың ақыл-кеңестерімен К. Қарабалалов ортағасырлық күйдіретін пеш үлгісін құрып онда Арыс өзені жағасынан алынған саздан жасалған ыдыстарды күйдірді. Осымен қатар осы жолдардың авторының ұсынысымен Мыңшұңқырда табылған қалып үлгілерін пайдалана отырып К. Қарабалалов қалыппен жасалған ыдыстар (штампованная керамика) жасады. К. Қарабалаловтың жүргізген жұмыстары Отырар керамикасын танып білуде жаңа бір бағыт ашады, экспериментті жұмыстардың кейбір нәтижелері "Жібек жолы" журналында жарияланды (Қарабалалов, 1990).

Отырардың керамикалық өндірісіне қатысты әдебиеттерді шолу алдымен осы тақырыпқа қатысты барлық материалдарды жинақтап қарастыруды талап етеді. Қазақ тіліндегі ортағасырлық қалалық археологияға, керамикалық өндіріске қатысты әдебиеттерде ана тіліміздегі ұғым-түсініктер ескерілмей, жасанды, ойдан шығарылған жаңа сөздерге ұрыну, не болмаса орыс тілінен шала-жансар аудару орын алыр келе жатқанын байқауға болады. К. Ақышевтың "Ертедегі ескерткіштер елесі" деген кітабында қазақша "глазурь", "полива" деген сөздер бірде "жылтыр шыны" деп аударылса, ал бірде "глазурь" немесе "бояу" деп алынған (Ақышев, 1976, 83, 84, 114 б.б.). Ал "Ортағасырдағы Отырар керамикасы" атты альбомда К. М. Байпақов пен Л. Б. Ерзаковичтің тексті де қазақша нашар аударылған. "Глазурь, полива" ұғымдарын бірде "жылтыратылған" немесе "жылтыр бояумен сырланған" десе "свинцовая глазурьды" - "балқыған қорғасын түстес қыш бұйымдар" деп ғылыми түсініктен ауытқуға жол берілген. Біздің пікірімізше, ана тілімізде археологиялық терминдер жасауда қолдан жаңа сөздер құрастырудан бұрын археолог-ғалымдармен ақылдасып, қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін, оның диалектілік қорларын, сонымен қатар туысқан түркі халықтарының сөздік қорын пайдалануымыз қажет. Мысалы, керамика өндірісіне қатысты ана тілімізде мынадай сөздер бар: тандыр (ҚТТС, 1985, 584 б.), құмыра, құман (ҚТТС, 1982, 469, 473), көзе, көзел, көзелек, кірпіш (ҚТТС, 1980, 113, 115, 426 б.), кесе, кесе-аяқ (ҚТТС, 1979, 648 б.), пиала, сапал, леген (Нақысбеков, 1982, 85, 87 б.) құм-шөлмек (Нұрмағамбетов, 1985, 76, 140 б.), жам (Сарыбаев,

Нақысбеков, 1989, 57 б.) сөздері кездеседі. Мұндай сөздердің негізінен Қазақстанның оңтүстік аймақтарында сақталуы заңды-ақ. Себебі, осы өңірлерде көне заманнан бастап отырықшы қалалық мәдениет дамыған. Сондықтан осы топтағы сөздерді археология терминологиясына енгізгеніміз жөн болады. Орыс тіліндегі археологиялық әдебиеттегі суфа сөзін сыпа деп алғанды жөн көріп отырмыз. Себебі сыпа балшықтан жасалған жай немесе орын (Сарыбаев, Нақысбеков, 1982, 133 б.; Нақысбеков 1982, 88 б.). Құмыра, қыш күйдіретін пештер Отырар, Түркістан өңірлерінде құмдан деп аталады. Біз де төменде бұл сөзді осы мағынасында пайдаланып отырмыз. "Глазуванная, поливная керамика" деген ұғымдарды сырлы ыдыс деп алдық. Себебі, түрік, өзбек тілдерінде сыр сөзі осы мағынада қолданылады екен (Рахимов, 1961, с.35).

Қазақ тілінің қорынан археологиялық терминдерге сай басқа да балама сөздердің қолданысы жазу барысында түсіндіріліп отырады. Негізі қазақ тілінің қорында керамикалық өндіріске, ирригацияға, дәнді-дақылдарға, сонымен қатар бау-бақша егісіне және мақта шаруашылығына байланысты кәсіби сөздердің болуы, Смагуловтың (1990, 1992) Оңтүстік Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қала халқы түгелімен өзбек халқының құрамына енді, қазақтың арғы тегі тек көшпелі немесе жартылай көшпелі ғана деген біржақты пікірін жоққа шығарады. Қазақ ішінде қалалықтардан тараған рулар хақында 1995 жылғы мақаламызда әңгіме еттік (Ходжаев, 1995, с.33-40).

Отырардың кейінгі ортағасырлық керамикалық өндірісінің зерттелу тарихына шолу жасай отырып Қазақстандық археологияның бұл салада аса ауқымды жұмыс атқарғанын байқаймыз. Бұл тақырыптағы ізденістер әдеттегі керамика өнімдерін сипаттаумен керамикалық өндірістің үлкен бір кезең бойы дамуын қамтитын еңбектер берді. Сонымен бірге керамикалық өндірісті тануда далалық қазба жұмыстарынан бастап, лабораториядағы физика-химия ғалымдарының құрал-саймандарын пайдаланатын тәсілдерді алға тартылды. Осындай көпжылдық зерттеулердің нәтижелері Отырардың ортағасырлық керамика өндірісі жайлы еңбек жазуға мүмкіншілік туғызып отыр. Ғылыми еңбектердегі жаңалықтарды тұжырымдау, оларды бір-бірімен үйлестіру біздің пікірімізше, Отырар керамикалық өндірісінде бірқатар мәселелерін жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді.

II ТАРАУ

ХІІІ-ХУІІІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОТЫРАР ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ.

2. 1. Отырар қалдықтарының жалпы сипаттамасы.

Отырар қаласының орны Арыс өзенінің Сырдарияға қосылар жеріне таяу жатыр. Бұл қазіргі Отырар ауданының орталығы Шәуілдірден солтүстік-батыста, Темір атты темір жол станциясынан батысқа қарай 15 шақырым қашықтықта тұрған Талапты ауылының іргесінде. Отырар төбе деп аталатын үлкен төбе теміржол бойынан да және төрт-бес километр қалғанда автомобиль жолынан да көрінеді. Алып төбе жобада бес бұрышты. Оның оңтүстікке қараған жағы 380 м., оңтүстік-батыстағысы 145 м., батыстағысы 400 м., солтүстік-шығыстағысы 380 м., шығыстағысы 350 м. болып келеді. Төбенің үстіңгі деңгейі оның табанынан орта есеппен алғанда 10-15 м., ең биік жерде 18 м. жоғары. Төбенің жиегі 70-80" тік. Орталық төбенің ауданы 20 га. Оның үстіне көтерілетін үш ойықтау жері бар. Бұлар ескі қақпа орындары. Олардың екеуі қарама-қарсы орналасқан: біреуі оңтүстікте, екіншісі солтүстік-шығыс жақта. Үшінші қақпа төбенің батыс қырының ортасында. Қақпалардан басталған сайлар төбе ортасына қарай көтеріледі. Бұлар бас көше орындары. Төбе айналасында ор орны байқалады. Оның көлденеңі 10-15 м., тереңдігі 2-3 м. Төбе айналасы шамамен 200 га жерді төбе-төмпешік алып жатыр. Бұл - рабад. Оны қоршаған сыртқы қорған іздері батыс, солтүстік, шығыс жақтарда сақталған. Солтүстік-батыстағы қорғанның шеті орталық төбенің солтүстік бұрыштан 520 м. қашықтықта жатыр. Осы жердегі қорған дуалының ені 20-25 м., биіктігі 3-5 м. жал күйінде сақталған. Оның сыртында тереңдігі 2 м., ені 10-15 м. ор орны бар. Шығыста сыртқы қорған орталық төбе шетінен 750 м. қашықтықта жатыр (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.43-50).

Рабаттың оңтүстік бөлігіне таяу жерде жобада сегіз санының пошымына келетін үлкен ойпат бар. Бұл - Отырардың жалпы ауданы 200x500 м. су қоймасының орны. Онда 408.000м³ су жиналатын болған. Жиналған су қыш құбырлар арқылы рабад аймағына тараған. Осындай құбырлардың бір бөлігінің жер асты галерея ішімен су қоймасының солтүстік бұрышынан солтүстік-батысқа қарай жүргізілгені анықталды (Грошев, 1976, с.39-43 ; с.78-84). Галерея-тоннель қам кесектен күмбезделе өрілген, оның едені 2,5-3 м. тереңдікте, ені 2 м., биіктігі 1,5 м. (Акишев, Байпаков,

Ерзакович, 1970, с.398). Оның 28 м. қашықтыққа дейін сақталған бөлігі зерттелді. Су қоймасының қасында екі монша (бірі ХІ-ХІІ ғ.ғ., екіншісі ХІІІ-ХУ ғ.ғ.), су қойманың оңтүстік жағында, орталық төбеден 500 м қашықтықта ХІІІ-ХІУ ғасырлардың қыш өндіріс орындары табылды. Екінші бір кірпіш күйдіретін пеш қалдығы солтүстік рабадта табылды. Осымен қатар оңтүстік қақпа алдында кыр -(құрылыс материалдар) өндірісі және оңтүстік-шығыс рабадта керамистер орамы аршылды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.129-186). Сонымен рабад аумағында жеке тұрған тұрғын үйлер орындары, оман-каналдар іздері байқалады (Ерзакович, 1993, с.93-100). Ал кейінгі ортағасырлық материалдар негізінен орталық төбе аумағында ғана кездеседі. Отырар төбенің ХУІІ ғасырлар қабаты 1/3 аумағында зерттелді. Ал Отырар төбенің стратиграфиялық қазбасы қаланың төменгі мәдени қабаттарының ІУ-УІ ғасырларға жататынын, үстіңгі қабаттары ХУІІІ ғасырмен аяқталғанын көрсетті. Рабад аумағындағы стратиграфиялық қазбалар төменгі қабат Х ғасырға, ал үстіңгі қабатының ХІУ-ХУ ғасырларға жататындығын көрсетті (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.80-85).

2. 2. Монғол әскерінің Отырарды басып алуы.

Кейінгі ортағасырлық Отырар тарихы археологиялық әдебиетте (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.26-43 ; с.9-14 ; 1987, с.211-217) біршама қарастырылған. Алайда қазба жұмыстарының барысында табылған археологиялық материалдар, шығыстану саласындағы жаңалықтар, ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерді тарихи дерек ретінде пайдалану Отырар тарихына қатысты кейбір дәстүрлі көзқарастарды қайта қарап, қала өмірінде болған күрделі оқиғаларды жаңаша баяндауға мүмкіншілік беріп отыр.

Отырар тарихындағы кейінгі ортағасырлық дәуірдің басы парсы тарихшысы Джувайнидің "Әлемді жаулап алушының тарихы" деген еңбегінде кең түрді әңгіме етіледі. Бұл жағдаяттар "Отырар ойраны" деген оқиғамен көпшілікке мәлім және тарихи оқулықтарға, көп томды "Қазақ ССР тарихының" екінші томына және басқа да зерттеулерге енген-ді. Алайда Отырардан табылған нумизматикалық материалдарды талдаған Р. З. Бурнашева (1986, с.33), Отырарда ширек ғасыр уақыт археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Л.Б. Ерзакович (1992, с.179) соңғы зерттеулерінде парсы тарихшысының Отырарды монғолдардың жермен-жексен етуі жөніндегі пікірге дәйекті түрде күмән келтірді. Расында да, Оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедициясы Джувайниде "монғолдар бас камал

мен қорғанын іргесіне дейін қулатты" деп сипатталған қорған-бекіністердің жақсы сақталғанын анықтады. Жазба дерек хабары мен археологиялық материалдардың арасындағы кайшылықтың шешімін біз М. Х. Әбусейтованың (1975, с.107-112) "Отырар ойраны" жайлы Джувайни" деп аталатын макаласындағы мағлұматтармен танысқан соң ғана таптық. М. Х. Әбусейтованың зерттеуі әдетте археологтар мен тарихшылар пайдаланып жүрген Джувайнидің Дж. Бойль жасаған аударма нақ ғылыми негізде жасалған тәржімадан гөрі назирашылық баяндау екенін көрсетті. Расында Дж. Бойль мен М. Х. Әбусейтованың Джувайнидің "Отырар ойраны" жайлы аудармаларын салыстырып көргенімізде қазақстандық шығыстанушы тәржімасында монғолдардың Отырар қорғандарын жермен-жексен еткені жөніндегі хабарды кезінде алмадық. Ал бұл екі аударма да Мырза Мұхаммед Қазвини 1912-1937 жылдары бастырған бір текстінен жасалған. Ісін Джувайнидің төл тексінде Отырардың камал-қорғандары іргесіне дейін бұзылды деген хабар жоқ.

Отырарда 1219 жылы болған оқиғалар жөніндегі археологиялық деректердің мағлұматтарына назар аударайық. 1969 жылы Отырардың стратиграфиялық қазба орнында XII-XIII ғасырлардың басына жататын қабаттарда өрт, не болмаса бұзып, жермен-жексен ету іздері байқалмайды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.83). III қазба аумағында, V горизонт қабатындағы 2 еденде өрт іздері бар және оны Л. В. Ерзакович Отырарды 1219 жылы монғолдардың басып алуымен байланыстырды (Ерзакович, 1987, с.13, 19). Осымен қатар археологиялық зерттеулер Отырар халқының жоғарыда айтылған өрттен кейін аз ғана уақыт өтісімен қала ішіне, өз үйлеріне қайта оралғанын көрсетеді (Ерзакович, 1992, с.179). Отырар жермен-жексен етілген жағдайда және оның тұрғындары түгелімен өлтірілгенде мұндай іздер болмас еді.

Отырардағы 1219 жылғы оқиғаларды қалпына келтіруде жазба деректердің Сырдарияның ортаңғы мен төменгі ағысындағы қалаларды жаулап алушыларға көрсеткен қарсылығы жөніндегі хабарларға назар аударайық. Сығанақ пен Ашнас қалалары тұрғындарының өз шаһарларын монғолдардан қорғауға тікелей қатысқаны айтылады. Деректерде оларды қара халық деп тікелей атап отырады (История Каз. ССР, 1979, с.118-119; Кляшторный, Султанов, 1992, с.178). Ал Отырарға келсек, деректер тек әскери адамдардың қимылын ғана суреттеп, қарапайым халықтың қала қорғаудағы іс-әрекеті жөнінде ауыз ашпайды. Джувайнидің хабары бойынша хорезмшах көмекке жіберген арнайы әскерді қосқанда Қайырханда 60 мыңдық әскери горнизон болды. Нисавидің

деректерінде 30 мың (Ахинжанов, 1984, с.54). Және де әскердің бір бөлігі қаланы тастап шығысымен-ақ монғолдар қалаға енеді. Ал қала халқының Ашнас пен Сығанақтағыдай қарсы іс-әрекеті жөнінде хабар жоқ. Мұны ташкенттік Рақым қожа әңгімесі растайды; "Шыңғыс хан әскерлерімен келген уақытта Отырардың өзінде тұрған бұқара адамдарынан басқа алпыс мың әскер бар екен" (Дала уалаяты газеті, 1989, 232 б.) Хабардың түпнұсқасында "при осаде Отрара Чингиз ханом, войска были разбиты, а население разбежалось" делінеді. Джувайнидің жазбасында қақпа ашылған соң монғолдар қала халқын қойдай айдап, сыртқа шығарып, шаһар ішін тонауға кіріседі. "И всех развратников и праведников Отрара, из облачающихся в покрывало и носящих кулах и чалму, выгнали из города наружу как стадо баранов и разрабили все, что было из тканей и товаров" (Әбусейтова, 1975, с.111). Монғолдарға ішкі қорғанда қарсылықты тек Қайырхан мен оның сарбаздары, қызметшілері көрсетті.

Отырардың монғол шапқыншылығына дейінгі тарихына зер салсақ, мұндай жағдайға негіз бар екеніне көз жеткізуге болады. XII ғасырдың екінші жартысы - XIII ғасырдың басында Отырар Қарахан әулеті билік құрған Орталық Азиядағы дербес хандықтарының бірі болды. Кейбір зерттеушілер бұл кезде Отырар (Параб) құрамына Тараз өңірі де кірген деп санайды (Кочнев, 1983, с.116-118). Бұл кезде Отырар қаласы ірі экономикалық, сауда орталығы болып, төл теңгелерін шығарды. Таяуда ғана З. Жандарбеков тауып, ғылыми айналымға енгізген Сафи ад-дин Орын Қойлақының "Насаб-намасында": "Қылыч Арслан хан Отрарда келіп 40 йыл падышалық қылды. Аның оғлы Исмайыл хан. Аның оғлы - Илийас хан. Аның оғлы - Ахмад хан. Аның оғлы - Санжар хан. Аның оғлы - Хасан хан. Аның оғлы - Мұхаммад хан, лақабы Білге хан ерді. Аның оғлы - Далбек хан. Аның оғлы - Абд ал Халық хан. Жұмласы Отырарда турур ерділар", деп Отырарда билік құрған қарахандықтар өкілдерін тізіп өтеді. Отырардың дербестігінен, жеке дара хандық дәрежесінен айрылуы Қойлақы шежіресінде былай әңгімеленеді: "Ургенч сұлтаны Мұхаммад сұлтан келді. Білге ханны өлтүрді. Анда кедін Отрарда Қайырханны хан қылдылар. Білге ханны нәсілі кесілді. Қайырханның наслы қаңлы ерді". В. В. Бартольд мағлұматтарына сүйенсек Хорезм билеушісі Отырарды күшпен өз мемлекетінің құрамына қосқан. Отырарда Мұхаммад б. Текеш өз атынан теңге соқтырды (Давидович, 1977, с.126-127) Отырар билеушісімен қатар қаланың бір топ адамдары өлтірілгені жөнінде В. В. Бартольдтың мына хабарынан аңғаруға болады: "Отырар қаласы басып алынбай

турып-ақ жергілікті өкімет өкілдері Бедр ад-дин, Сафи Акра Шыңғыс хан тарапына өтті. Соңғысының әкесі мен нағашысы қазылық міндеттерін атқарған болатын және Отырарды султан жаулап алғанда өлтірілді. Шыңғыс хан Бедр ад-диннен мемлекеттегі саяси хал-ахуал жөнінде толық мағлұмат алды" (Бартольд, 1963, т. 1, с.474-476). Отырарлықтардың өз елін күштеп Хорезмге қосқан султанның гөрі Шыңғысты қолдағанын монғол билеушісінің хорезмшахқа жіберген елшілер арасында Отырари деген ныспысы бар бірнеше адам болғанынан байқаймыз. Деректердің жиынтығы Қайырхан мен оның әскерінің ерлігіне шүбә келтірмей, Отырар халқының қарсылық көрсетуіне, қаланы монғолдардың жаулап алу жағдайына дәстүрлі көзқарасты өзгертуді талап етеді. Қорыта айтқанда, 1210 жылы хорезмшах мемлекетіне күштеп қосылған отырарлықтар султан жауларын өз жауымыз деп танымаған. Отырарда монғолдарға қарсы соғысқан Қайырхан мен оған көмекке жіберілген хорезмшах әскері болды. Монғолдар қалаға енген соң, ол әдеттегідей тоналды. Алайда бұрын айтылғандай, Отырар жермен-жексен етілмеді. Археологиялық деректер қала халқының бір бөлігінің қала ішіндегі үйлеріне оралғанын көрсетеді. Джувайинидің айтуынша монғолдар Отырар халқының бір бөлігін хашарға, яғни қосалқы әскер қатарына қосып, Орта Азияның қалаларын жаулап алуға қатыстырды. Сонымен қатар қолөнершілерді бөліп алып, олардың өнерін пайдаланды. Бірақ Отырар қаласы жермен-жексен етілді және қала орнында тіршілік болмады деуге негіз жоқ. Бұған қаланың таяу арада ірі орталыққа айналуы айғақ.

2.3 Отырар монғол және Темірлан империяларының құрамында.

Монғол империясының бір қаласы ретінде Отырардың бұл кездегі тарихы аса күрделі болды. Бір жағынан Отырар аса ыңғайлы стратегиялық нүктеде орналасты. Шыңғыс ханның Орта Азияны жаулап алуының барысында Қызылқұм арқылы Бұқараға ашылған төте жол "Хан жолы" Отырар арқылы өтті. XIII ғасырдың екінші жартысында Монғолиядан қайтқан армян патшасы Хетум өз жазбаларында Отырарды атап өтеді (Киракос, 1976, с.224). Көшпелі отырықшы өркениеттер тоғысқан жерде орналасқан Отырар саяси орталық ретінде тиімді болды. Б. Залескиидің (1991, 12 б.) ел аузындағы аңыз-әңгімелерді баян ететін кітабында: "Шыңғысхан дала төсіндегі Отырарды өзінің уақытша астанасы етті" делінеді. Отырар айналасында Жошы тұқымының ордасы болды деуге Отырар ауданындағы Көксаарай, Хантоғай жер атаулары толық

негіз береді. Жазба деректерде Жошының ұлы Орда Еженнің саяси орталығы XIII ғасырды екінші жартысында Сырдарияның орта ағысына, Үзгент пен Жент қалаларының арасына ауысты делінеді (Кляшторный, Султанов, 1992, с.196).

Нумизматикалық деректер Отырар қаласының ірі саяси, әрі экономикалық орталыққа айнала бастағанын қоштайды. 1251 жылдан бастап Отырар алтын теңге соқты. 1251-1266 жылдар аралығында жыл сайын Отырарда күмістелген мыс және фельстер шығарылды (Бурнашева, 1986, с.33-34; Настич, 1989, с.65).

В. В. Бартольдтың көрсетуінше, Отырардың Европандан Қытайға баратын жолдағы Орта Азияның ең ірі сауда қаласы болды. Отырарды иелену үшін монғол билеушілері арасында үлкен талас туады. XIII ғасырдың екінші жартысында Орта Азияны өзіне қаратқан Шағатайдың немересі Алғуей үлкен әскер жинап, Берке ұлысындағы Отырарды басып алып тонайды. Бұл оқиға В. В. Бартольдтың (1968, с.149) айтуынша, 1266 жылға дейін болуы тиіс. Е. И. Агеева, Г. И. Пацевичтің (1958, с.82) пікірінше, Алғуей әскері 1264 жылы қаланы иеленеді. Отырар маңынан 1974 жылы табылған үлкен көмбе де бұл оқиғаның XIII ғасырдың алпысыншы жылдары болғанын көрсеткендей. Көмбелер жаугершілік кезінде тығылатынын ескеретін болсақ, жазба хабарды археологиялық мағлұматтар қоштап тұрғандай. Археологиялық деректер монғол шапқыншылығынан кейін Отырар халқының аз ғана уақыт шахристан ішінде тұрып, ал кейіннен қала рабадында және оның айналасындағы жерлерді мекен еткенін көрсетеді. В. А. Грошевтің зерттеулері XIII-XIV ғасырларда Қаракөңшік деп аталатын оман-арық (канал) салынып, Отырар айналасы сумен қамтамасыз етілгенін көрсетеді. Оның ұзындығы 30 км. Оманның басталар жеріндегі ені 15 м., екі жағындағы үйілген топырағының ені 2,5 м. екен. Ол Отырардың су қоймасының жанынан өтіп, Құйрық төбе арқылы өтіп, Сырдарияға барып құйылған. Құйрықтөбенің қасында үлкен егістік аймақтар болған. Олардың үлкендерінің аудандары 50 x 50, 50 x 75 м., кішілерінің 6 x 12, 10 x 12, 12 x 15 м. болып келеді. XIII ғасырдың ортасында Отырар су қоймасының екінші бөлігі іске қосылды. X-XIII ғасырларда қызмет еткен солтүстік бөлігіне қоса жаңа ойпат жасалды. Оның аумағы 282 600 м³ болды. Енді солтүстік пен оңтүстік бөліктері қосылған соң Отырар су қоймасына 408.000 м³ су сиятын болды (Грошев, 1985, с.54-56, 80-85). Құйрық пен Алтын төбенің арасында, оман бойы ені 0,5 км. жерде XIII-XIV ғасырлардың үй-шаруашылықтары (усадьбалар) пайда болды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.152-15).

Біздің анықтауымызша, екінші бір оман-арық Шошқа көлден шығарылып, Қоңыртөбе(Мардан Күйік) қасына дейін әкелінген. Нақтырақ айтсақ, Қоңыртөбеден солтүстік-шығыс бағытта екі-үш километр жерде оман-арықтың аяғы сақталған. Канал айналасындағы төмпешіктерде XIII-XIV ғасырларға жататын керамика көптеп кездеседі. Осы жерде қолөнершілердің (жер бетіндегі қалдықтарға қарағанда керамика және шиша өндірістерінің іздері (брак) кездеседі) шеберханалары топтасқан. Қоңыртөбенің шығыс бөлігінде XIII-XIV ғасырларға жататын керамикалық пеш тазаланған(Агеева, Пацевич, 1958, с.58 ;Байпаков, Подушкин, 1989, с.70).

XIII-XIV ғасырлардың ескерткіштер қатарына біздің пікірімізше, Байілдірдегі төбешіктер жатады. Осы жәдігерлердің бірінде археологиялық қазба жұмыстарын С. Ж. Жолдасбаев жүргізген(1980, с.172-182). Даныбай төбені қазу барысында жалпы ауданы 19 x 19 м. жиырма бөлмеден тұратын құрылыс аршылды. Ол кірпіштен соғылған(35x35x5см.). Сыртқы қабырғасының қалыңдығы 110 см. С. Жолдасбаевтың пікірінше, бұл XIV-XV ғасыр мешіті. Алайда 7,- 10,- 11, бөлмелерде ошақ, 14-бөлмеде ташнау, 13-бөлмеде қамба орындарының болуы сырлы және сырсыз ыдыс бөліктерінің, сүйектердің табылуы қазба жүргізушінің тұжырымын теріске шығарады. Жарияланған сырлы керамика үлгілері(5 сурет), олардың текстегі сипаттамалары бұлардың XIII-XIV ғасырдың бірінші жартысына жататындығын көрсетіп тұр. Археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылған керамикаға сыр астындағы қызыл, қоңыр ангоб тән. Суретте берілген кесе үлгілерінің қабырғалары конус тәрізді. Бұлар әуелгі монғол дәуірінің керамикасына жатады(Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с.108-110). Біздің пікірімізше, бұл сол кездегі жоғары дәрежелі мәртебе иесінің үйі.

XIII ғасырдың екінші жартысында ауданы 13;5x16,5 м. тоғыз бөлмелі монша салынады. Ол киім шешетін ауыз бөлмеден (1), жобада сегіз қырлы массаж жасайтын залдан(3) жуынатын бөлмелерден(5,6,7,) ыстық пен суық су қоймалары бар бөлмеден(10), демалатын бөлмеден(9) тұрады. Соңғы бөлменің ортасында диаметрі 1,8 м. хауыз орналасыпты. Кейбір бөлмелердің едені сырлы қышпен төселіп өрнектелген. Моншаға су жер асты жолындағы құбырмен ағып келген(Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 112-120).

Отырарда қыш күйдіретін пештер XIII ғасырдың екінші жартысында салынып, XIV ғасырдың бірінші жартысы бойы өз қызметін атқарған. Сонымен қатар Құйрық төбе маңындағы оман-

арықтардың бойындағы темір бұйымдар жасайтын ұстаханалар мен керамикалық шеберханалар болыпты(Акишев, Байпаков, Ерзакович, с. 96-97, 122, 178, 187-193).

Осы кезеңге жататын үй үлгілері сан-алуан десе де болады. Алайда негізінен қазіргі белгілі үй түрлері өндірістік шеберханалардың бір бөлігі екенін ескергеніміз жөн. Қазылып зерттелген жеке тұрғын үйлер санаулы ғана. Солардың бірін Ерзакович(1993, с. 93-100) қазып жария етті. Оның ауданы 16,20x15,70 м., сегіз бөлмеден тұрады, екі қабатты болған. Оны тұрғын-жай, мейманхана, астық сақтайтын қамбалары бар түнекхана қызметтерін атқарған деп бөлмелерін бөлуге болады.

Археологиялық деректер XIII ғасырдың аяғында, не XIV ғасырдың басында қала қорғанының жөндеуден өткенін көрсетті.

Шахристанның оңтүстік бөлігінде(XIV-XV ғғ. мешітінің михрабына таяу) Л. Б. Ерзакович салған стратиграфиялық шурф қорған дуалын біршама кесті. Осыған қарамастан дуал құрылымы жөнінде күнделі мағлұмат алынды. Дуал негізін 40x20x10см кесектен қаланған қарахандық дәуірге жататын қабырға құрайды. Қазылған жерде оның биіктігі 6 м, (шурф материкке жетпеген!) төменде ені 4 м., қабырға ұшына қарай 1 м-ге дейін тарылады. Монғолдар кезінде ол сырт жақтан тағы бір метрдей етіп қалыңдатылған. Қорғанның ішкі жағында дуал бойы ені екі бөлмедей үйлер бой көтереді. Л. Б. Ерзаковичтің(1992, с. 180) пікірінше, мұнда Отырар қаласының әскери горнизоны орналасқан. Осы үйлердің ішінде ірі жиһаздарға бай, құрылысы ерекше тамдар кездескен. Мұнда әскербасылар тұрған деген жорамал айтылууда.

Монғол ұлыстарында шешуші қызметтерге ие болған адамдардың ішінде отырарлықтар да болған. Мысалы, Отырардан шыққан Қутб ад-дин Хабаш амид Шағатайдың уәзірі болды. Оның ықпалының каншалықты дәрежеде күшті болғандығын ең жоғарғы дәрежелі әулеттердің онымен туыскандық байланыс жасауға әрекеттенуінен-ақ аңғаруымызға болады(Бартольд, 1963, с. 540). Шағатайдың әрбір баласына жолдас етіп Хабаш Амидтің бір ұлы бекітіліпті(Бартольд, 1969, с. 544). Мауараннахр билеушісі Тармашириннің отырарлық шайқы Хусан ад-диннің кез-келген сөзін назардан тыс қалдырмай орындап отырғандығы жөнінде Ибн Баттутаның жазбаларында айтылады. (Ибрагимов, 1988, с. 86).

Ірі экономикалық орталық ретінде Отырарды иелену үшін шағатайлықтармен Жошы тұқымының арасында күрес үзілмеді. XIV ғасырдың екінші онжылдығында қала жошылықтардың ұлысына қайта қарады. "Ескендір анонимі" деп аталатын деректе Отырар,

Сауран Жент пен Баршынкент қалаларындағы медресе-мешіттердің басым бөлігін Ерзен хан салдырды деген хабар кездеседі (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с. 37). Отырарда 1271 жылдан бастап ХІҮ ғасырдың басына дейін салмағы екі грамдық күміс дирхемдер, мыс фельстер шығарылды (Настич, 1989, с. 65).

Отырар қаласының - Тармаширин (1326-1334ж.ж.), Джонкши (1334-1338ж.ж.), Есун Тимур (1338-1340) 41ж.ж.), Баянкули (1348-1358ж.ж.) деген билеушілерінің есімдері жазылған 8 грамдық күміс динарлар, динар салмағының алтыдан бірін құрайтын күміс дирхемдер, мыс фельстер соғылды (Бурнашева, 1986, с. 36, Настич, 1989, с. 64-65). Бұлар Отырардың шағатайлықтар қолында болғанын көрсетеді.

ХІҮ ғасырдың үшінші ширегінде Отырар Ақ Ордалық жошылық хандардың иелігіне қайта өтеді. Отырар қабаттарында Сарай әл-Джабидте, Хорезмде, Сығанақта соғылған теңгелер жиі ұшырасады (Бурнашева, 1986, с. 36).

Отырар бұл кезде ірі сауда орталығы болып қала береді. ХІҮ ғасырдағы сауда жөнінде бас дерек болып саналатын итальяндық Пеголеттидің "Сауда практикасында" Алтын Ордадан Қытайға өтетін жол сипатталады: "Танадан (Азов) Джутарханға (Астрахань) дейін өгіз жегілген арбамен 25 күн, ат жегілген арбамен 12 күн. Джутарханнан Сарайға дейін өзен арқылы бір күндік жол. Сарайдан Сарайшыққа дейін тағы да өзенмен 8 күн... Сарайшықтан Үргенішке дейін түйемен 12 күн, бұл мол товарлары бар адамдар үшін дұрысырақ, себебі товарды жылдам сатуға болады. Үргеніштен Отырарға дейін түйемен 35-40 күндік жол... Отырардан Алмалыққа дейін есектерге артылған жүктермен 45 күнде жетуге болады және жолдың бұл бөлігінде күн сайын әрбір аялдамада әскери күзетшілер күтіп алады" (Есмағамбетов, 1979, 66-67б.).

Отырардың сауда байланыстарының бағыттары зерттеулерде біршама қарастырылған (Байпаков, Настич, 1981, с. 20-60; Смагулов, 1986, с. 47-50). Бұларға қоса Отырар төбе үстінен кездейсоқ және қазба барысында табылған шетелдік бұйымдарды зерттеу қаланың сауда-саттық байланыстары жөніндегі түсініктерімізді кеңейте түскендей. 1988 жылы Ү қазба орнында пішіні жарты сфера үлгісінде, табаны жүзік тәрізді кесе бөлігі табылды. Оның ақшыл жасыл сыр астында сызбаланған өрнегі бар. Нақыш ортасында жапырақты лотос гүлі, оның айналасында жапырақты бұтақтар салынған. Табанындағы сырсыз кесектің түсі қоңыр. Бұл белгілер Қытай еліндегі Луньцюань (Чжэцзен өлкесі)

шеберханаларының бұйымдарына тән. Европалық әдебиетте мұндай ыдыстарды әдетте "селадон" дейді. Қытай фарфорына арналған зерттеулерге сүйенсек, мұндай ыдыстар монғол-темірліктер кезеңіне тән болған (Арапова, 1977, с. 20-21). ХІҮ-ХҮ ғасырлар қабаттарын кесіп өткен ІІІ қазба орнында қытай фарфорының төрт бөлігі табылды. Олардың да нақыштары, сырларының түсі әр түрлі болғанымен Луньцюань шеберханаларында жасалғаны байқалады.

Отырарда табылған Қытай фарфорларының ішінен кесегі ақ, сыры сары тарелка бөлігіне назар аударайық. Ыдыс қабырғасы өте жұқа - 2-3 мм. Ыдыс бөлігінің бетінде ирелендеген айдаһар денесінің бір бөлігі мен аяғы анық байқалады. Эрмитаждағы Қытай фарфоры жөніндегі Т. Б. Арапованың зерттеуінде (Арапова Т. Б. Китайский фарфор в собрании Эрмитажа) екі жағы да сары сырмен қапталған ыдыс аталмайды. Қытай тарихы жөніндегі әдебиеттерде сары түс тек Қытай императорларына арналған ыдыстарда, бұйымдар мен киімдерде ғана қолданылғаны айтылады. Императорлық әулеттен басқа бірде-бір адам осындай түсті затты қолдануға хұқы жоқ болған. Сонымен қатар император бұйымдарына айдаһар бейнесі салыныпты. Бұл дла Қытай билеушісінің төл таңбасы еді. Осы белгілер Отырарда табылған тарелканың императордікі екенін айғақтап тұр. Мұндай ыдыстарды сыртқа сатуға немесе сыйлауға болмайтыны хақ. Сонда Қытай билеушісінің бұл бұйымы Отырарға қалай келген? Әзірге бұл жұмбақ болып отыр.

Сауда-саттықтың екінші бір бағыты Иран, Таяу Шығыс болды. ІІІ қазба орнында люстрлық ыдыс бөлігі табылды. Кашин кесекті кесенің бір беті қою көк, ал екінші жағы ақ сырмен қапталған. Ақ сырдың бетіне жасыл люстрмен қыздың бет-әлпеті салынған.

Отырардың оңтүстік-шығыс бұрышында жиегінің диаметрі 40 см. кашин кесекті леген қазып алынды. Оның бетінде кобальт бояуымен гүл және шөп арасындағы қаздар бейнеленген. Бұл қытай ыдыстарына еліктеуден туған ирандық бұйым. Ол ХІҮ ғасырдың өнімі (Ходжаев, 1994, с. 66-70).

Археологиялық қазбалар ХІҮ ғасырдың екінші жартысында Отырардың өртенгенін көрсетеді. Бұны біз камал бойындағы үйлердегі өрт іздерінен байқаймыз. Бұл өрттің іздері рабадтағы құрылыстарда да бар (Ерзакович, 1992, с. 180). Бұл өрт дәл мына оқиғалармен байланысты деп дөп басып айтуға қазірше негіз болмай тұр, алайда осы мезгілде Темірдің Отырарды Ақ Орда хандарынан тартып алып, өзіне қаратқаны мәлім. 1376 жылы Темірлай Сырдария бойындағы біртоп қалаларды, олардың ішінде

Отырарды өзіне паналап келген Токтамысқа береді (Бартольд, 1968, с. 564). Отырар Орыс хан мен Темір, Токтамыс арасында ұзаққа созылған соғыстардың барысында өртенген болса керек.

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың екінші жартысында Отырар Әмір Темір мен темірліктер мемлекетінің құрамында ірі стратегиялық, әрі экономикалық орталық болып қала береді. Қаланың әскери маңызын мына хабарлар аңғартып тұр. 1377 ж. Темір әскерімен Орысханға аттанып, Отырарда тұрақтайды. Қарсы шыққан Орысханның әскері Сығанакқа жеткен екен. Қалың қар мен қатты аяздың арасында қалған екі әскер осы қалаларда үш ай тұрып қалыпты (Ақишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с. 38). 1391 жылы Токтамыспен болған шайқастан соң, Темір Отырар арқылы Самарқанға оралыпты. Жазба деректердің қысқа хабарларын археология толықтырып отыр. Археологиялық зерттеулер XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырда шабар қамалының қайта жөндеуден өткендігін көрсетіп тұр. Бұрынғы қорған дуалы тағы да бір жарым метрдей қалыңдатылған. Қала айналасындағы егістікті, халықты сумен қамтамасыз ету мақсатында Арыс өзенінен Темір арық деп аталатын су жүйесі тартылды. Бас оманың ұзындығы 40 км-ден асады, оман арнасының ені 20 м. Осы арық жүйесінің негізінде бұрын пайдаланып келген жерлерге қоса тың жерлер игерілді (Грошев, 1985, с. 59-62). Темір арық жүйесіндегі омандарды қазу үшін бір жарым, екі мыңдай адам бір жыл, яғни он екі ай бойы үзбей жер қазу жұмыстарымен айналысуы қажет болыпты (Грошев, 1978, с. 150). Халықтың негізгі бөлігі бұл кезде де оман айналасындағы алқаптарда тұрды. Құйрық төбенің қасындағы теміршілер ұстаханалары осы кезеңде де өз жұмысын тоқтатпады. Олар суранысқа қарай шаруаларға қажетті кетпен, күрек, шот, тағы да басқа заттарды, әскерге қажет қару-жарақ пен сауыт жасады.

Отырар төбенің оңтүстік бұрышынан оңтүстікке қарай 200 м. жерде сәулетті құрылыстар салуға аса қажетті құрылыс материал - кыр (алебастр, ганч) жасайтын өндіріс орны аршылып зерттелді. Бұл орындар XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші жартысында жұмыс істепті (Ақишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 184-186). Отырар моншасы бұл мезгілде кеңейтіліп, екінші бөлме еденіне сырлы қыш төселген.

Тұрғын-үйлердің көлемі шағын, 40-60 шаршы м. болған. Екі-үш бөлмелі үйлер әлі де көп. Бұлар әдетте қолөнершілердің баспаналары. Бұл кезеңде жоғарыда әңгіме етілген екі қабатты үйде тіршілік тоқтаған жоқ. Онда түрлі өңдеу-жөндеу жұмыстары

жүріпті. (Ерзакович, 1993, с. 93-100). Негізінен мұндай жеке-дара шарбақты үйлердің Отырар айналасында көп болғандығын "Ескендір анонимі" деп аталған тарихи деректен байқауға болады. Онда Темір мен Орысханның арасындағы соғыс кезінде Темір бір әскери қолбасшысын арнайы Отырарға тұтқын әкелуге жібергені жайлы және Темір жансыздарының Отырар төңірегіндегі бау-бақша ішіндегі үйлерде тығылып, қарсыластарын тосып тұрғаны жайлы айтылады (Ақишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с. 50).

Отырардың бұл кезеңде өркендеуін алдымен оның Темір империясының құрамында болуымен байланыстыруға болады. Әмір Темір өз саясатында осы өңірдің көшпелі және отырықшы халқына арқа сүйеуді көздеп, XII ғасырда салынған Қожа Ахмет Иасауи мазарының орнына алып кесене тұрғыза бастайды. Өзінің бұл әрекетімен ол М. Е. Массонның айтуынша (1930, с. 4), Сырдария бойындағы көшпелілерді өз жағына тартуды, олардың қолдауына ие болуды мақсат еткен. Міне, осы кезде Отырар маңындағы Арыстанбаб кесенесі қайта көтеріледі. Осыған орай халық арасында кең тараған мына аңызға назар аударған жөн: "Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні жасыл алып өгіз көтерілген дуалдарды мүйізімен соғып, құлатады. Гимарат қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда бұл оқиға қайталанатын да, бәрі үйілген төбеге айналады. Бұл жай Әмір Темірді көп ойландырады. Түсінде бір шал келіп аян береді, ол Қожа Ахметтің ең алғашқы ұстазы, Арыстанбаб моласының үстіне мазар көтеруге әмір еткенін жеткізеді. Бұл талап орындалған соң ғана Әмір Темір Түркістандағы құрылысын ойдағыдай аяқтайды".

Әмір Темір кезінде жүргізілген жұмыстардың көзі ретінде Гимараттың мешіт бөлігіндегі екі ағаш ұстындарды айтуға болады. Қарағаштан шабылған тіреулердің табаны сегіз қырлы, орта белінен бастап кеңейе түседі. Олардың бас жағы, мойны жұлдызша, төркөз тәрізді өрнектермен безендірілген. Ұстындарды зерттеген В. Л. Воронинаның пікірінше, дәл мұндай пішінді тіреулер Қазақстанның, не Орта Азияның басқа бірде-бір ескерткішінде жоқ. Аты белгісіз отырарлық шебердің қолынан сомдалған ұстындар XIV ғасырдың аяғында, не XV ғасырдың басында жасалыпты. Олардың бетіндегі оюлар К. Ақышев, Е. И. Агееваның пікірінше, қазақтың дәстүрлі нақыштарына сай келеді. М. Сәмбин бұл ұстын өрнектерінің Орталық Қазақстандағы Аяққамыр мавзолейіндегі оюлы қыштарда қайталанатындығына назар аударады.

Сыр бойындағы көшпелілер Темір империясына қауіп төндіріп отырды. Мысалы, 1376 жылдың көктемінде Темірлан Сары Бұғы қыпшақты, Әлі Шах жалайырды 30 мың атты әскермен Моғолстан билеушісі Қамар ад-динге қарсы аттандырады. Алайда олар Темірдің Хорезмге кеткенін пайдаланып, өздеріне қарасты қыпшақ пен жалайырды қосып Самарқанды басып алуға әрекет жасайды (Пищулина, 1977, с. 66-67).

Осы жағдаяттарға қарамастан Темір Сары Бұғы қыпшақтың ұлдарын өзіне тарта білді. Сары Бұғы қыпшақтың ұлы Шейх Нур ад-дин Темірдің бас қолбасшыларының бірі болды. Сары Бұғының екінші баласы Бердібек Отырарда әкім еді. Бұл әулеттің Сырдарияның орта ағысы өңірінің төл перзенттері екенін Бабырнамадан аңғарамыз. Онда "Темірдің рақымы түскен түркістандық (астын сызған біз - М. Қ) қыпшақ бегі Шейх Нур ад-дин" делінеді (Бабыр, 1990, 226.).

Деректердегі жазбаларға сүйене отырып, Отырар әкімі Бердібектің сарайын елестетуге болады. Бұл сарайдың бөлмелері көп болған. Себебі Шараф ад-дин Иезидидің көрсетуінше, 1405 жылғы Темірдің жорығына бірге аттанған бір топ шахзадalar мен әмірлер, басқа да жоғары атақ иелері осы бөлмелерге бір-бірден жайғасқан екен. Бұл сарайдың қабылдау бөлмесі болған, оны Л. А. Зимин приемный зал деп аударыпты. Осы бөлмеде Темір Тоқтамыстан келген елшілерді қабылдайды (Зимин, 1914, с. 48).

Археологиялық қазба жұмыстарының барысында Отырар шахристанынан жалпы ауданы 60x22 м. мешіт аршылған. Ол күйдірілген қыштан салынып, төбесі күмбезделген сәулетті құрылыс болған. Терезе ойықтары панджарамен өрнектеліпті. Мешіт сырты сырлы қыштармен, төртбұрышты майоликамен (олардың ішінде күс бейнесі бар) көмкерілген. Мешіттің бас есігі минаралы пештак үлгісінде жасалынған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 108). Қазба жүргізген археологтар бұл мешіт ХІҮ ғасырдың аяғы мен ХҮ ғасырдың басында салынған деген тұжырымға келді. Бұл ғимаратты осы кезде Отырарда әкім болған Сары Бұғы қыпшақтың ұлдары салдырған деп ойлаймыз. Нур ад-диннің бай болғаны жөнінде деректер бар. Нур ад-дин Мухаммедтің соғыс барысында олжаланған дүниелерін Ақсақ Темірге сыйға тартуы жөнінде Гийас ад-дин жазбаларында әңгімеленеді. Темір диванының хатшыларына осы дүниелердің бәрін тізіп жазуына үш күн қажет болғаны айтылады. (Гийасаддин Али, 1992, с. 221-222). Нур ад-диннің Қытай билеушісіне сыйға үйір-үйір жылқы мен түйе сыйлағаны қытай деректерінде аталады (Извлечение из "Мин Ши Сань Сиюи", с. 47).

1995 жылғы қазбалар Отырардың осы бөлігінде мешіттің жалғыз болмағандығын көрсетті. Мешітке қарама-қарсы 40 м. жерде қыштан өрілген сәулетті құрылыс орны табылды. Ол 28x28x5 см. қыштан көтерілген. Оның әзірге үш бөлмесі толық аршылды. Құрылыс бөлмелерінің қабырғалары әртүрлі. Ең үлкен бөлменің ауданы 6,32м x8,30 м. Тазалау барысында осы бөлмеден ганч табылуына қарағанда оның төбесі күмбезделе (сводпен) жабылған. Үлкен бөлмеге жапсарлас екі кіші бөлмелер аршылды. Бұл құрылыс жоғарыда атап өткен Отырардың ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы билеушілерінің сарайы болуы тиіс. Шараф ад-диннің еңбегіндегі мағлұматтарға сүйенсек 1405 жылы 18 ақпанда осы сарайда Әмір Темір дүниесі салған. Мешіттің артқы дуалынан сарайдың сыртқы дуалына дейін 73м.20 см. Мешіт пен сарай ортасындағы алаңда құдық аршылды. Ол тұтас қышпен шегенделген, аузының диаметрі 0,90 м., ал 11 м.-лік тереңдікте диаметрі кеңейіп диаметрі 1,50 м. барады.

Темір дүниесі салған соң, империя ішінде таққа талас туады. Осы соғыстарға Шейх Нур ад-динде белсене қатысады. Самарқанд тағына Халиль Сұлтан орныққан кезде, ол Отырарды иеленіп орталыққа бағынудан бас тарттады. Нур ад-диннің талабы бойынша оған әйелдікке Темірдің жесірі Тұман-аканы беруге мәжбүр болады.

Археологиялық зерттеулер ХҮ ғасырдың басында Отырарда үлкен өзгерістердің болғандығын көрсетеді. Дәл осы кезеңге дейін қаланың айналасында бірнеше ғасырлар бойы қызмет еткен шеберханалар өз жұмысын тоқтатады. Дәл осы уақытта қала ортасындағы қорған ішіндегі бос жатқан жерлерде үйлер салынып, жаңа орамдар пайда болады. III, V қазба ауданында пайда болған тұрғын үйлердің ішінде керамикалық шеберханалар болған. Қала орталығында қара түтін мен ыстық леп ұрып тұратын күмдандары бар керамикалық шеберханалардың пайда болуы гигиеналық тұрғыдан алып қарағанда қолайсыз жағдай. Сонымен бұл шеберханалар үшін қажетті шикізатты: су, саз және отынды жеткізу ондай шаруа болмаса керек. Монғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде шахристанда керамикалық өндірістің орнының табылмағандығын ескермегеніміз жөн. Сонымен археологиялық деректер қала айналасындағы қолөнершілер өздерінің кәсібіне тиімді жерлерден жұмыстарына қолайсыз, қосымша қиындық туғызатын қорған ішіне көшкендігін көрсетіп тұр. Мұндай жағдай бекерден-бекер болмайтыны хақ. Бұған үсталарды үлкен қауіп-қатер мәжбүрлесе керек. Яғни отырарлықтар соғыс пен жаугершіліктен алдын-ала қауіптеніп, қамал ішіне көшкен деген

тужырымға келуге болады.

XV ғасырдың басында Отырарда бүткіл қала көлемін қамтыған өрт болады. Оны Л. Б. Ерзакович "Отырардың жалпы қалалық өрті" деп атады (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 46-48). Мәдени қабаттардың стратиграфиясын бақылау, талдау және сол қабаттардағы табылған теңгелер өрт уақыты Халиль Султанның билік жүргізген кезінде (1405-1409 ж.ж.), не болмаса сол мезгілден сәл беріректе болғанын көрсетті. Жазба деректерде Отырардың XV ғасырдың басында өртеніп талқандалғаны жөнінде мағлұмат жоқ. Алайда темірліктердің кезіндегі оқиғаларды сараптау бізге бұл өртті белгілі-бір оқиғамен шеңдестіруге болатындығын көрсетіп отыр. Нақтырақ айтсақ, Нур ад-дин 1410 жылдың көктемінде Ұлықбек пен оған қамқоршы болып тағайындалған Шахмәлікке қарсы шығады. Қызыл Рабадта 20 сәуірде болған шайқаста Нур ад-дин Ұлықбек пен Шахмәлік әскерлерін тас-талқан етеді. Бұқара мен Шахрисябге өз әкімдерін жібереді. Осылайша Нур ад-дин бүткіл Орта Азияға өз өкімін орнатқандай болды. Тек Гераттан Шахрух әскерінің Ұлықбек пен Шахмәлікке келіп жәрдем беруі бұл жағдайды күрт өзгертті (Бартольд, 1964, с. 91). Жазба деректерде 1411 жылы қаңтарда Шахмәлік Нур ад-динге қарсы Сырдария бойына жорыққа шығады. Біздің пікірімізше, бұл соғыс Нур ад-диннің астанасы Отырарды айналып өтуі мүмкін емес еді. Сонымен, Отырардағы алғашқы бүкіл қалалық өрт 1411 жылы болды деген тұжырымға келеміз. Мұны нумизматикалық зерттеулер мен стратиграфиялық байқаулар да қолдай түр. Өрттің алдында қала халқының Отырар айналасынан қамал ішіне кіруін біз осындай жағдайлардың салдарынан, яғни мәжбүрліктен туындаған әрекет деп ойлаймыз. Алайда отырарлықтарға қамал қалқан бола алмады. Өрттің нақ әскери оқиғалармен байланысты болғанын өртенген үйлердің қасында адам қаңқаларының табылуы, ал III қазба орнындағы IV қабат (горизонт) деңгейдегі бірінші үйден қылыштан жарақат алған адамның бас сүйегінің табылуы осы пікірді қолдай тұрғандай (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 45).

Өрттен кейінгі осы қазба орнындағы өзгерістерге назар аударайық. Өртке дейін "И" орамындағы тоғыз үйдің үшеуінде керамикалық пештері бар бөлмелер, яғни шеберханалар болған болса, ал өрт болған соң жөндеуден өткен, не болмаса қайта көтерілген үйлерде керамикалық өндіріске қатысты ешбір қалдықтар немесе белгілер табылмады. III қазба орнындағы "Ж" және "И" орамдарындағы алғашқы өртке дейінгі үйлер, көшелер көлемі өрттен кейінгі кезге сәйкес келмейді. Жалпы алғанда

көшелердің кеңейіп, үйлердің ауданы кішірейгенін байқаймыз. Бұл соғыс барысындағы қала халқының қырылғанын көрсетсе керек. Сонымен қатар қолөнершілерді Мауараннахрға көшіру, айдан әкету саясаты да жүргізілген сияқты. Қалай дегенмен де 1411 жылғы өрт Отырарды қатты күйзелтіп жіберді.

Алайда сол кездегі Түркістан уалаятының орталығы болып есептелген Отырарда тіршілік қайта жанданып, өмір қайта қалпына келеді. Өртенген жайлардың орнына жаңа үйлер көтерілді. Нумизматтардың анықтауынша, Отырарда 818 жылы (1415-1416 ж.ж.) мыс теңге соғылады (Настич, 1983, с. 149). Бұл Отырарда соғылған ақырғы теңге еді. Біздің пікірімізше, бұл теңгенің соғылуы қала экономикасының өркендеуінің куәсі бола алмаса керек. Темірліктердің Отырарда теңге соғуының басты мақсаты - асау Отырарды өздеріне қаратқанын паш ету болды. Бұдан кейін теңге соғудың тоқтауы қаланың саяси, экономикалық дәрежесінің төмендеуінің көрсеткіші болса керек.

Жазба деректерде Отырар 1425 жылғы оқиғаларға байланысты аталады. Бұл жылы осы қалада Ұлықбектің Моғолстанға аттанған әскерінің сол қанаты қыстап шығыпты. Сырдария бойындағы қалаларды Жошының тұқымы, қазақ хандарының әкесі Барак өз иелігіне қайтаруды талап етеді, ол осы мақсатта елшілік жібереді. Бұл өңірді оның ата-бабалары иеленгенін және қалалардағы қурылыстарды да солар салғанын тілге тиек ете отырып, шарифат пен ата баба дәстүріне сәйкес бұл қалалар ата мұрасы ретінде өзіне қайтарылуы тиіс екендігін мәлімдейді. Мәселе бейбіт жолмен шешілмеген соң Барак 1427 жылы Ұлықбек әскерін талқандап Отырарды өзіне қаратты. Алайда 1428 жылы алғашқы қазақ хандарының әкесі Барак өлтірілді. Отырар қайтадан темірліктер қолына өтсе керек.

Археологиялық зерттеулер Отырарда XV ғасырдың екінші жартысында бүткіл қалалық екінші өрт болғанын көрсетті (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 30). Біз бұл өртті Отырар әкімінің темірліктерге қарсы көтерілісімен байланыстырамыз. Көтеріліс себептері, оның барысы бізге беймәлім болғанымен жазба деректер темірлік билеуші Әбу Саидтың 1455 жылы Отырардағы бүлікті басқаны жөнінде хабарлайды (Бартольд, 1964, т. 2, с. 91). Сонымен қатар Отырардың көтерілісі Дешті Қыпшақ билеушісі Әбілқайыр тарапынан қолдау тапқаны аталады.

Археологиялық қазбаларды талдау "екінші өртке" байланысты оқиғалар Отырар халқын ойсыратып тастағанын көрсетіп тұр. Айталық, "И" орамындағы он үйдің екеуі осы өрттен кейін иесіз қалған, онда тіршілік іздері жоқ. Ал екі үйдің бір-екі бөлмелері

ғана қайта жөнделіп баспана ретінде пайдаланылған.

Сондықтан XIX ғ. аяғында И. Т. Пославскийдің (1898, с. 237) Отырар қай кезде қираған деген сұрағына Арыстанбаб шырақшылары бұл - Темірлан ісі деп жауап беруінде негіз бар сияқты. Отырар қаласы Темірлан ұрпағы кезінде үлкен екі апатты бастан кешіріп, қатты құлдырады.

2. 4. ОТЫРАР ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛАСЫ.

Сырдарияның орта бойындағы қалаларды және олардың ішінде ертеден астаналық дәрежеде болған Отырарды иелену үшін XV ғасырдың аяғында көшпелі өзбек, қазақ, моғол феодалдары мен темірліктер арасында үзіліссіз соғыс жүріп жатты. Осы аталған күштер кейде бір-бірімен одақтасып қалған жағдайда үшіншісінен осы өңірден ығыстырып тастауға әрекет жасап отырған. Алайда бізге жеткен жылнамалардың негізгі бөлігі Мұхаммад Шайбанидің тапсырмасымен жазылғандықтан аталған ханды мадақтаумен, тіпті оның жеңілістерін жеңіс етіп көрсетумен ерекшеленеді. Сондықтан да шайбанилік бағыттағы шығармаларды пайдалануда осы жәйтті ескеруіміз қажет.

Жазба деректер XV ғасырдың аяғына таман Сырдарияның орта бойындағы қалалардың және оның ішінде Отырардың әлі де темірліктердің иелігінде болғандығын байқатады. Бұл кезде өңірдің хакімі Мұхаммад Мазид-тархан болды. Деректерде оның қышлық тұқымынан болғандығы баяндалады. Тарихтан белгілі Қышлық Шыңғысханды бір өлімнен алып қалғандығы үшін тархан атағын алған болатын. Тархан атағына ие болушылар алым-салықтың барлық түрінен босатылған және хан алдына кез-келген уақытта кіре алатын болған (Әбілғазы, 1992, 42-43 б.).

Әбілқайырдың тұқымынан болған аса жігерлі, бірақ жолы ауыр Мұхаммад Шайбанидің табан тіреуге жер таппай, аз ғана сарбаздарымен Мазид-тарханның дегенінен шығып, Отырарды қыстап шыққандығы жайлы "Таварих и Гузида ий Нусрат-намеле" (1969, с. 28) және тағы да басқа шайбанилік шығармаларда хабарланады. Екі жақ та өз мүдделерін көздеген. Алайда Шайбанидің арам пиғылын көп ұзамай аңғарған Мазид-тархан онымен ара-қатынасын үзеді. Шайбани осы өңірдегі ірі қалалардың бірі - Сығанақты басып алады. Оның бұл әрекеті Мазид-тарханның Бұрындық ханмен бірігіп қарсы жорыққа шығуына әкеліп соқтырады. Осы соғыстың алдында "Шайбани наменің" хабарлауынша, Бұрындық әскерімен Отырар төңірегіндегі тоғайды қыстап шыққан болатын. Сығанақтан Шайбанидің осы жолғы кетуі жайында "Шайбани намеде" (1969, с. 112) қызық деректер

келтіріледі. Бұрындықтың Мұхаммадты Сығанақтан ығыстыру барысындағы соғыста көп халық қырылған соң, қала басшылары Қазн Садр ал-Ислам, Шықмақ жүзбегі және Сиддик шайхы қала халқын шақырып алып, "Бұл уалаят бұрын Бұрындық ханға қирған. Дұрысы Бұрындыққа қайтару болады", - деп шешелі де оны іске асырады. Арқуққа тығылған Мұхаммад Шайбаниді Бұрындық хан мен Жәнібектің ұлдары Мұхаммад Мазид-тархан әскерімен бірге қоршап, оны кетуге мәжбүрлейді. Алайда төкеленінші жылдардың басында қазақ хандарының күшеюінен қауіптенген моғол ханы Сұлтан Махмуд Ташкент жақтан әскермен шығып, Отырарды басып алады. Ол Шайбаниге арнайы хат жолдап, оны Отырарға шақырады. Осы жерде өзара бітім жасасып оған Отырарды береді. "Шайбани наме" шығармасында бұл одақ деп аталады, ал негізінде бұл Мұхаммад Шайбанидің Сұлтан Махмуд ханға тәуелді болуы, яғни оның қарамағына қызметке тұруы деп бағалануы тиіс. "Таварих - и Гузида ий Нусрат наменің" (1969, с. 29) жазбагерінің айтуынша, Сұлтан Мұхаммад хан ұлы той жасап, Мұхаммад Шайбаниге хандық шапан жауып құрмет көрсетеді, бір-бірімізге қиын-қыспақ жағдайда қол ұшын береміз деп уәделесіп, шартқа отырады. Сөйтіп, моғол ханы Отырарды Шайбаниге беріп өзі Ташкентке кетеді.

Бұл жағдай әрине Бұрындық хан мен Жәнібек ұлдарының наразылығын туғызады. Шайбани қазақ билеушілерінің әскеріне қарсы тұра алмайтындығын сезіп Отырар қамалының ішіне тығылады. Шайбанидің қоршауда қалғандығын естіген Сұлтан Махмуд хан көмекке әскер жіберіп Бұрындық хан мен Шайбанидің бітімге келуіне себепкер болады. Осы жағдайлардан кейін қазақ хандарымен одақтасып жүрген Мұхаммад Мазид-тарханды Шайбани хан өзіне тартпақшы болады. Бірақ оның бұл әрекетінен еш нәтиже болмағандықтан Йасыда тұрған Мазид-тарханға қарсы жорыққа аттанады. Отырар мен Йасының ортасында болған шайқаста Мазид-тархан жеңіліп тұтқындалады. Оның қолына кісен салынып Отырарға аттандырылды. Бұл хабар Сұлтан Махмуд моғолға жетіп, ол да Отырарға аттанады. Екі билеуші той-думан өткізіпті. Алайда Мұхаммад Шайбанидің күшейуінен қорқып қауіптенген Сұлтан Махмуд хан енді қазақ ханы Бұрындықпен одақтасып, Отырардан Шайбаниді ығыстыру мақсатында жорық ұйымдастырады. Бұл кезде Отырарда Мұхаммад Шайбанидің ұлы Мұхаммад Темір Сұлтан болыпты. Жорық бітіммен аяқталады.

Осымен қатар жазба деректерде Сұлтан Махмуд ханның әйгілі батырларының бірі Әмір Ахмад Отырарды тонамақ болып жорыққа аттанғаны алайда қорған ішіне ене алмай тек қала

төңірегін тонап қайтқаны әңгімеленеді (Шайбани-наме, 1959, с. 129). Бұл оқиға шамамен 1494 жылы, не болмаса 1495 жылы болған.

Осындай ұшы-қиыры соғыстар Оңтүстік Қазақстан қалалары арқылы өтетін Жібек жолының берекесін қашырып, оның оңтүстікке қарай ауысуына себепкер болды. Бұл жағдай күнделікті сауда-саттықпен қолөнермен күн көріп отырған қала халқының жағдайын күрт нашарлатып жібереді. Теңіздер мен мұхиттар арқылы Үндістан мен Қытайға баратын жолдардың ашылуы Жібек жолының маңызын кетірді. Бұл қолөнер мен қаланың мәдениетінің дамуына кері әсерін тигізді.

Бас-аяғы жоқ соғыстар, қаланың бір билеушінің қолынан екінші бір билеушінің қолына ауысып отыруы Отырардың материалдық жағынан тоналуымен қатар рухани байлықтарынан да айрылып қалуына әкеліп соқтырды. Мысалы, "Шайбани-намеде" (1959, с. 105) Сығанаққа Отырар уалаятынан Мұхаммад Мазид-тарханнан қашып келген Әмірбек ата Шайбани ханға Маулана Ахмад Руми жазған "Ескендір-наме" деген кітапты сыйға тартқаны хабарланады. Бұл кітап руми тілінде жазылған екен. Отырардан Сығанаққа қолжазбалар кеткені жөнінде Бенаи мен Рузбихан да хабарлайды (Акишев, Байпақов, Ерзакович, 1972, с. 204).

Сырдарияның орта бойындағы қалалар ХҮІ ғасырдың басында негізінен шайбанилардың қолына өтеді. Рузбиханның мағлұматтарына қарағанда, өзбек хандары арнайы жарлық шығарып Түркістан халқының қазақ саудагерлерімен ешқандай байланыс жасамауын талап еткен (Абусейтова, 1985, с. 42-43). Бұл әрине, Дешті Қыпшақ пен ежелден сауда-саттық жүргізіп өз өнімдерін көшпелілерге шығаратын қалалардың экономикасына үлкен соққы болып тиді.

Археологиялық зерттеулер Отырардың ХҮІ ғасырдың аяғына таман қайта құлдырауға тап болғандығын көрсетеді. Қала орталығының оңтүстік-батыс бөлігіндегі тұрғын үйлердің басым бөлігі иесіз қаңырап қалған. Олардың кейбіреулері қоқсық төгетін орындарға айналса, ендігі бірі адам жерлейтін мазарат ретінде пайдаланылды. Мәдени қабаттар қорған дуалының үстінен асты. Ендігі жерде қамал қызметін қорған үстіне тұрғызылған үйлердің артқы дуалдары атқарған (Ерзакович, 1992, с. 182).

ХҮІ ғасырдың аяғында қазақ ханы Тәуекел Орта Азиядағы саяси жағдайды пайдалана отырып, Сырдария бойындағы уалаяттарды және Ташкентті иеленді. Шайбанилер әулеті тарих сахнасынан кетіп олардың орнын Джанилер басты. Енді Түркістан қалалары Қазақ хандығының иелігіне өтеді. Түркістан мен Ташкент қазақ

хандарынан ордаларына айналады. Қазақ хандығы Орта Азия және басқа көптеген елдерімен қарым-қатынасын күшейте түсті. ХҮІІ ғасырдың басында заңдар жинағын шығарған Есімхан билік жүргізді. Кейін оның баласы Жәңгір, ал Жәңгір ханнан кейін Тәуке хан тақты иеленді. ХІХ ғасырдың 20-жылдары қазақтар қайта жатқан А. Левшин Тәуке хан жайлы мынадай сипаттама көлгіреді: "Қазақтардың еске алып жүрегінің, аңсап жүрген заманы сонау өңгілі Тәуке ханның патшалық құрған алтын дәуірі. Расында да аңыздарға сүйенсек Әз Тәуке данышпан болған екен. Қазақ қалынамасында оның алатын орны сонау Солон, Ликургпен теңдес. Қатар тұруы тиіс. Ол талайдан бері дүрбеленге түсіп, азап шеккен елді тыныштандырып, тәртіп орнатты, көптеген заңдар шығарды.

Археологиялық қазбаларда бұл кезең екінші кұрылыс қабатына жатады. Оларға сүйенсек Отырар қайта көтерілген. Қала бойы үйлер салынып бос жатқан жерлер қалмаған. Қаланың әрбір орманында 15 үйден болған. Қолөнердің керамика күйдіру, темір өңдеу және мата тоқу сияқты кәсіптері дамыған. Сауда дүкендері бар үйлер де анықталып отыр. К. А. Ақышев, К. М. Байпақов, Л. Б. Ерзаковичтің (1979, с. 6-12) есептеулері бойынша қала халқының 12 проценті қолөнермен, 15 проценті сауда-саттықпен айналысқан. Орта есеппен алғанда, әрбір орташа үшінші үйде 5-8 тоннадан 13 тоннаға дейін бидай сақтайтын қамбалар болған. Бұл Отырар халқының негізгі бөлігінің егіншілікпен айналысқандығын дәлелдейді. Сонымен қатар көп бөлмелі үлкен үйлерде мал ұстауға арналған қоралардың болғаны анықталып отыр. Л. Б. Ерзаковичтің есептеуінше, ХҮІІ ғасырда Отырарда 761 үй болған, онда шамамен 5212 адам тұрған (Ерзакович, 1990, с. 30). Отырардың осы қабатында Орта Азия мен орыс теңгелерінің табылуы сауда-саттық байланыстардың бағытын айғақтап тұр. Алайда Отырар базарында негізінен Ташкент пен Йасының мыс теңгелері жүрген.

2. 5. Жалпы қалалық өрт. Отырарда тіршіліктің біржолата сөну себептері.

Көп ғасырлық тарихы бар Отырар қаласының өлі төбеге айналу себептерін анықтау ғылым үшін қызықты. Бұл жөнінде түрлі пікірлер айтылуда. Мысалы, Е. А. Смағұлов (1990, с. 49) ХІХ ғасырдың аяғында өмір сүрген орыс зерттеушісі А. Е. Смирновтың "күшті қоңырат руының қысымынан Отырардың соңғы тұрғындары Түркістанға көшіп баруға мәжбүр болды" деген пікірін алға тартады. Негізінде бұл мәселе қолда бар барлық деректерді електен өткізу арқылы шешілуі тиіс.

Отырардың екінші кұрылыс қабаты бүткіл қалалық өртпен

аякталады, оның іздері барлық қазба орындарында байқалады. Осы қабаттан табылған күміс пен мыс теңгелер көмбесі Л. Б. Ерзаковичтің пікірінше қала халқының соғысқа ұшырағанының куәсі болып табылады. Отырардың бүкіл қалалық өрті қандай оқиғалармен байланысты екен деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Стратиграфиялық және нумизматикалық деректер бұл өрттің ХҮІІ ғасырдың аяғында болғандығын көрсетіп тұр. Алайда ешбір жазба деректерде Отырардағы бұл оқиғалар баяндалмайды. Сондықтан бұл жерде біз Отырардың соңғы кезеңі жайлы ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерге назар аударуымыз керек. Бұл аңыздарды 1904 жылы А. Кларе жариялады. Шілік болысының бастығы Төле Байтерековтің айтуынша: "Темірланнан соң, осыдан 400 жыл бұрын Түркістан өлкесіне Қашғардан қытай қолбасшысы Аляку көп әскермен келеді... Ескі Ташкентті басып алған соң ол Отырар жеріне келеді. Қаланы басып ала алмаған Аляку күзге таман Ескі Ташкентке шегініп, қыс бойы көп әскермен Дариядан Шыршыққа дейін арық қазыпты (Иржардан Шыназға дейін). Көктемде су тасығанда арық басын ашып, Шыршықтан Отырар жеріне су жібереді. Өзі әскерімен Отырарға шығады. Топан судан аман қалған халықтың бір бөлігін Аляку өлтіреді, ал қалғандарын тұтқынға алады. Отырарда Аляку қалмақ пен қытайдан тұратын әскерінің бір бөлігін қалдырады" (Кларе, 1904, с. 30).

Төле Байтерековтің осы әңгімесінің тарихи негізі бар екендігін қуаттайтын бір топ фактілерді атап өтсек болады. Біріншіден, бұл кісі Отырарға ең жақын тұрған сол кездегі ауылдың, яғни Шіліктің тұрғыны. Төле Байтерековтің айтуынша, Отырарды тастап шыққан ең соңғы әулеттің иесі Бабашул оның бабасымен (атасының әкесімен) дос болған екен. Осы әңгімені келтіре отырып, Темір мен Арыс темір жол стансаларында жұмыс істеген А. К. Кларе Бабашул ұрпақтарының әлі де Түркістан мен Шілікте тұратынын хабарлайды. "Отырардың соңғы кезеңі жөніндегі халық аңызы" деп А. Кларе сипаттаған деректі Отырардың соңғы тұрғындарының өз аузынан шыққан әңгіме деп танығанымыз жөн. Бұл аңызда ең алдымен Отырар жеріне Шыршық жақтан топан судың келгендігі бір қарағанда таңқаларлық және ақылға сыймайтын құбылыс сияқты болып көрінеді. Алайда Шілік болысының атап өткен Шыршығы қазіргі Ташкент облысындағы Шыршық өзені емес. Ал мұндағы аталып отырған Шыршығымыз сонда қай Шыршық болды екен деген орынды сұрақ туады. Бұл жауапты Төле Байтерековтің екінші бір хабарынан аңғарамыз: "ХҮ ғасырдың басында Әмір Темір дүние салған соң, Отырар өңірі Шыршық пен және оған қосылатын Арыс, Бөген суларымен суғарылған.

Ол кезде Шыршық Сырдарияға қосылмаған. Сырдария Куженттен асып, Иржарды айналып өтіп, Жизакқа бұрылып, Амударияға қосылған" (Кларе, 1904, с. 29). Байқасақ, Шыршық деп Сырдарияның бір бөлігін, яғни оның қазіргі Шыршықтан басталатын жерінен бастап, одан төменгі Арысқа дейінгісін айтқан. В. В. Бартольдтің айтуынша, Хафизі Абруда Сырдарияның жоғарғы ағысының Амудариямен қосылғаны жөнінде хабар бар екен және осының іздері ескі арналармен жергілікті аңыздарда сақталып қалған. Шыршық деген өзен атауы В. В. Бартольдтің айтуынша, алғаш рет Темірлан кезінде пайда болады. Ал түркілердің Шыршығы Шырдың шағын, кішкентай деген мағынаны білдірген. Шығыс авторлары осы өзенді бірде Шыршық, бірде Шыр деп атаған (Хафизі Таныш, 1983, с.: 103). Ал қазіргі Сырдарияның ортаңғы және төменгі жағы Сыр немесе Сир деп аталыпты. Шыр атауының Сыр, Сир атауларымен байланысты екендігі анық. Бұл атауларда Сырдария бойындағы халықтардың тілдеріндегі диалектикалық ерекшеліктері орын алған. Тағы бір ескерілетін жәйт, Отырар қаласының соңғы кезеңі жөніндегі археологиялық мағлұматтардың Шіліктік аңызбен сәйкес келуі.

Археологтар анықтаған бүткіл қалалық үшінші өрт Алякудың қаланы қоршап басып алуымен сәйкес келеді. Кейінгі жоғарғы қабаттағы үйлердің қайта жөнделіп және жаңаларының пайда болуы Шілік аңызындағы мына сипаттамаға сәйкес келеді. "Қалмақ пен қытай кеткен соң, Бұқара, Сайрам, Балх, Үргеніш және т. б. жерлерді паналап кеткен көне отырарлықтардың ұрпақтары қайта жиналады. Олар жүз жыл шамасында жерді суландыру жүйесін қалпына келтіруге және бабаларының қаласын қайта қотеруге әрекет жасайды. Алайда олардың бұл әрекеті ешқандай нәтиже бермегендіктен олар қайтадан Ферғана, Бұқара мен Үргеніш жаққа кетті" (Кларе, 1904, с. 30-31).

Отырар қаласында тіршіліктің тоқтауы археологиялық және жазба мағлұматтар бойынша ХҮІІІ ғасырдың орта бөлі болып табылады. Ал Төле Байтереков Отырардың ең соңғы тұрғыны Бабашул әулетінің қаладан 1750 жылы кеткенін хабарлайды.

Жоғарыдағы салыстыру Шілік аңызының тарихылығы аса жоғары екендігін көрсетеді. Ондағы мағлұматтардың басым бөлігін басқа деректер қуаттап отыр. Біздің пікірімізше, Төле Байтереков баян еткен аңыз отырарлықтардың жадында сақталған мағлұмат болып табылады. Әрине бұл аңыздың ертерек кезеңі жайлы мағлұматтары сенімсіздеу. Сондықтан Отырардағы соңғы өрт кезеңі жөнінде археологиялық деректердің мағлұматы дұрысырақ болуы тиіс.

Бұл аңызда қалмақтардың аталуы өртті жоңғар шапқыншылығы дәуірімен байланыстыруға болады. Ал жоңғарлардың Отырарға келген жорығының мезгілін бүткіл қалалық өрт мезгілі анықтайды.

Тарихи зерттеулер ХҮІІ ғасырдың 80 жылдарының басында Галдан басшылық еткен жоңғар әскерінің Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға лап бергенін көрсетеді. Және бұл жорықтың бір ерекшелігі ойрат феодалдары бұрынғыдай тек тонап кету мақсаты ұстанбай, Орта Азия мен Қазақстан қалаларында түпкілікті орнығып қалу мен өз дінін енгізуді көздеді. Шілік аңызында Отырарды жаулап алған Аляку әскер қалдырғаны жөнінде айтылады.

Бұл жорық жөнінде В. А. Моисеевтің еңбегінде жарияланған құжат Сырдарияның орта ағысындағы қалалар жөнінде жаңа мағлұмат береді. Жоңғар елшілері Аюка Кашка мен Очин Кашканың мәліметтеріне қарасақ, Галдан осы жорық барысында Тәуке ханға қарасты тоғыз қаланы басып алады. Иасыдан басқа деп Сайрам, үшінші Манкент, төртінші Қараспан, бесінші Чимыгәт(Шымкент), алтыншы Текек, жетінші Бабен Елген, сегізінші Харамурол, тоғызыншы Ташкент, оныншы Чинак, ал он бірінші қаланың атауын ұмытып отырмыз, ал ол Цырцеқт өзенінің бойында тұр(Моисеев, 1991, с. 52) деп мәлімдеген елшілер.

Осы қалалардың ішінде Отырардың аталмауы таңқалдырады. Отырарға жақын орналасқан Иасы(Түркістан) мен Қараспан аталады. Соңғы қалашық Шараф ад-дин Иезидидің айтуы бойынша Отырардың айналасында. Бұл тізімде Сырдарияның сол жағалауындағы бірде-бір қаланың аталмауы және де жоңғар ханы билігінің батыста-Ташкенттен Сайрамға дейін болғаны, ал Түркістан мен Ташкент аралығындағы Сырдарияға ең жақын он жағалаудағы қала Отырар болғандықтан жоңғар елшілерінің ұмытып қалған қаласы осы Отырар болуы керек деп ойлаймыз. Цырцеқт деп жоңғар елшілері Шыршық өзенін айтып отыр. Жоғарыдағы Шілік аңызындағы Шыршықтың Сырдария екенін көрсеттік. Яғни Цырцеқт бойындағы аты ұмытылған он бірінші қала Отырар. Мұны жергілікті тұрғындардың Н. Лыкошинге айтқандары да қоштап тұр: "Основание города туземцы приписовали Ною, а исчезновение его объясняли пожаром при нашествии калмыков"(Лыкошин, 1899, с. 172).

Жоғарыда аталған қалалардың ішінде тек Түркістан мен Ташкент қана қоршауға алынбапты. Түркістанда әскермен Тәуке хан отырған соң, оған қалмақтар бата алмапты, ал Ташкент өз еркімен қақпасын ашқан соң, тонаудан аман қалыпты. Ал қалған

қалаларда үйлер түгелімен бұзылып, адамдары тұтқынға алынды, деп хабарлайды елшілер. Бұл жағдай 1681 жылы болыпты.

Яғни Отырардағы ең соңғы өрт осы жоңғар шапқыншылығымен байланысты. Қала халқы жауға қарсылық көрсетті. Алайда елшілердің тізімінде аталған қалалардың көпшілігінің кейін де тіршілік жасағаны мәлім. Мысалы Шымкент, Сайрам, Манкент және тағы басқалар мен елді мекендердің осы күнге дейін бар екендігі белгілі. Не себепті Отырар жоңғар шапқыншылығынан соң тіршілік иесі жоқ төбеге айналады?

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы көрсеткендей, Отырар өңіріндегі табиғи-экологиялық жағдайда тек суармалы егіншілік мүмкін болған. Ал суармалы егіншілік бұл жерде тек оман-арықтар жүйесінің негізінде ғана іске асатын еді. Ал бұл шаралар орасан көп адам қолын қажет ететін оман-арықтар жүйесін салуды талап етті. В. А. Грошевтің(1985, с. 114-115, 1978, с. 150) есептеуінше, Темір арықты жасау үшін бір жыл бойы демалмай, әрбір адам күнделікті 3м. куб жер аударатын, 1,5-2 мың адам істеуі керек.

Осы тарихи-географиялық факторларды ескере отырып, біз жоңғар шапқыншылығынан кейін қайта көтерілген қалалардың тау етектерінде орналасқанына назар аудармақпыз. Бұл жерлерде егіншілік үшін орасан күшті талап ететін оман-арықтар мен каналдар салудың қажеті жоқ еді. Осындай жағдайларға байланысты, біздің пікірімізше, Сыр бойындағы қалаларда тіршілік тоқтап, отырықшы қалалық өмір негізінен тау бөктеріне ауысты. Жоңғарлардың Отырардың оман-арықтарын бұзуы орын толмас зардаптарға әкеліп соқтырды. Бір орталықтан басқарған мемлекет жоқ кезде мұндай алып құрылыстар жүргізу, яғни оман-арықтарды қалпына келтіру мүмкін емес еді. Міне, сондықтан бұл қалалар мен өлкелерде тіршілік тоқтады.

Жоғарыда келтірілген Шілік аңызында айтылғандай, 1680 жылдары болған жоңғар жорығынан кейін отырарлықтар өздері тұрған қаланы қалпына келтіруге әрекет жасайды. 1696-1697 жылдары Сырдария өңірінде Федор Скибиннің жинақтаған мағлұматтарының негізінде Қазақ хандығының қалалар тізімінде Отырар да аталады: "От Тобольска до Тургистану: первый город Савранской дороге с правою сторону Савран: позади того города Саврана вниз по Сырдарье в каракалпацкую сторону городок Сырпак. Да в полуденную сторону от Тургистану город Отров, а ходу до него день"(Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с. 42).

Отырардың құжаттарда соңғы аталуы ХҮІІІ ғасырдың 40 жылдарына жатады. 1748 жылдары Түркістанда болып қайтқан

тілмаш М. Араповтың жазуынша Икан, Ташкент, Отырар, Өгізтау, Созақ қалалары Баракқа қарайды және де ол бұл қалалардың халқынан алым-салық жинап, тұрғындарын түрлі жұмыстарына жұмсайды.

1762 жылдары жарияланған П. И. Рычковтың кітабындағы Отырарда 40 отбасы тұрады екен деген дерек ХҮІІІ ғасырдың басына жатады. П. И. Рычковтың өзі Қазақстанда болмаған, ол кітабында осы өлкеде өзіне дейін болған К. Миллердің бізге жетпеген жазбаларын пайдаланыпты (Ерзакович, 1980, с. 105).

ХҮІІ ғасыр аяғындағы Жоңғар шапқыншылығынан кейін отырарлықтардың қаланы ең басты су жүйелерін қалпына келтіру әрекеттері еш нәтиже бермеді.

Міне, көпғасырлық тарихы бар Отырар қайтадан көтеріле алмады. Оның себебі жоңғарлардың қаланы қиратуы және суғару жүйелерін істен шығаруы болды. Отырардың соңғы тұрғындары 1750 жылы Отырар төбеден 50 км. қашықтықта орналасқан Шілік, Түркістан және тағы да басқа елді-мекендерге көшіп, сол жерлерде тұрақтанып қалуға мәжбүр болды. Оңтүстік Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қалалар халқы сияқты отырарлықтар да қазақ халқының құрамына сіңіп, оның ажырамас бір бөлігіне айналды.

ІІІ ТАРАУ

ХІІІ-ХҮ ҒАСЫРЛАРДЫҢ ШЕБЕРХАНАЛАРЫ.

ІІІ. 1. Отырар айналасындағы шеберханалар.

Отырардың ХІІІ-ХҮ ғасырлар аралығындағы керамикалық өндіріс орындары қаланың рабадында, шахристанында және оған таяу орналасқан Мыңшұңқыр, Қоңыр төбе (Күйік Мардан) деген жерлерде болғаны анықталды (1; 2 сурет). Бұлардың ішінде хронологиялық тұрғыдан алып қарағанда Мыңшұңқырдағы шеберханалар ең әуелгісі болып табылады.


Мыңшұңқыр шеберханаларының қалдықтары Отырар төбеден оңтүстік-батысқа қарай 4 км. қашықтықта жатыр. Олар Арыстың ескі арнасы Қандөздің оң жағысында. Бұл қазіргі Көкмардан қауымдастығына қарасты Қызылту бөлімшесінің жерінде, аттас ауылдың шетінде. Аталған орында ортағасырлық археологиялық жәдігерлерге тән төбе, не төбешік сияқты белгілер байқалмайды. Тек зер салып қарағанға айқын шекарасы жоқ бір дөңестің бар екендігі сезіледі. Осы дөңестің оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 90 м., солтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 70 м-ге созылған. Оңтүстік-батыс бөлігінде алпысыншы жылдары сүрлем салу үшін ұзындығы 80 м., ені 3-4 м.-дей етіп ор қазылған.

Бұл жерде керамика сынықтары, құмданның қабырға бөліктері көптеп кездеседі.

Мыңшұңқыр атауының өзі топонимикалық әдебиеттерге сүйенетін болсақ, ежелгі өндіріс орындарына тән екен. Мыңшұңқыр - есенсіз, көп шұңқыр мағынасын білдіреді. Н. Ванниннің түсіндіруінше, мұндай жерлер әдетте көне заманда темір өндірген жерлер (Қойшыбаев, 1985, 191 б.). Осы жерлерден керамикалық шеберханалардың табылуы бұл атаудың тек темір өндірісіне ғана қатысты емес екендігін дәлелдейді. Мыңшұңқыр атауы жалпы байырғы өндіріс орындарына тән деп түсінеміз.

Сүрлем салу үшін қазылған ордың солтүстік жағында 1989 жылы археологиялық қазба басталып, 1990-1991, 1995 жылдары зерттеу жұмыстары жалғастырылды (3 сурет). 1989 жылғы жүргізілген археологиялық қазба барысында жоспарда төртбұрышты, ауданы 12,4 м. x 6,3 м. x 12x7,2 м. 1-ші үй орны аршылды. Ол бес бөлмеден тұрады, сыртқы және кейбір ішкі дуалдары бақсадан қаланған (бақса балшықтан соғылған дуал, қабырға. ҚТТС. 1976, 21, 36 б.). Сыртқы дуалдың қалыңдығы 60-80 см. Сыртқы есік орны (ені 0,9 м.) үйдің солтүстік-шығыс дуалының қақ ортасында. Ауыл бөлме болып саналатын 3-ші бөлме әуелде өзгеше болған. 3-ші мен 5-ші бөлмелердің арасындағы дуал кейіннен қаланған. Бұл дуалдың қалыңдығы 40 см. Дуал кесектері 20x17 - 20x6 см. Кесектердің бір шеті оттан қызарып күйген. Яғни бұл кесек алдымен құмдан қабырғасында қаланған. Кейін құмдан қабырғасы бузылып, оның кесектері осы үй дуалын көтеруге алынған. Бұл сипатталынып отырған дуал болмай тұрғанда 3-ші бөлменің ауданы кең, қазіргі 5-ші бөлменің ішіндегі көлденең қабырғаға дейін жеткен. 3-ші бөлменің төрінде сыртқы дуалына параллель етіп тұрғызылған қабырға аршылды. Қабырға 35x18x7-8 см. кесектен қаланған. Қабырға қалыңдығы кесектің енідей, биіктігі 6 қатар кесек, 50-60 см. Қабырға жіңішкелігіне қарап бұл сыпаның бергі шеті болуы мүмкін деген жорамал айтуға болады. Жеке бөлме деуге қабырға қалыңдығы, ал қамба деуге оның құрылысы сәйкес келмейді. 3-ші бөлменің әуелгі еден ортасында ошақтың болмашы ғана іздері байқалады.

3-ші бөлмеден солға қарай 2-ші бөлме жатыр. Оның ауданы 3,5x4 м. Негізгі бөлігінде П тәрізді сыпа бар. Сыпа соңғы еденнен 60 см жоғары. Сыпаның жиегі кесектен және күйдірілген қыштан қаланған. Бөлмеге кіре берісте оң жақта сыпа ішіне тандыр орналастырылған. Тандыр аузының диаметрі 40 см., тереңдігі 70 см., ішінің ең кең жерінің диаметрі 60 см. Тандыр арнайы пеште күйдірілген, жиегі сыртқа қарай иілген. Ол қыш үстіне қойылды.





1 сурет. Отырар өніріндегі кейінгі ортағасырлық керамика өндірісі ескерткіштерінің схемасы.
Рис. 1. Схема расположения памятников позднесредневекового керамического производства в Оттарском оазисе.



2 сурет. Отырар қаласындағы керамистердің орамдары мен жеке шеберханаларының орналасуы: 1 - ХІҮ-ХҮ ғғ. керамистер орамы; 2 - ХІҮ-ХҮ ғғ. шеберханалар; 3 - ХҮ ғ. керамистер орамы; 4 - ХҮІ-ХҮІІ ғғ. керамистер орамы; 5 - ХҮІ-ХҮІІ ғғ. шеберханалар.

Рис. 2. Размещение кварталов и отдельных мастерских гончаров в Оттаре: 1 - квартал гончаров ХІҮ-ХҮ вв; 2 - отдельные мастерские ХІҮ-ХҮ вв; 3 - квартал гончаров ХҮ в; 4 - квартал гончаров ХҮІ-ХҮІІ вв; 5 - отдельные мастерские ХҮІ-ХҮІІ вв.




- ▨ - сыпа
- П - пеш
- ▩ - қабырға
- ⊙ - тандыр
- ⊗ - шұңқыр
- - кірпіш
- - тас


0 1 2M



3 сурет. Мыңшұңқыр. Қазба жобасы, кесіндісі.
Рис. 3. Мыңшункур. План раскопа. Разрез.





20cm




20cm

4 сурет. Мыншункыр. 2-ші кумдан. Жоба, кималар.
Рис. 4. Мыншункур. Горн 2. План, разрезы.




5 сурет. Мыншункыр. 3-ші кумдан. Жоба, кималар.
 Рис. 5. Мыншункур. 3 горн. План, разрезы.


20 см



6 сурет. Мыншұңқыр. 11-ші күмдан. Жоба, қима. Жалпы көрінісі.
 Рис. 6. Мыншұңкур. 11 печь. План, разрезы. Общий вид.






20cm



20cm





7 сурет. Мыншункыр. 5-6-шы кумдандар. Жоба. 5-ші кумдан кесіндісі.
 Рис. 7. Мыншункур. Горны 5, 6. План. Разрез горна 5.




8 сурет. Мыншункыр, 6-шы кумдан. Кесінділер. Жалпы көрінісі.
 Рис. 8. Мыншункур. Горн 6. Разрезы. Общий вид.


B-6



9 сурет. Мыншунқыр. 5-ші құмдан. Кесінділер.
Рис. 9. Мыншункур. Горн 5. Разрезы.




20 см




20 см




10 сурет. Мыншункур. 9-шы күмдан. Жоба, кесінділер. Жалпы көрінісі.
Рис. 10. Мыншункур. Горн 9. План, разрезы. Общий вид.



11 сурет. Мыңшұңқыр. Екінші үйдегі тандыр мен үй айналасындағы пештер: а- үй ішіндегі тандыр. Жоба. Қималар; б- 18-ші құмдан. Жоба, қималар; в- 2-ші үйдің іргесіндегі тандыр. Жоба, қималар; г- 17-ші құмдан. Жоба.
 Рис. 11. Мыңшұңкур. Печи внутри и вокруг дома 2; а- тандыр в доме. План, разрез; б- горн 18. План, разрез; в- тандыр к юго-западу от дома. План, разрез; г- горн 17. План.




12 сурет. Мыншунқыр. 12, 13, 14-ші құмандар. Жоба.
Рис. 12. Мыншунқыр. Горны 12, 13, 14. План.




13 сурет. Мыншунқыр. 12, 13, 14-ші құмандар. Кесінділер.
Рис. 13. Мыншунқыр. Горны 12, 13, 14. Разрезы.

20см




14 сурет. Мыншунқыр. 12, 13, 14-ші құмдандар. Кесінділер.
Рис. 14. Мыншункур. Горны 12, 13, 14. Разрезы.




15 сурет. Мыншунқыр. 12, 13, 14-ші құмдандар. Кесінділер.
Рис. 15. Мыншункур. Горны 12, 13, 14. Разрезы.

20см



16 сурет. Мыншунқыр. 17-ші құмдан. Жоба.
Рис. 16. Мыншунқыр. Горн 17. План.



17 сурет. Мыншунқыр. 17-ші құмдан. Кесінділер.
Рис. 17. Мыншунқыр. Горн 17. Разрезы.

Тандырдың бетіне нан жабысатындай етіп сызықтар жүргізілген. Тандырдың түтін шығатын арнайы кені жоқ. Сыпа шетінде тандырға ауа кіретін тесік жасалыпты.

Бөлмені тазалау барысында онда екі еден болғаны анықталды. Әуелгі еденнің ортасында тереңдігі 30 см., жоспарда төртбұрышты ауданы 30x50 см. шұңқыр аршылды. Осы шұңқырдың ортасында тереңдігі 15 см., пошымы алмұрт тәрізді, ұзын жағы 35 см., қысқа жағы 20 см. ойық тазаланды. Сонымен қатар тандырдың астыңғы ауа өтетін тесігінің алдында, еденде диаметрі 15 см., тереңдігі 10 см. ойық аршылды. Үстіңгі еден мен әуелгі(астыңғы) еден арасындағы топырақтан екі тағара(54, 4 сурет), қыш қазанша(38, 3 сурет), құмыра(38,6 сурет) тастан жасалған моншақ(Шымкент облыстық өлкетану музейінің табиғат бөлімі қызметкері В. И. Горяновтың айтуынша, бұл кремнистая галька)(47,4 сурет) табылды. 2-ші бөлменің оңтүстік бұрышында ені 30-50 см., ұзындығы 2,5 м. Түтекхана сияқты қуыс бар. Оның едені сыпамен деңгейлес. Түнекхана қабырғаларының ішкі іргесіне бірқатар етіп кірпіш бөлшектері тігінен қойылған. 1-ші бөлменің ауданы 2,3x1,7 м., төрт дуалы бақсадан тұрғызылған, қалыңдықтары 55-70 см. Бөлменің ішіне кіретін есік табылмады және оның тұрғын-жай екенін, не болмаса басқа бір мақсатта пайдаланылғандығын көрсететін белгілер байқалмайды. 4-ші бөлме шаршы үлгіде, бір қабырғасының ұзындығы 3,4 м. Оның басым бөлігін еденнен 35-37 см. биік жатқан сыпа алып жатыр. Сыпаның ортасында шығысқа қарай созылған ойық-шұңқыр бар. Оның ұзындығы 1,2 м., ені 37 см., тереңдігі 40 см. Ол шамамен ауыз бөлме еденімен деңгейлес. Яғни сыпа жасалғанда осы ойық-жобаланып қалдырылған. Бөлменің оңтүстік бұрышында кесектен қамба жасалған. Оның көлденең қабырғасының ені 20 см. Бөлменің үш дуалы бақсадан көтерілген де 5-ші бөлмемен ортақ қабырға кесектен қаланыпты. Бұл дуалдың негізгі қабаты әдеттегі кесекті жалпағынан жатқызу арқылы қаланса, ал үстіңгі жағы кесекті тігінен қою арқылы көтерілген. 4-ші бөлменің осы қабырғасында ошақ-камин жасалыпты. Оның табаны күйдірілген кірпіш бөлшектерінен(олардың пішіні 26x ? x5см., ? x13x6см.) қаланған. Ошақ жиегі тігінен қойылған қыштан құрастырылған.

5-ші бөлменің ауданы 1,80x3,20 м. Интерьер тұрғысынан алып қарағанда ол еш ерекшеленбейді. Әуелде 5-ші бөлме бұдан шағындау, оның ауданы 1,8x2 м. болған. Әуелде кіре берістен адам оңға қарай бұрылып, 5-ші бөлмеге бірден ене берсе, кейіннен 5-ші бөлмеге өту үшін 4-ші бөлме арқылы жететін болған. 5-ші бөлме қойма қызметін атқарған болса керек. Осы бөлмені тазалау

барысында майла шініне қалдықтары, шағын ангобты сырлы кесе және бөлменің батыс бұрышынан еден деңгейіне жетпей жеті теңге табылды. Олар бір аумақта шашыранды қалпында, яғни бірі бірімен жатып, бірі жалпақ жағымен жатқан күйі табылды. Олардың ортасына орналасуы, теңгелердің әуелде жоғарыда бір-біріне жаппақ тұрып, еден бетіне біршама топырақ жиналған соң, бөлменің бұрылу барысында қулаған деп жорамалдауға болады. Осы кезеңнен табылған кесе жиегінің диаметрі 17 см., биіктігі 9 см. Оның табаны дөңгелекше келген, ойықты. Ойық ортасында қалыңды бар. Кесе түссіз сырмен көмкерілген. Оның үсті ақ сипамен боямақ, эниграфикалық оюлармен нақышталған. (38 сурет).

Бөлменің ортасында аршылған пеш-қумдандарды табылған. Мұндай ондіріс орындары үйдің алдында ғана табылған. Пештердің саны он бір(3 сурет). Үйдің оңтүстік-батыс бұрышында жандарлап 1-ші және 2-ші пештің қалдықтары табылған. 1-ші қумдандан тек отхана бөлігі ғана сақталған. Оның ені 1,13 м. Оның 9 нүктелен 1,13 м төменде. Әуелгі қалпында оның ені 1,13 м. Оның аузы оңтүстік-батысқа қарайды, оның ұзындығы 2,2 м., ені 0,70 м. Сақталған қабырғаларының биіктігі 0,7 м. Ол қам көтерілген. От лебінің әсерінен(аса жоғары температурадан) сылақ балқып түсі жасылданған.

2-ші қумдан 1-шімен іргелес, 2-ші қумданның аузы батысқа қарай (4 сурет) 0 нүктелен оның едені - 1,95 м. төмен жатыр. Оның қабырғалары камераның сақталуы өте нашар, қабырғаларының биіктігі 3-10 см. Сәресі қабырғадан 0,30-0,35 м. шығыңқы. Бетінде тақта көк сыр ілері сақталған. Отхана ішін бөшкеге ұқсатуға болады, оның табанының диаметрі 1,25 м., жоғарғы камераға қарай таралып, диаметрі 80 см. болады. Биіктігі 1,38 м. Орта белінде алғаш қабырғала ойықтар болған. Олардың төртеуі жақсы сақталған. Ойықтардың жоғарғы жақтары екі кесекті бір-біріне тігініп бұрыштарымен сүйеу арқылы жасалған. Оларды сағат тілі бағыты бойынша сипаттап шығайық. Біріншісінің табанының ені 40 см. қабырға ішіне 25 см. кіріңкі, биіктігі 62 см. Ойықтың жоғарғы ұшында оны үстіңгі камерамен байланыстыратын тесік бар. Оның диаметрі 7 см. Екіншісінің табаны 50 смx28 см., биіктігі 62 см., үстіңгінің диаметрі 5 см. Үшіншісінің табаны 46x27 см., биіктігі 63 см. Төртіншісінің табаны 42x27 см., биіктігі 59 см., үстіңгінің диаметрі 8 см. Бесіншісінің табаны 40x25 см., сақталған биіктігі 40 см. Қумдан табаны кейіннен текпішекті етілген. Пеш 18x38x6 см., 20x35x6 см. кесектен қаланған. Камераның ішінде

екі сылақтың ізі байқалады. Соңғы сылағына сабан қосылған екен. Оның іздері анық байқалып тұр.

3-ші құмдан үйдің шығыс жағындағы алаңда орналасқан (сурет). Оның аузы оңтүстік-шығысқа қараған, ені 55 см. Пешті алдында жоспарда дөңгелекше, ауданы 0,60x0,60 м. шұңқыр бар. Бұл пеш аузына кіруге оңтайланған шұңқыр. Отхананың іші жоспарда дөңгелек, диаметрі 0,90-1 м., бөшке тәрізді болып келген. Қабырғаларында төрт ойық жасалған. Бірінші ойықтың табаны трапеция тәрізді 55x22x41x28 см., биіктігі 70 см. Екінші ойықтың табаны 63x25x42x28 см. Үшінші ойықтың табаны 53x23x50x22 см., биіктігі 70-75 см. Алайда бұл ойықтар 2-ші құмдандағыдай тесіктермен жоғары камерамен байланыспайды. Отхананың едені 0 нүктеден - 1,60 см. төменде. Құмдан қабырғалары 38x25x6 см. кесекпен қаланған.

11-ші құмдан 3-ші құмданмен бір алаңда орналасқан. Оның аузы күншығысқа қараған (1,6 суреттер). Сақталған қалдығына қарағанда құрылымы өзгеше пеш. Оның шағын ауыз шұңқыры бар (45x22 см.). Камера жоспарда жарты дөңгелекке сайды. Оның алдыңғы жағынан ені 1,60 м., қалған жағының ауданы 1,09x0,7 м. Оның ішін еденге және қабырғалар бойы орналасқан сөреге бөлуге болады. Сөрелердің ені 40-50 см. Төбесі күмбезделі жасалғанына ұқсайды, камерасының биіктігі 1,15 см.

3-ші құмданның оңтүстік жағында 10-шы пештің қалдығы табылды. Ол созылыңқы шұңқыр үлгісінде. Ұзындығы 1,25 м., ені 0,3 м., тереңдігі 0,6 м. Оның қабырғалары сыланған, отта күйіп балқыған. Тазалау барысында ақ түсті күл шықты. 3-ші құмдан 10-шы пештен кейін салынған, оның солтүстік бұрышының бұзылғаны байқалады.

Құмдандар шоғырланған 3-ші алаң 1-ші үйдің батыс жағында. Алаң ауданы 7x8,50 м. Алаң жиегіне таман 5, 6, 7, 8, 9-шы пештер орналасқан. 5 пен 6-шы құмдандардың ауыздары тереңдігі 90 см., ауданы 1,7x1,3 м. шұңқырға қаратылған. Екі пеш те үйдің қабырғасына жабысқан. Құмдандар алдындағы шұңқыр едені 0 нүктеден 1,73 м төмен орналасқан.

5-ші құмданның едені 0 нүктеден - 2,20 см. төмен қабырғаларының биіктігі 2 м., (7, 9 суреттер). Құмдан қабырғалары 30x30x6 см. күйген қыштан өрілген, оларды мықтылық үшін қырынан қойған. Құмданның айналасына бақса футляр жасалған. Аршылған құмдан камерасының ең жоғарғы қабырға диаметрі 2,05 м. Құмдан ішінде екі сөре болған. Ал сақталуы жақсы қабырғаны айнала жасалған сөренің ені 45-57 см. Ол еденнен 1,4 м., едендегі тепкішектен 1,05 м. биікте. Құмданның төменгі жағы

ішінде қарай шығысқа, оның ұзындығы 1,20 м., биіктігі 1,25 м. сөрелер үлгісінде. Құмдан аузынан оның қарама-қарсы жағындағы едені 3,1 м. Құмдан іші сөрелерге қарай тарылып тұрды. Ең астыңғы қабатта құмдан едені тепкішекті, сөрелерінің екі үлкен және бір кіші ойықтары бар. Солтүстік жағындағы ойық табаны 85x32 см., биіктігі 55 см. Үстіне қарай тарыла келген. Ойық ішінде жоғарыға өтетін тесігі бар. Шығыс қабырға жақта орақ тәрізді пілген табаны 70x25 см., ені 16 см. ойық бар. Оның сөреден өтетін тесігі жоспарда ауданы 10x7 см. Оңтүстік-шығыс жақтағы ойық табаны 23x16 см., ені 15 см. Құмдан қабырғалары мен сөре беттерінде сақталған көк пен жасыл сыр іздері сақталған.

3-ші құмданға оңтүстік-батыс жағынан іргелес 6-шы құмдан орналасқан (7, 8 суреттер). Ол алдындағы пешпен салыстырғанда едені, сөрелері қабырғаларының диаметрі 1,2 м. Қабырғалардан қарай шығысқа егін жасалған сөрелері бар. Бірінші сөре ені 1,1 м. биікте, екінші сөре беті 1,8 м. жоғары орналасқан. Сөрелердің екі жағымен өткені байқалады. Үстіңгі сөрелердің қалдығының ауыла қандай болғаны белгісіз. Құмданның төменгі сөрелері ауыла төрт ойықты болып, кейіннен іші жарамсыз ыдыс-аяқтар арқылы 28x14x8 см. кесекпен қаланып, беті сыланып шырыштанған екен. Екінші қабаттың ерекшелігі оның сыртқа шыққан терезесінің болуы. Ол құмдан аузының үстінде орналасқан. Еңі 30 см., биіктігі 27 см., тереңдігі 20 см. Үшінші қабаттағы сөреде тесіктер болғанға ұқсайды. Алайда сөренің тесіктері нашар сақталған. Беттерінде тамған көк және жасыл сыр іздері бар.

3-ші құмдан алаңның солтүстік бұрышында орналасқан, аузы оңтүстік-шығысқа қараған. Ол нашар сақталған. Ол сүрлем қалған қазба шетінде болғандықтан қатты бұзылған (3 сурет). Сақталған оның табаны ғана сақталған, еден ауданы 1,70x0,8 м. Батыс қабырғада ойық орналасыпты. Ол қабырғаға 50 см. кіріңкі, ұзындығы 1 м.

9-ші құмдан алаңның солтүстік бұрышында, аузы оңтүстікке қарай бағытталған (10 сурет). Оның едені 0 нүктеден 1,52 м. төмен. Оған мен үстіңгі күйдіретін камера арасы ойық қабырғамен бөлінген. Астыңғы камерасы шағын. Едені тепкішекті. Отхана күмбезделіп аяқталады, оның төбесінде 25 тесік бар. Осымен қатар отхананың ауыз жағында бір тесік бар. Керамика күйдіретін камераның күмбезделіп жабылғаны байқалады. Себебі оның қабырғалары жоғары қарай иіле, тарыла бастаған. Оның солтүстік-шығыс жағында өнімді қойып алатын арнайы терезе орналасқан.

Алаң ортасында күйдірілген кірпіштер төселіпті (3 сурет). 5, 6-шы кумдандармен 9-шы кумданның арасындағы алаңның ортасында қыштан екі қатар көтерілген тұғыр шықты, бұл ұстынның тұғыры болуы ықтимал. Негізінен бұл алаң деңгейі үй едені деңгейінен төмен. Алаңның екі деңгейлі едендері байқалады. Алаңның жоғарғы едені бетінен көптеп сепая табылды. Сонымен қатар қалыппен жасалған ыдыс үлгілері, қалыптар кезікті.

1990-1991 жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарының барысында жоғарыда сипатталған бірінші үйден шығысқа қарай екінші үйдің қалдықтары аршылды. Бұл құрылыстың бір бөлігі қазба сыртында қалғандықтан оның екі бөлмесі ғана белгілі болып отыр. Қазу барысында бұл үйдің бұрынғы өндірістік алаң үстінде көтерілгені анықталды. 7-ші бөлме 17-ші кумданның үстіне тұрғызылыпты, 6-шы бөлменің астынан шағын өндірістік пеш қалдықтары аршылды.

7-ші бөлменің оңтүстік-батыс және солтүстік қабырғалары анықталмады. Бөлменің ауданы шамамен 3,5 м.х3,7 м. болған деп жорамалдауға болады. Бөлменің басым бөлігін сыпа алып жатыр. Есікке қарама-қарсы сыпа бөлігінде тандыр бар. Тандыр жиегінің диаметрі 55 см., түбіне қарай диаметрі 65-70 см. болып кеңейе түседі (11а сурет). Тандыр бетінде нан жабыстыру үшін жасалған сызықшалар бар.

Солтүстік-шығыс дуалының қалыңдығы 60-80 см. аралығында. Осы дуалдың ортасында ошақ-камин қалдығы сақталыпты. Ол кірпіш бөліктерінен қаланған. Ошақ ішін тазалау барысында күл, сүйек және қыш қазанша мен кесе бөліктері табылды. Оңтүстік-шығыс қабырғасының қалыңдығы 65-70 см.

7-ші бөлменің солтүстік-шығыс қабырғасы 8-ші бөлмемен ортақ. 8-ші бөлменің тек бір ғана бөлігі ғана аршылды. Бөлменің оңтүстік қабырғасының бөлігі белгілі болып отыр, оның қалыңдығы 60-70 см. Осы бөлікте табылған заттар: гипс, кварц және түрлі тастар (цветные камни) (В. И. Горяновтың - (Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейінің табиғаттану бөлімінің қызметкері) анықтауы. Мұны өндірістік орын деп түсінгеніміз жөн. 8-ші бөлмеден құмырашы шарығының оғы тірелетін тас табылды. Бірінші бөлмемен ортақ болып келетін дуалда ені 1 м., тереңдігі 40-50 см. ойық бар. Оның шеттеріндегі кесектердің қиылысуына қарағанда ол иіліп арка тәрізді аяқталған.

6-шы бөлменің жалпы ауданы 5,70х4,25 м. Оңтүстік-батыс дуалының қалыңдығы 55 м., солтүстік-шығыс дуал 70 см. Оңтүстік-батыс дуал бойы параллель етіп, қалыңдығы 18-20 см. кесектерден жұқа қабырғашық тұрғызылған. Бұл не сыпа жиегі, не болмаса

қабырғалары болып табылады. Бөлменің батыс бұрышында оңтүстік-батыс дуалы 110х60 см. етіліп қойма жасалыпты. Оның ішінде қалың ағаш қалдықтары табылды. Бұл бөлменің орнында бұрын шұңқыр болған. Олардың қалдықтары еден астынан, нақ еденің астынан табылды (3 сурет). 6-шы үйдің оңтүстік-батыс бөлмесі еденің бір өндірістік алаңның болғаны байқалады (3 сурет). Онда 12, 13, 14, 15, 16-шы кумдандар және шағын бір бөлме және бір 8-шы бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасының қалдықтары табылған, ауыздары бір шұңқырдан шыққан 12, 13, 14-ші кумдандар (3 сурет) бар. 12-ші кумдан үш қабатты болып келеді, оның әрбір қабаты сөрелермен бөлінген. Үстіңгі қабаттың едені 100х100 м. Үстіңгі сөресі нашар сақталған. Екінші сөре еденің 45 см. шығысқы етіп жасалған. Бұдан кейінгі кумдандардың қабаттарында ойықтар бар. Ойықтардың кенжесі еденің 25х20 см., биіктігі 55 см., екіншісінің едені 35х17 см., биіктігі 43 см. Үшінші алып ойық майда ойықтарды біріктіру үшін жасалған сияқты, оның табаны 80х25 см. Кумданның ауыз бөлмесінің ұзындығы 1,60 м., биіктігі 1,20 м. Оған қарай тарылады. Ауыз бөлменің төбесі кесектен өріліп кеткен. Кумданның іші сыланған, оның түсі жоғары ағаштананан асқарына жасыл болып өзгерген. Кумданның биіктігі оңтүстік-батыс бөлігінде 2,4х2,6 м. етіп, бақсадан көтерген. Оның едені аузының үстінде ойық бар. Оның ені 55 см., платформа ені 70 см. кірікті. Ойықтың қарайған тепкішегінде тиын-тас тәрізді зат табылады.

11-ші кумдан жақсы сақталған. Қазіргі жер деңгейінен бір метрлік ерек алынған соң-ақ оның үстіңгі бөлігі көріне бастады. 11-ші кумдан екі камераға бөлінген. Үстіңгі өнім күйдіретін камера еденің аяғына қалың келген, оның ұзындау жағының диаметрі 1,1 м., шағындау жағының диаметрі 1,05 м. Өнімді қойып-алатын камера еденің ені 80 см. Камераның едені көп тесікті. Камера аяғындағы оқи еденнен 50 см. жоғары қарай тарыла бастайды (3 сурет, А1А кесіндісі). Бұл камераның кумбез тәрізді төбесі қаланың бір аяғы.

13-ші, 13-ші және 14-ші кумдандар алдындағы шұңқырдың едені еденнен 2,2 м. төмен. Осы шұңқырды тазалаудың барысында оның ішіне сырланған тұтқасыз, шумексіз және мойны қысқа, ұзыны бөліктері, ырақ тұтқасының басында отырған кептер табылды (10 сурет). 14-ші кумдан едені 0 нүктеден 2,3 м. төмен жатыр. 15-ші кумдан алаңның оңтүстік-батыс бөлігінде. Оның едені 0 нүктеден 1,65 м. төмен. Камерасының диаметрі 70 см., қабырғалары еденнен 90 см. биіктікке дейін

сақталған.

16-шы құмдан осы алаңның батыс бұрышынан табылып отыр. Ол нашар сақталған. Ұзын жағы 70 см., қабырғалары еденнен 6 см. жоғары иіліп күмбезделіп келген. 18-ші құмданның қалдығы 2-ші үйдің оңтүстік бұрышында, оңтүстік-шығыс дуалмен іргеле жерде табылып отыр.

1995 жылғы қазбалар барысында 17-ші құмдан аршылды (1 сурет). Оның диаметрі үстіңгі деңгейде 2 м., табанынан үстіңгі сақталған дуалына дейін биіктігі 1,40 см. Камера қабырғасы айнала ішке қарай 40 см. шығыңқы сөре бар. Сөренің бетінде көк сыр тамған іздер сақталған. Сөреден төмен камера іші тарылды түседі. Камера қабырғаларында бес ойық жасалыныпты. Олар камера ішіндегі тепкішектен 20 см. жоғары орналасқан. Пеш аузынан сағат тілі бағытымен орналасқан ойықтарды сипаттап өтейік. Біріншісінің табаны 42 см., ішке қарай 40 см. тарылады, терендігі 25-35 см. дейін. Екіншісінің табаны 45 см., ішіне қарай 25-35 см. кіріңкі. Үшіншісінің табаны 50x25x50x35 см. Төртіншісінің табаны 50x30x45x25 см. Бесіншісінің табаны 52x25x35x25 см. Ойықтардың үсті екі кесекті бір-біріне тіреп сүйел арқылы жасалған. Барлық ойықтардың биіктігі 55 см. Пеш едені аузына қарай тағы да төмендейді.

Құмданды ашу барысында оны түрлі керамикалық өндіріс қалдықтарымен толтырғаны байқалды. Мұны пеш ішінде күймеген, алайда кептіруден өткен ыдыс бөліктері, сепая, сари үлгілері, алғашқы күйдіруден өткен ыдыс бөліктері мен екінші күйдіруде жарамсыз болған ыдыстар, жабысып қалған кеселер, мыс бөліктерінің табылуы айғақтап тұр.

Мыңшұңқыр шеберханаларының жұмыс істеген уақыты керамика үлгілері мен теңгелер негізінде анықталып отыр. I-ші үйдің бесінші бөлмесінен табылған теңгелер нумизмат ғалымдар Р. З. Бурнашева мен В. Н. Настичтің анықтауынша, Отырардың өзінде XIII ғасырдың екінші жартысында соғылған. Олар шағатайлық билеушілер соқтырған теңгелер. 12-ші құмданның ойық тепкішегінен табылған теңгені В. Н. Настич кейінгі карахандықтардың теңгесі деп анықтады.

Керамика үлгілері жалпы XIII ғасырдың басы - XIV ғасырға тән. Ақ ангоб үсті нақышталған сары сырлы ыдыстың кездеспей, яғни сары сырлы ыдыстың жоқтығы хронологияны нақтылай түседі. Археологиялық зерттеулерде аталған керамиканың XIV ғасырдан бері қарай болғанын көрсетеді (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.20). Бұған қоса кені жоқ тандырлардың XIII-XIV ғасырдың бірінші жартысындағы үйлерде ғана кездесетінін

көрсетіп көрсет (Ерзакович, 1986, с. 101-102; 1983, с. 82-84). Мыңшұңқыр шеберханаларының басына жататын шеберханалар XIII ғасырдың екінші жартысында, не болмаса одан бері дегенде XIV ғасырдың басында соғылған.

1931 жылы Қоңыр төбе (Күйік Мардан) қаласының оңтүстік-оңтүстік-шығыс бұрышы) монғол заманына жататын керамикалық құмдан қазылды (Агеева, Пашевич, 1958, с. 58-60). Ол жердегі ағарту тәрізді, диаметрі 2,5 м. қам кесектен соғылған. Қабырғалары тек, олар еденнен 1,25-1,83 м. биіктікке дейін сақталған.

Еденнен іші оңтүстік-батыс жағына қарай тарылған, оның ішінде пештің аузы бар, ені 0,45 м. Құмдан ішінде, шамамен 1,25 м. қам кесектен қаланған тіреу жасалған. Ол құмдан қабырғалары сырты сыланған. Тіреудің сырты дөңгелене келген. Оның биіктігі 1,35 м., диаметрі 1,27 м. Тіреу төменгі жағында пештің оңтүстік-шығыс қабырғасымен байланысады. Ол кеніңірек, іші күмб., ені 0,75 м., биіктігі 0,5 м. Оның аузы пештің оңтүстік қабырғасынан басталады. Ойықтың биіктігі 0,38 м., ені 0,45 м. Бұл ойық жоғарыда айтқандай, құмдан тіреуінің ішіндегі іші кеніңірек күмбеспен жалғасады. Сонымен қатар осы қуыстың ішінде қабырғасы тіреу арасында құмдан ішімен жалғасатын екі ойық бар. Күмб. қабырғалары жоғары температураның қолданынан күйіп сақталған. Пеш қабырғаларында сөре қалдықтары сақталған. Құмдан XIII-XIV ғасырларға жатады (Агеева, Пашевич, 1958, с. 58-60).

III. 2. Отырар рабадындағы шеберханалар

"Құмырашылар орамы" деп аталған шеберханалар Отырар қаласының оңтүстік-шығысқа қарай 250 м. жерде жатыр (2 сурет). Оған жүргізген Қ. М. Байпаковтың (1983, с. 17-27, рис. 1-10; Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 129-149, рис. 45-51) пікірінше, астыңғы қабаттағы шеберханалар XIII ғасырдың екінші жартысы - XIV ғасырдың бірінші жартысына, ал жоғарғы қабат XIV ғасырдың екінші жартысы - XV ғасырдың басына жатады. Төменгі қабатқа он бір шеберхана, үстіңгі қабатқа 12-ші және 13-ші шеберханалар жатады.

I-ші шеберханала тұрғын-жай мен өндірістік бөлмелер ажыратылған. Шеберхананың ауданы 157 шаршы м., ал өндірістік бөлігі 60 шаршы м. қамтылды. Өндірістік бөлмелер жағында (I-ші және II-ші бөлмелер) құдық, қоймалар, құмдан, өнім кептіретін және дайындау үшін жайлар, құмырашы шарығын қоятын шұңқыр орналасқан. Құмданның күйдіретін камерасының диаметрі 2 м.,

оның еденінде 12 тесік бар. Отхананың пошымы алып қоныра ұқсас, түбіне қарай кеңейе түскен. Тұрғын-жай қатарына 4 және 3-ші бөлмелер жатады. Оларда әдеттегі үйлердегідей сы тандыр, ташнау жасалған.

Көшенің арғы бетінде 2-ші шеберхана орналасқан. Оның жалпы ауданы 67 шаршы м., онда да тұрғын жай мен өндірістік бөлме жұптастырылған. 7-ші бөлмеде күмдан бар. Отханасының диаметрі 1 м., биіктігі 0,7 м., күйдіретін камерасының диаметрі 1 м., биіктігі 1,1 м., оның еденінде 15 тесік бар. Осы бөлмеде екі тандыр жасалған. Бұлар пошымдалған ыдыстарды кептіру үшін қажет болса керек, деп жобалайды К. М. Байпаков(1983, с. 23). 8-ші бөлмеде төрт тандыр аршылып отыр. Ауданы 17,2 шаршы м. 9-шы бөлмеде тандыр мен қамбалар жасалған. 9-шы бөлмеден күмырашы құралдары - қыш төсшелер(наковаленки) табылды.

3-ші шеберхана 1-ші мен 2-ші шеберханаларға оңтүстік-шығыс жақтан жапсарлас жатыр. Ол 5 бөлмеден тұрады. Жалпы сақталған күмдан орналасқан. Отханасының биіктігі 1 м., диаметрі 1,9 м. Күйдіретін камерасының диаметрі 2,2 м., оның қабырғалары 0,5 м. деңгейге дейін сақталған. Күйдіретін камера мен отхананың бөліп тұрған еден ортасында диаметрі 0,7 м. ойық бар, оның айналасында 7 тесік жасалыпты. Шеберхананың жалпы ауданы 75 шаршы м. 4-ші шеберхана 1-ші шеберханамен жапсарлас жатыр. Ол әдеттегідей өндірістік және тұрғын-жай бөлмелерге бөлінеді. 24-ші бөлмеде, оның оңтүстік-шығыс бұрышында күмдан қалдығы табылды. Осымен қатар бұл бөлмеде екі тандыр аршылды. 19 және 21-ші бөлмелерде сыпа мен тангдырлар бар. Шеберхананың жалпы ауданы 110 шаршы м.

5-ші шеберхана төрт бөлмеден тұрады. 11 мен 11а деген белгіленгендер тұрғын-жайлар. Екі күмдан аршылып отыр. Олардың диаметрлері 1,2 м. мен 1,3 м. Оңтүстігіндегі күмдан қабырғасында түтін жүретін жолдары бар. 32-ші ауыз бөлмеде ауданы 0,5x1 м. қамба орны аршылды. Шеберхананың жалпы ауданы 114 шаршы м.

6-шы шеберхана 4-ші шеберханамен іргелес. Өндіріс бөлігі 18-ші бөлме кіреді. Онда екі тандыр бар. 36-шы және 38-ші бөлмелер К. М. Байпаковтың(1983, с. 27) пікірінше, тұрғын-жай бөлмелері болып табылады. Шеберхананың жалпы ауданы 80 шаршы м. 1-ші шеберхананың бір ғана бөлмесі аршылған. Онда күмдан қалдығы табылған.

Осы шеберханалар тобынан батысқа қарай 50 м. жерде керамикалық шеберханалардың екінші кешені табылды. Ол

Шеберхананың тұрағы(Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, 148-149 рр. 32-33).

2-ші шеберхана өндірістік үш бөлмеден тұрады. 3-ші бөлмеде күмдан қалдығы табылды. 20-шы пештің күйдіретін камерасының диаметрі 1,83 м. Еденінде 12 тесігі бар. Отхананың едені күш қонырау тәрізді, оның биіктігі 1,4 м., табанының ені 1,1 м. 21-ші күмдан нашар сақталған, күйдіретін камерасының диаметрі белгісіз, отхана жоспарда алмұрт тәрізді, ұзын жағы 2 м., қысқа жағы 1 м., биіктігі 1,3 м. 9- шеберхана жартылай сақталған. Ауданы 44 шаршы м., аланда екі күмдан отханасы сақталғаны. 22-пештің отхана ұзындығы 2,5 м., ені 1,7 м.

10-ші шеберхана үш өндірістік бөлмеден тұрады. 24-ші бөлмеде отхана қалдығы ғана сақталыпты. Отхананың пішіні алмұрт тәрізді болып келген, үлкен жағының диаметрі 2 м., тарлау жағы 1,1 м. 1-ші бөлменің оңтүстік қабырғасына іргелес отханың төменгі бөлігі орналасқан. Өндірістік мақсатта пайдаланылған 10-шы бөлменің ауданы 6,5x6,7 м. Осы бөлмеде отханың шығыс жағында саз алатын карьер болыпты. Оның ұзындығы 1,5x3 м., 2м. те дейін тереңдікте топырақ алынған.

11-ші шеберханаға тиісті екі - 12-ші және 11-ші бөлмелер табылған. 12-ші бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында 25-ші күмдан бар. Оның алмұрт тәрізді отханасы бар. Бұл камераның диаметрі 2,7 м., ені 2м. те жеткен.

Күмырашылар аранындағы XII ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасырдың басына жататын 12-ші мен 13-ші шеберханалар тұрағына таяу орналасқан(Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, 148-149 рр. 34-35). 12-ші шеберхана ең көлемді болып табылады. Оның өндірістік бөлігі төрт бөлмеден тұрады. Ауданы 100 шаршы м. 10-шы бөлменің үштен екі бөлігін төрт пеш алып жатыр. 4,5x6-шы күмдан ауыздары бір алаңға шыққан, 7-ші пеш осы күмданға орналасқан. Бұлардың ішінде ең жақсы сақталғаны 5-ші бөлме. Күйдіретін камерасының диаметрі 2,1 м., еденінде 13 тесігі бар. Келген пештерінің күйдіретін камералары сақталмаған. 4-ші бөлменің камерасының диаметрі 2,5 м., 6-шы күмдан камерасының диаметрі 1,3 м.

11-ші шеберхана аталған шеберханаға солтүстік-шығыс жағынан жапсарлас орналасқан. Ол екі өндірістік бөлме мен тұрғын-жай бөлмесі пайдаланылған екі бөлмеден тұрады. 16-шы пештің алдында 13-ші А бөлменің бұрышында. Оның тек төменгі камерасы ғана сақталған.

III. 3. Отырар шахристанындағы шеберханалар.

Отырар шахристанының ішінде XIV ғасырдың екінші жартысы - XV ғасырдың бірінші жартысына жататын шеберханалар аршылды. Олардың бір тобы қамалдың іргесінде болған (Ү қазба). Қаланың ортасындағы III қазба орнында керамикалық пештері бар үйлер табылды.

III-ші қазбадағы керамикалық шеберханалар жөнінде тоқтала кетсек, "И" орамындағы тоғыз үйдің үшеуінде (2, 3, 7-ші үйлер) керамикалық шеберханалар табылды. Керамикалық пештері бар бөлмелердің есігі тұрғын-жайлардан бөлек орналасқан. Алайда олардың қабырғалары сол үйлерге жапсарлас. Барлық шеберханаларда бір-бір пеш бар. Құмдандардың тек отхана сілімдері сақталғандықтан, олардың құрылысы жөнінде нақты мағлұмат жоқ (Акишев, Ерзакович, 1987, с. 45-56, рис. 19).

Ү-қазбадағы керамикалық шеберханалардың құрылымы қала орталығындағыдан өзгеше. Тұрғын-жайлардан бөлек, әуліде сыпа мен құмдан орналасқан. 1-ші үйдің ауласында ангоб сақтайтын арнайы орындар, поташ дайындайтын пеш табылды. Пеш ұзындығы 2 м., ені 0,5 м., тереңдігі 0,6 м. шұңқыр ішіне жасалған. Оның қабырғалары отта күйіп балқыған. Пештің іші ақ ұнтақ күлге тола болып шықты. Пештің қасында оңтүстік-батыс қабырға бойы қызыл, жасыл ангоб сақтайтын саз жәшіктер орналасқан.

2-ші үй бір бөлмелі, ауданы 5,5x3,5 м. Мұнда дәстүрлі сыпа мен ташнау бар. Оңтүстік қабырғада бір топ ойықтар жасалған. Осы ойықтардың ішінде күйдірілмеген ыдыс үлгілері табылды. Ең қызығы сыпа үстінде құмырашы шарығының қалдығы табылды. 3-ші үйде пеш қалдығы табылды.

Қолда бар материалдар XIII-XV ғасырларда Отырардың ірі керамикалық өндіріс орны болғанын көрсетеді. Қазба барысында аршылған шеберханалардың алып жатқан ауданы, онда орналасқан құмдандар саны әртүрлі. Хронологиялық тұрғыдан шеберханалар әр кезеңге жатады.

IV ТАРАУ. XIII - XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КЕРАМИКА ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.

Технология деп дайын бұйым алу үшін өндірістік процесстерде пайдаланылатын шикізаттың, материалдың немесе шала өнімнің пішінін, оның қасиеті мен күйін өзгерту және оларды дайындау мен өңдеу тәсілдерінің жиынтығын атайды. Керамика өндірісінде өзіне ғана тән технологиялық процесс қалыптасқан. Ол әртүрлі тәсілдермен орындалатын құрама бөліктерден тұрады. Керамика өндірісінің технологиялық процесі біріншіден, шикізатты

дайындау, күйшітеу, оны пішімдеу (формовка), яғни өнімнің пішінін келтіру, үшіншінен, өңдеу және күйдіру сияқты төрт кезеңнен тұрады (Сайко, 1982, с. 9).

IV.1. Мыңшүңқыр шеберханаларының өнімдері,

Керамикалық шеберханада жасалған өнімдерді талдап тану үшін шеберлердің өмір-тәсілдері мен құрал-саймандары жөнінде нақты мағлұмат алуға болады. XIII-XV ғасырлардағы Отырар шеберханасы бір топ зерттеулерде жүйеленіп зерттелгеннен кейін (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, Ерзакович, Ерзакович, 1990; Байпаков, 1990 б), біз ғылыми зерттеулерімізге Мыңшүңқыр шеберханаларының өнімдерін нақты зерттеуге назар аудардық. Бұл жұмысты жасауда ең алдымен А. Федоров-Давыдов пен И. М. Булатовтың (1989, с. 195-217) Ақшаң Орта керамикасын жүйелеу тәжірибесіне сүйендік.

Мыңшүңқырдан табылған сырлы керамика сырының түсіне, пішіміне келісіне қарап жіктелді.

I. Түсті, мөлдір сырлы ыдыстар.

1. Қара, қарамен бояулармен нақышталған (18, 3, 4, 5 сурет).

2. Қара бояумен нақышталған (19, 5 сурет).

3. Қалампа, қара, жасыл бояулармен нақышталған (18, 6; 19, 1, 2 суреттер).

4. "Қақ піябен қуырылған жұмыртқа түсті" (яичница с луком) пішімімен нақышталып, кеппеген ыдыс беті сызыланып (гравировка) өрнектелген (20 сурет).

II. Аспан көк, мөлдір сырлы ыдыстар.

1. Ақ ангобты фон үсті қара бояумен нақышталған (21, 3; 22 суреттер).

2. Кеппеген ыдыс беті сызыланып (гравировка) өрнектелген (22, 1 сурет).

III. Қою аспан көк түсті сырлы ыдыстар.

1. Қалампа жасалған (35, 34 суреттер).

2. Нақышсыз (39 сурет).

IV. Сары мөлдір сырлы ыдыстар.

1. Қызыл ангобты фон үсті рельефті ақ ангобпен нақышталған (23, 1, 3, 5, 6 сурет).


2. Ақ ангоб үсті ыдыс кеппеген кезде сызыланып (гравировка) өрнектелген (24 сурет).

3. Қара бояумен нақышталған.


V. Жасыл түсті мөлдір сырлы ыдыстар.

1. Қызыл ангобты фон үсті ақ ангобпен нақышталған (23 сурет).


2. Кеппеген ыдыс беті сызыланып өрнектелген (гравировка)




18 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
Рис. 18. Мыншункур. Глазурованная керамика.




19 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
Рис. 19. Мыншункур. Глазурованная керамика.



20 сурет. Мыңшунқыр. Сырлы ыдыс.
Рис. 20. Мыншункур. Глазурованная посуда.




21 сурет. Мыңшунқыр. Сырлы керамика.
Рис. 21. Мыншункур. Глазурованная керамика.




23 сурет. Мыншунқыр.
 Сырлы керамика.
 Рис. 23. Мыншункур.
 Глазурованная керамика.


2 см




22 сурет. Мыншунқыр. Сырлы керамика.
 Рис. 22. Мыншункур. Глазурованная керамика.

2 см







24 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
 Рис. 24. Мыншункур. Глазурованная керамика.




25 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
 Рис. 25. Мыншункур. Глазурованная керамика.




27 сурет. Мыншункур. Сырлы керамика.
 Рис. 27. Мыншункур. Глазурованная керамика.




26 сурет. Мыншункур. Сырлы керамика.
 Рис. 26. Мыншункур. Глазурованная керамика.




28 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
 Рис. 28. Мыншункур. Глазурованная керамика.




29 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
 Рис. 29. Мыншункур. Глазурованная керамика.




30 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
Рис. 30. Мыншункур. Глазурованная керамика.




2cm




31 сурет. Мыншункыр. Керамика: 1, 2, 3- сырлы, 4, 5- сырсыз.
Рис. 31. Мыншункур: 1, 2, 3- глазурованная, 4, 5- неполированная керамика.




32 сурет. Мыншункыр. Сырлы керамика.
 Рис. 32. Мыншункур. Глазуванная керамика.




33 сурет. Мыншункыр. 1, 2, 3, 4- керамика, 5- кола.
 Рис. 33. Мыншункур. 1, 2, 3, 4- керамика, 5- бронза(тарелка сложносоставного светильника).




34 сурет. Мыңшүңкыр. Сырлы керамика.
 Рис. 34. Мыншункур. Глазурованная керамика.




35 сурет. Мыңшүңкыр. 1, 2- калыштар, 3, 4- калыппен жасалган сырлы керамика.
 Рис. 35. Мыншункур. 1, 2-калыбы, 3, 4- поливная штампованная керамика.



36 сурет. Мыңшунқыр. Қалыппен жасалған торсық бөлігі
 Рис. 36. Мыншункур. Штампованная фляжка(фрагмент)





37 сурет. Мыңшунқыр. 1, 2, 3- күбба бөліктері, 4-кұмыра.
 Рис. 37. Мыншункур. 1, 2, 3- глазурованные куббы(навершия куполов), 4
 кувшин(неполивной).



2 см


38 сурет. Мыншункыр. 1, 2, 5, 6-сырсыз керамика, 3, 4 сари.
Рис. 38. Мыншункур. 1, 2, 5, 6-неполивная керамика, 3, 4-сари (печной припас).




2 см


39 сурет. Мыншункыр. Сырлы кутьялар.
Рис. 39. Мыншункур. Глазурованная керамика.

40 сурет. Мыншунқыр. Күбәгалар.
 Рис. 40. Мыншункур. Куба-навэршия куполов.




41 сурет. Мыншунқыр. Сәулеткерлік керамика.
 Рис. 41. Мыншункур. Архитектурный декор.






42 сурет. Мыншукыр.
Сәулеткерлік
керамика.
Рис. 42. Мыншукыр.
Архитектурный декор.



43 сурет. Мыншукыр. Сәулеткерлік керамика.
Рис. 43. Мыншукыр. Архитектурная керамика.



44 сурет. Мыншұңқыр. Майолика.
Рис. 44. Мыншункур. Майолика.

VI. Қою жасыл түсті сырлы ыдыстар.
VII. Ақшыл жасыл түсті сырлы ыдыстар.
Бұл керамика Қытайдан келетін "селадон" үлгілеріне еліктеуден пайда болған.

Мыншұңқыр шеберханаларынан табылған сырлы ыдыстарды сырт пішіндеріне қарап келесі топтарға бөлуге болады.
Кеселер.

Ыдыстың бұл үлгісі Мыншұңқыр шеберханасының ең басты өнімдерінің бірі десе де болады. Бұлардың қабырғалары жарты сфера тәрізді, дөңгелене көтеріліп тік жиекпен аяқталады. Табаны сақина тәрізді болып келген. Сипатталған кесе үлгісі 3-ші құмдан айналасынан табылды. Жиегінің диаметрі 19 см., биіктігі 9 см. (22 сурет).

Пошымы жарты сфера, жиегі шамалы ішке қарай иілген, табаны сақина тәрізді. Мұндай үлгідегі кесе I-ші үйдің 5-ші бөлмесі ішінен табылды. Биіктігі 9 см., жиегінің диаметрі 17,5 см.х(45, 1 сурет).
Пошымы жарты сфералық, жиегі тік көтерілген, табаны ойылған аяқ тәрізді (30, 1 сурет).

Тарелкалар.

Бұл ыдыстың бойы өте аласа, 4 см., жалпақ келген, сөре тәрізді жиегі бар. Ыдыс диаметрі 18-19 см.

Табактар.

Бұлар алдыңғы ыдыстарға қарағанда әлдеқайда ірі және жиектерінің диаметрлері 32-34 см.

Бүйірі жартылай сфера үлгісінде, табаны сақина тәрізді, жиегі тік (19, 5, 6 сурет). Пошымы кесілген конус тәрізді, жиегі сыртқа қарай иілген, табаны сақина іспеттес (20 сурет).

Пошымы кесілген конус, жиегі ішке қарай иілген, табаны сақина үлгісінде (24, 1 сурет).

Бұлар Хиуа өңіріндегі "бадийя" деп аталатын ыдыс үлгісіне өте жақын. Мұндай ыдыс тамақ салу пайдаланылады екен (Екимова, 1959, с. 362-364, рис. 9, 4; 10). Жалпы көлемі жағынан Хиуа мен Мыншұңқыр өнімдері бір-біріне жақын.

Кубоктар.

Табаны кесілген конус тәрізді, бүйірі басылған шардың бір бөлігі білетті, өрнеуі сыртқа қарай иілген (18, 2; 31, 1; 4, 7, 8 суреттер). Хиуа ауданында мұндай ыдыстар "чанак" деп аталады. Бұл қыш ыдыстың пішіні ағаш ыдысқа еліктеуден, оны қайталаудан туған деп есептелінеді (Екимова, 1959, с. 362, рис. 9, 1).

Құмыралар.

Бүйірі шар пішінді, шүмегі ұзын, бір тұтқалы болып келген (22, 1 сурет). Пішіні амфора тәрізді екі тұтқалы, биіктігі 33 см., бүйірі

жұмыртқа үлгісінде(ен кең жерінің диаметрі 30 см.), табаны жалпақ(диаметрі 11,65 см.). Мойны қысқа, Г тәрізді тұтқалардың төменгі жағы иығына, үстінгісі жиегіне бекітілген.

Көзелер.

Бүйірі биконустық пошымды болып келген, жиегі сыртқа қарай иілген(21, 1 сурет). Біздегі нұсқалар фрагментті болғандықтан табаны беймәлім болып тұр.

Тағаралар.

Жалпы пошым кесіндісі трапеция тәрізді, сыртқа қарай иілген, сөре тәрізді жиегі бар(54, 2 сурет).

Шырақтар.

Негізгі бөлігі көп қырлы, іші цилиндр үлгісінде, төбесі жабық. Май құюға арналған тесігі бар. Тұмсығы ұзын. Тұтқасы жануар үлгісінде жасалған. Жануарлардың бас пішіндеріне қарап, олар қасқыр, елік болып ажыратылады(34, 1, 2, 3, 4, 5 сурет). Күс кейпінде (кептер?) жасалған үлгілер бар(32, 10 сурет).

Бүйірі қырлы пошымды, төбесі жартылай жабық, дөңгелек тесігі бар, ұшы үшбұрышты болып жасалған(33, 2, 3 сурет). Шамдардың басқа да үлгілері болғанға ұқсайды. Шырағдан тәрізді қыш шамдандардың тұғырлары табылды(32, 3, 9 сурет).

Бүйірі қырлы, төбесі жабық, төртжұлдызды тесіктері бар, биік аяғы бар, тұмсықты шырақ(55, 1 сурет).

Қақпақтың бүтін үлгісі қазылған жерлерден табылмаған. Алайда қақпақтың ит тәрізді тұтқасы шыққан(32, 12 сурет).

Түбектер.

Пошымды цилиндр тәрізді, сыртқа қарай қайырылған, сөре тәрізді жиегі бар. Биіктігі 16,5 см., табанының диаметрі 7,5 см., жиегінің диаметрі 16,5 см.

Тасымалдауға арналған қутылар.

Бұлардың пошымды жұмыртқа тәрізді. Бүтін сақталған ыдыстың биіктігі 41 см(39, 1 сурет). Табаны сақина тәрізді, мойнындағы тесігінің диаметрі 3,5 см. Жиегі сыртқа қарай иілген, оның сыртқы шетінің диаметрі 6,5 см. Сырты аспан көк сырмен қапталған. Ішкі сырдың түсі от лебінің ішіне нашар тиюіне байланысты болса керек. Шарықта жасалған, ішінде рифлениесі бар. Осы іспетті ыдыстардың табанының, мойнының құрылысы өзгешелеу, байлауға ыңғайланып жасалған(39, 2, 3, 4, 5 сурет). Бұларда ұстайтын тұтқа жоқ. Осы өзгешелігіне және іші-сыртының сырлы болғанын ескеріп, бұлардың сұйық затты көлікпен тасымалдауға арналған ыдыстар деп жорамалдауымызға негіз бар.

Қалыппен жасалған ыдыстар.
Осы арада табылған қалыптардың санына қарап олардың аз

еместігін байқаймыз. Бізге торсықтың(фляга) бір бөлігі жетіп отыр. Кесегі сұр түсті. Торсықтың бет жағы ақ ангобпен көмкерілген. Ыдыс беті 14 жапырақты гүлдермен, дөңгелекше шеттері құстар бейнесімен өрнектелген. Торсық диаметрі 9 см(36 сурет).

Сырсыз керамика.

Құмыра. Мойны жіңішке, шүмекті. Бүйірі шар тәрізді, мойнында жиегінен төмендеу шығыңқы белбеуі бар. Тұтқаның бір шеті белбеуден төмен жердегі мойнына бекітілген, екіншісі ыдыс иығына орналасқан(38, 6 сурет). Мұндай жіңішке мойнды құмыралар Отырардың XIII-XIV ғасырлардағы ыдыстардың арасында кездеседі(Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с. 105; 1987, рис. 12, 37).

Бір тұтқалы шүмексіз құмыра 12 күмданның ішін тазалау барысында 2-3 күрек терендіктен шықты. Кесегі қызыл, шарықта жасалған. Жалпы пошымды алмұрт тәрізді, табаны жалпақ(37, 4 сурет). Мойны қысқа, иығы толқын іспетті және көлденең сызықшалармен өрнектелген. Тұтқаның аяғы бүйірге, басы мойынның ортасына жапсырылған. Мойны саусақ ұштарын басу арқылы өрнектелген.

Тағара. Кесіндіде оның пошымды трапеция тәрізді, жиегі сыртқа қарай қайырылған. Оның диаметрі 46 см., биіктігі 11 см. Іші қоңыр ангобпен көмкерілген.

Қазанша(горшок). Пошымды сфера үлгісінде, табаны жалпақ, жиегі біршама сыртқа қарай иілген. Екі құлағы бар. Қазанша құмырашы шарығында жасалған(38, 2 сурет).

Хүм(38, 1 сурет). Бұл ыдыстың тек мойны сақталған. Оның жиегі сөре тәрізді, сыртқа қарай иілген. Жиегінің астында саусақ ұштарымен қысып жасалған өрнек белдеушесі бар.

Сәулеткерлік керамика.

Мыңшұңқырда табылған сәулеткерлік нақыштарды пайдалану орындарына орай бірнеше бөлімдерге бөлдік.

I- бөлім. Құббалар.

Арабтың "құбба" сөзі күмбез дегенді білдіреді(Эрмитаждың Шығыс бөлімінің меңгерушісі, т. ғ. ғ.к. А. А. Ивановтың кеңесі). Құбба деп ғылыми әдебиетте күмбездің ұштарына орнататын керамикалық шошақтарды атайды. Олардың пішіні спортта жетістік үшін берілетін кубоктарға ұқсайды. Құббаның іші қуыс, табан жағы кеңейтілген, жоғарғы жағы шар үстіне орнатылған конус тәрізді. Мойны мен табан бөліктері белдемше-буындарға бөлінген. Мыңшұңқырда төрт бүтін құбба және оның бөліктері табылды. Ортағасырлық Қазақстан мен Орта Азия кесенелерінің күмбездеріне әдетте құбба орнатылып отырған(Массон,

Пугаченкова, 1950, с. 84). Мұндай куббалар Отырардың алғашқы қазба жұмыстарының барысында мола ішінен табылған (Кларе, 1904, с. 36). Куббаның дәрекілеу, соңғы бір-екі ғасырда жасалған үлгісін Созақтағы Қара Бура мазарынан кездестірдік. Кларе еңбегінде жарияланған фотоға қарағанда Отырардан табылған нұсқа осы мыңшұңқырлық куббаларға өте жақын.

1 топ. Жасыл, не көк сырмен сырланған, бетінде ою-өрнегі жоқ (37, 1-3; 40, 2-9 суреттер). Бүтін нұсқаның биіктігі 33 см. Ол 6-шы кумдан камерасын тазалау барысында табылды. Оның биіктігі 27 см., табанының диаметрі 14 см., шарының диаметрі 18 см (40, 1 сурет). Шар бетін айналдыра 10 ромб - медальон түсірілген. Әр медальонның ішінде төрт жапырақты гүл салынған. Куббаның табанына таман иілген жапырақтар ойып салынған.

II бөлім. Сырлы қаптаулар.
Бұлар әдетте түрлі пішіндегі плиткалар. Негізінен олар кесене беттерін нақыштауға пайдаланылған.

1 топ. Түрлі пішінді, бір түсті сырмен сырланған. Төртбұрышты, бесбұрышты, жалпақ текпішекті қабырға қаптаулармен (41, 5, 6, 7 сурет) қатар біршама иілген күмбездің бетін қаптауға арналған плитка үлгісі бар (41, 3 сурет).

2 топ. Түрлі сырмен қапталған, қаптау бетіндегі сырлар араласып түстері көмескіленбеуі үшін аралары терең сызықпен бөлшектенген.

III бөлім. Панджаралар.
Сәулетті ғимараттардың терезелеріне қойылатын қыш торлар (решетка). Мұндай заттардың екі үлгіде жасалған нұсқалары табылды. Алғашқысы шынжыр тәрізді рельефті өрнегі бар, беті қою көк сырмен сырланған үлгі (42, 3 сурет). Екіншісінің сыры дайындалу барысында жарамсыз болған үлгі болса керек (41, 8 сурет). Панджара бөліктері Отырар рабадындағы керамистер орамында, Отырар мешітін қазу барысында табылды (Ақишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 108).

IV. Оюланған сырлы, сырсыз терракоталар.
Сәулеткерлік нақыштың бұл түрі қабырғаларды, бұрыштарды әшекейлеуге пайдаланылды. Олардың бір бөлігі жасыл көк сырмен сырланған, ал кейбір үлгілері сырлауға дайындалған күйінде жеткен.

1 топ. Жалпақ пішінді түрлі медальонмен төртбұрышты үлгідегі плиткалар (41, 1; 42, 1, 2, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12; 43 суреттер).

2 топ. Бұрыштарда орналасатын бөлшектер (41, 2, 4; 42, 5 суреттер).

V. Майоликалық қаптаулар (44 сурет). Олар әдетте төртбұрышты, қабырға немесе қабір бетін нақыштауға арналған.

1 топ. Ақ ангоб бетін қара бояумен нақыштап, жасыл сырмен көмкерген.

2 топ. Ақ ангоб бетін қара бояумен нақыштап, түссіз сырмен көмкерген.

2. Шикізатты дайындау.

Керамика өндірісінің технологиялық процесі ең алдымен шикізат дайындаудан басталады. Отырар өңіріндегі топырақ негізінен кебірлі және тұзды болып келгендіктен (Грошев, 1985, с. 14), керамист сазды - топырақ іздеп табу керек. Отырар өңірінде керамика жасаумен қазіргі кезде айналысып жүрген К. Қарабалалов (1990, 40-41 б.) қажетті шикізатты Арыс жағасынан алады. Археологиялық зерттеулер керамика жасау үшін қолданылған шикізатты шеберлер қайдан алды деген сауалға біршама жауап береді. Керамикалық өнім жасауда жергілікті саз пайдаланылғаны анық. Кейде шеберхана түбінде шикізат алатын орындар аршылып жүр. Отырар рабадындағы оныншы шеберхана түбінен жобада дөңгелекше келген, ұзын жағы 7,5 м., ені 4 м., терендігі 2 м. шұңқыр (карьер) аршылды (Ақишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 146). Мыңшұңқыр, Отырар рабадындағы керамикалық шеберханаларындағы шұңқырлар біздің пікірімізше, ең алдымен саз алу мақсатында қазылған. Кейіннен олар өндіріске қажетті кумды сақтайтын қойма ретінде пайдаланылған сияқты. Мұндай шұңқырлар сазды алғашқы өңдеу - топыраққа су құйып лай жасау процесін жүргізетін орын ретінде қолданылған. Шахрухия қаласында табылған шеберханада шұңқырларды осылайша пайдаланған деген пікір бар (Буряков, Тихонин, 1981, с. 63-64).

Мыңшұңқырдан табылған кейбір ыдыс үлгілерін біздің өтінішіміз бойынша микроскоп арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы, Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институтының қызметкері Т. Тепловская қарап шықты. Бұл маманның пікірінше, керамистер асхана және сәнді өнімдерге қажетті лайды екі түрлі сазды араластыру арқылы (карбонатная глина и ожелезненная) дайындаған. Құрамында темір қосындылары көп саздар аса икемді және отта жақсы балқып жабысады екен. Құрамында карбонат (CaCO_3) көп саздар аса жоғары температурада болмаса да жақсы күйген. Сондықтан түрлі саздарды араластыру тәсілін шеберлер кең қолданған. Олардың мөлшеріне басты назар аударған (Сайко, с. 11-12). Мыңшұңқыр керамикасы - осындай саздарды араластыру

арқылы жасалған.

Керамистер әкелінген саздың сапасын арттыру мақсатында оған су күйіп, ұзақ уақыт күн көзінде жаңбыр астында жатқызып қойған. Оларды аударып тұру лайдың икемделуіне (халық арасында оны лайдың июін қандыру дейді) тиімді деп саналады (Кверфельд, 1974, с. 11-12). Керамика өндірісіне қажетті құмды Отырар шеберлері Арыс бойынан, не осы өңірдегі далалық аймақтан алып отырған. Қазір де Темір стансасының қасында жел үйген құмдар бар.

Этнографиялық деректер бойынша, Хиуа өңірінде шеберлер ірі ыдыс жасау үшін екі арба саз, екі шелек су, екі тағара құм мен екі құмырадай "тозуак" деп аталатын шөптің дәнін пайдаланған. Шеберханаға жеткізілген сазға әкелінген бетте бір шелек су күйіліп отырған. Сазды илеудің алдында тағы бір шелек су күйілген. Шеберхана еденіне құм төселген жерге ұста, не болмаса оның шәкірті бұрышта тұрған лайдың бір бөлігін аударып қояды да аяғын жуып сазды басады. Біршама уақыт өткен соң, саздың ортасында шұңқыр жасап, ішіне "тозуак" дәні мен құм салып, оны қайта басады. Саз әбден араласып жайылған соң оған жаңа саз қосып, шөп дәні мен құм қайта қосылады. Осылайша барлық әкелінген саздың июін әбден қандырғанша жалғастыра береді. Бір орыннан екінші жерге сазды жоғарыда сипаттағандай аударып отырады. Осылайша шәкірт лайды бір сағат жиырма бес минуттай дайындайды (Екимова, 1959, с. 353-354). Осы үлгіде даярланған саз бір ыдыс жасауға жеткілікті мөлшерде бөлшектенеді. Этнографиялық әдебиетте мұны "гунт" деп атайды (Пещерова, 1959, с. 141, рис. 39, I; Рахимов, 1961, с. 37). Осындай құмырашыға алдын-ала дайындалған бөлшектер Мыңшұңқыр шеберханасында екінші шұңқыр ішін қазу барысында табылды. Олардың бірі цилиндр үлгісінде, диаметрі 15 см., биіктігі 9 см. Екіншісі қысқартылған конус тәрізді, табанының диаметрі 15 см., үстінің диаметрі 11 см., биіктігі 7 см. Екеуінің де материалы саз (45 сурет).

Шикізат ретінде пайдаланылатын саздың құрамы керамика түсін өзгертіп отырған. Саз құрамында темір көп болса керамика әдетте қызыл түсті болған. Ал ақшыл не сұртүсті керамика жасауда әдетте әк қосындылары көп саз алынған.

ІҮ. 3. Өнімнің пішінін ұқсату.

Ортағасырлық керамика негізінен шарықта (гончарный круг) жасалған. Ыдыстарды шарықта жасау керамикалық бұйымдардың сапасын жақсартып пошымдарын күрделендірді. Мыңшұңқыр, Отырар керамикаларының шарықта жасалғаны бірден көрінеді. Енді Отырар шеберлерінің өндірісте пайдаланған шарық

жөніндегі мағлұматтарға назар аударайық.

Отырардың Ү қазба орнында ХІҮ ғасырдың екінші жартысы мен ХҮ ғасырдың басына жататын екінші үйдегі алтыншы бөлмеде құмырашы шарқының бөлігі (күйген қабатта) аршылды. Оның диаметрі шамамен 1 м. Этнографиялық зерттеулер Хиуа құмырашылары ыдыстарды аяқпен айналдыратын шарықта жасағанын көрсетеді. Ол әдетте тік діңгекте орналасқан екі ағаш дөңгелектерден тұрады. Үстіңгі дөңгелектің диаметрі 18-25 см., ал төменгі аяқ қойып айналдыратын дөңгелектің диаметрі 85-95 см (Екимова, 1959, с. 347). Оңтүстік Хорезмде шарық екі дөңгелектен тұрған, астыңғысы "ұлы құмач" деп аталған, диаметрі 90 см., үстіңгісі "кіші құмач" деп аталған, диаметрі 26 см. Шарық оғы төменде тасқа, не болмаса ағашқа тіреліпті, ал жоғарыды оқ жалпақ тақайдан өтеді (Джаббаров, 1971, с. 103). М. К. Рахимов (1961, с. 38) құрылысы ұқсас шарықты суреттеп жазады. Бірақ оның бөліктерінің атаулары өзгеше; төменгі дөңгелек парра, оның диаметрі 1 м.-ге жакын, үстіңгі дөңгелек сартахта, оның диаметрі 20-30 см. болған.

Міне, осы этнографиялық деректерге қарағанда Отырар қазбасында табылған ағаш дөңгелек аяқпен айналдыратын шарықтың астыңғы бөлігі.

Мыңшұңқырдан қырлары өңделген ауданы 6x7 см., биіктігі 7,5 см. тас бөлігі табылды. Тас бетінде терең, үштік ойық бар (46, I сурет). Оның ішінде аса қатты зат сүйкеліп айналғанының іздері анық байқалады, ол жылтырап тұр. Бұл зат біздің пікірімізше, құмырашы шарығының оғы тірелетін тас. Е. М. Пещерованың (1959, с. 140) деректері бойынша мұндай тасты керамистер сумба десе, М. Х. Рахимовтың кітабы оны харсангтош деп атайды. Этнографиялық әдебиетте шарық оғының ұшына үштік темір сауыт кигізілетіні хабарланады. Оны сумб деп атаған. Мыңшұңқырдан табылған тас ойығындағы іздер осындай сумбтың шарық оғында айналғаннан болған деп топшалауға болады. Оқтың басына темір үштік сауыт кигізілмесе тас бетінде мұндай із қалмас еді. Ақырында бұл тастың қақ жарылуына әкеліп соқтырса керек. Міне, осы белгілерге қарап, Отырар, Мыңшұңқыр құмырашылары аяқпен айналатын шарықты пайдаланған деп айта аламыз. Аяқпен айналдыратын құмырашы шарығының керамикалық өндірісте қолданылуы аса маңызды болды. Оны пайдалану өнімдердің түрлі пошымды болуына, жұмыстың өнімді болуына мүмкіндік берді (Сайко, 1966, с. 48).

Отырар керамистері пайдаланған басқа да құрал-саймандарға тоқтала кетейік. Мыңшұңқыр шеберханасындағы 12-ші құмдан

сөресінен темір құрал табылды. Оның жалпы пошымы темір қаламуштарына ұқсас келген, бір ұшы үштік. Ұзындығы 4,7 см., ең кең жеріндегі ені 1,2 см., заттың қалыңдығы 5-6 мм (47, 3 сурет). Бұл ою-өрнек салуға, ыдыстардың қырларын түзеп, өңдеп отыру құралы болуы ықтимал.

Ыдыстардың беттерін өңдеуде қолданылған екінші құрал – пышак сияқты мыс(кола?) пластина. Оның ұзындығы 12 см., ені 3,5 см., қалыңдығы 1,5 мм.-ден 1 мм.-ге дейін жіпшкереді (47, 2 сурет). Пластинаның бір жағы пышақтың қабырғасын июге және оны келеді. Мұндай пышак ыдыстың қабырғасын июге және оны түзулеп отыруға қолданылса керек. Осыған ұқсас құралды қолдану сәті Э. В. Сайконың (1982, с. 26, рис. 10) кітабында бейнеленген.

Керамикалық ыдыстарды өңдеуде кең түрде пайдаланылған тағы бір құрал керамикалық төше(наковаленок) болған (48, 2; 55, 3 суреттер). Археологиялық әдебиетте мұндай құрал ыдыс бөлшектерінің жіктерін жоюда пайдаланылғаны айтылады. Ыдыстың ішінен төшені ұстап, ыдыс сыртынан бетінде сызықшалары бар тактайшамен ұрып отырған екен (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с. 162). М. Х. Рахимов төшені "туппа" немесе "гундак" деп атайды да, оларды ыдыстардың қабырғаларын жұқарту мен үйкелеу үшін пайдаланылғанын жазады. Мұндай құралдар ірі ыдыстар жасауда, не болмаса өрнектейтін қалып қолданылғанда пайдаланылса керек.

Мыңшұңқыр шеберханаларын қазу барысында майшам тұтқаларын өрнектейтін төрт қалып табылды. Оның үшеуі бүтін, екеуі қалып сынықтары. 1989 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының барысында қазбаның батыс бөлігіндегі 5, 6, 8, 9-шы кумдандар орналасқан алаңда, еден бетінде оюланған бетімен төмен қарап жатқан қалып табылды. Ұзындығы 10,5 см., ені 6 см. (49, 2 сурет) оның жалпы пішіні жебе сияқты, бір жағы үштік. Үштік шеті мен бір канат ұшы сынған. Сырт пішіні дөңгелене өңделген. Қалыптың іші 0,5 см. ойылған. Ойықтың ұзындығы 9,5 см., ені 5 см. Ойық іші 7,5 см. өрнектелген. Ойық шетінде өрнек үштік үшбұрыштар, ішінде өсімдік ою – жапырақтар салынған. Қалып кесегінің түсі ақшыл-қоңыр болып келген.

Мыңшұңқыр жәдігерінде қазба жұмыстары болмай тұрғанда жер бетінен табылған осындай қалып бөлігі жоғарыда сипатталғаннан көлемі жағынан кіші және жартылай сынған. Алайда оның да жалпы пошымы жебе ұшы үлгісінде болған. Ұзындығы шамамен 8 см., ені 5 см. деп жобаланады, қалыңдығы 1,5 см. (50, 2 сурет). Ою-өрнек іші 0,7 см. ойық ішіне түскен. Қалыптың үштік басында үш жапырақты өрнек болса, төменгі жағында "ислими" деп

аталатын өрнек түсірілген. Қалып кесегінің түсі қоңыр-қызыл.

Үшінші қалып та жебе ұшы тәрізді (50, 3 сурет). Ұзындығы 9,3 см., ені 5,5 см., қалыңдығы 1,3 см. Өрнек тускен орын 0,4 см.-ге дейін ойылған. Оның ортасында 4,5x2,7 см. өрнектелген. Нақыш қарапайым. Аталған қалыптардағыдай геометриялық өрнекті рама жоқ. Қалып кесегінің түсі қоңыр-сары. 1991 жылы Мыңшұңқырда кездейсоқ табылған қалып ұшы алдында сипатталған қалыптағы ою-өрнекті бұлжытпай қайталайды (50, 1 сурет). Алайда соңғысындағы нақыш нақтылау, оюлары анық түскен. Екі қалыптың көлемі бірдей болғанға ұқсайды. Соңғы қалыптағы өрнек 1 см. тереңдіктегі ойық ішіне түскен. Қалып кесегінің түсі қызғыш-қоңыр.

Ақырғы қалып 1995 жылы Мыңшұңқыр шеберханаларының солтүстік-батыс бөлігінен, бірінші үй алдындағы алаңнан, жарамсыз болып шыққан ыдыстар шұңқырынан табылып отыр. Ұзындығы 10 см., ені 7 см., қалыңдығы 2 см. (47, 1 сурет). Нақыштар 1 см. тереңдетілген ойық ішіне түскен. Нақыштар 1-2 мм. тереңдетіліп ойылған. Олар әдеттегі өсімдік өрнек. Жеке бір өрнекті түсіруде пайдаланылған шағын қалыпшалар (диаметрі 2-3 см.) Мервтегі керамикалық шеберханаларды қазу барысында табылған (Лунина, 1962, с. 293-297, рис. 38, 39, 41). Ортағасырлық Чаганиан астанасы болып саналатын Бұдрач қаласынан ою-өрнек түсіретін 6 құрал табылды (Исхаков, 1984, с. 244-245, рис. 1). Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі қазіргі белгілі қалыптапалар осылар. Олардың ішінде майшам тұтқасына ою түсіретін қалыптапалар аталмайды.

Бір топ ыдыстар, дәлірек айтқанда, аса нәзік әшекейлі құмыра, торсық(фляга) қалыпта жасалған. Отырарда және басқа қалаларда табылған осындай ыдыс бөліктерінің екі қалыпта жасалынып, кейіннен біріне-бірі сұйық лай арқылы қосылғанын байқатады. Құмыра мен торсық мойындары, тұтқалары шарықта жасалынып кейін жапсырылған. Енді Мыңшұңқырда ыдыстарды жасауға қолданылған қалыптарға тоқталайық.

Кесегі ақшыл-сары, жиегінің диаметрі 18 см. қалып бөліктері (51 сурет) 3-ші кумдан айналасынан табылды. Қалып қабырғасының қалыңдығы жиегіне қарай 0,5 см., ортасында 0,9-1 см. Жалпы пошымы кесе сияқты. Ішкі бетіне үшкір бір құралмен оймыштап 2-4 мм. тереңдетіліп үш және бес жапырақты жүрек тәрізді өрнектер түскен. Бұлардың арасы дөңгелекшелермен толтырылған. Ол қамыс, не болмаса басқа шөп сабағын батыру арқылы жасалған тәрізді, диаметрі 0,3 см. Нақыш жасалар алдында ою-өрнек орамдары жай ғана сызбаланып, белгіленіп алынады екен.

Олардың іздері қалыптың сыртында сақталған. Гүлдің иіліп тұрған сабағы мен жапырақтары бейнеленген.

Осы пеш айналасында екінші бір қалыптың бөлігі табылды. Жиегінің диаметрі 28 см., қалыптың жиегі 0,5 см., бүйірі 1,5 см, қалың (50, 5 сурет). Қалыптың сынған жері, оның кесегінің кесіндісінде сыртқа қарай қоңыр, ал іш жағы жасыл-сұр түсті болып келген. Бұл қалыптың толық дәрежеде күймегендігін көрсетеді. Ішкі беті жиегіне қарай алты жапырақты гүл ойықшалармен өрнектелген. Олардың диаметрі 0,5-0,6 см.

Күйдіру барысында айнып кеткен қалып бөлігі 8-ші күмдан айналасынан табылды. Қалып жиегінің диаметрі 16 см., түсі сұр түсті, пошымы жартылай шардың бір бөлігі тәрізді. Құралдың жиегінің қалыңдығы 0,4 см., сынған жеріндегі қалыңдығы 1,3 см. Қалыптың бетінде сызбаланып "ислими" өрнегі түскен, жапырақтардың ішкі диаметрі 0,4 см. ойықтар жасалған (49, 1 сурет). Қалыптардың басқа бір үлгілерінде шырша тәрізді ою, көп жапырақты розеткаларға келетін өрнек кезігеді. Сонымен қатар Мыңшұңқырдағы қалыппен жасалған торсық үлгілері оюларына қарағанда қалыптардың бетіне күстардың бейнелері ойылып салынған (36 сурет).

Отырар рабадындағы шеберханаларда керамикалық қалыптар табылған. Олардың бетіндегі ою-өрнектер Мыңшұңқыр шеберханасындағы қалыптардікіне ұқсайды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. 164-166, рис. 62, 63). Керамистардың құралы ретінде қыш қалыптар Орта Азияның Мерв, Афрасиаб, Пайкент, Мунчак-тепе ескерткіштерінде (Лунина, 1962, с. 286-291), Хорезмде (Вактурская, 1959, рис. 25, 2), Алтын Орда қалаларында (Федоров-Давыдов, Булатов, 1989, с. 225, рис. 34) кездеседі.

Қалыптардың Отырар рабадымен қатар Мыңшұңқыр шеберханаларынан табылуы "Отырар шеберлерінің қалыппен жасау тәсілдерін игеруге әрекет жасағанын ғана көрсетеді және ол көпке созылмады" деген әдебиеттегі пікірді өзгертуді талап етеді. Енді қалыппен ыдыс жасау өндірісінің Отырарда кем дегенде XIII-XV ғасырларға дейін барғанын көрсететін айғақтар бар. Мыңшұңқыр шеберханаларында табылған қалыптарға қарап, мұндай құралдарды шеберлердің өздері жасап күйдіргеніне күмән келтіруге болмайды.

Ү. 4. Өңдеу тәсілдері.

Пошымдалған ыдыстардың беттерін матамен сүйкелеп тегістеген деген мағлұматтар жиі кездеседі. Мыңшұңқыр қазбаларының барысында 5-ші күмдан отханасын тазалау кезінде мата қалдығы

табылды. Ол бөз матаға ұқсайды, түсі жасыл. Алайда бұл оның табиғи түсі емес сияқты. Мыс ұнтақтары жабысканнан ол көгерген тәрізді.

Сырлы ыдыстар өрнектелмей тұрып ангобталған. Ыдыс үлгілерінде қоңыр, қызыл, қара және ақ ангоб анық байқалады. 12-ші күмданның қасындағы бөлмеде, бұрыштағы төртбұрышты шұңқырда қызыл ангоб қалдықтары табылды. Мөңғол шапқыншылығына дейін қызыл ангоб тек сырсыз ыдыстарды әрлеуге ғана пайдаланылған болса XIII-XIV ғасырларда бұл сырлы ыдыстардың іші-сыртын безендіруге кеңінен қолданылған. Осындай ангоб жағылған ыдыс беті ақ ангобпен өрнектеліп, жасыл, сары, аспан көк және түссіз сырлармен көмкерілді. Қызыл шие түсті ангобпен қатар ақ ангоб та қолданылды. Мұндай ангобпен өрленген ыдысты әдетте жасыл, сары сырлармен көмкеріп отырған. XIV ғасырдың аяғында - XV ғасырдың басында Отырарда ақ ангоб үстіне түрлі түсті бояумен өрнектелген сары сырмен көмкерген ыдыстар кең түрде жасалды (Ерзакович, 1970, с. 60-64, рис. 1-3; Байпаков, Ерзакович, 1990, с. 24-25). Ақ ангобтар карбонатты саздан, қызыл-қоңыр түсті ангобтар құрамында темірі көп саздан дайындалыпты (Тепловодская, 1988, с. 118).

Сыр жасауға қажетті кремнезем тау кварцы, өзен құмы түрінде кездеседі. Мыңшұңқыр шеберханаларын қазу барысында кварц көп табылды. Ол Қаратау бөктерінен әкелінсе керек. Мыңшұңқырдан табылған бірнеше сырлы ыдыс үлгілерімен танысып көрген Т. М. Тепловодская бізге олардың сілтілі (шелочной) сыр екендігін айтты. Мыңшұңқыр ыдыс үлгілерінің сырының түсіне, сырдың астындағы бояуына қарап негізінен сілтілі болғандығын байқауға болады. Мысалы, қорғасынды сыр қолданылған ыдыс беті жылтыр, бояулары қанық болып келеді. Қорғасынды сыр астында қызыл, сары, жасыл, қоңыр бояулы өрнектер болады. Ал сілтілік сырлы ыдыс бетіндегі бояулар әдетте аспан көк, көк, қоңыр, қара болады. Мыңшұңқыр шеберханаларынан табылған сырлы ыдыс беттерінде қызыл бояуды кездеспейді. Сілтілі сырдың құрамында болуға тиіс сода мен поташты жасауға қажетті шөптер Отырар өңірінде көптеп кездеседі. Мыңшұңқыр шеберханаларының аумағында және Отырар шахристанындағы Ү қазба орнында шөпті өртеп поташ алатын пештер табылды.

Этнографиялық зерттеулердегі мағлұматтар бойынша сілтілі сыр жасауға қажетті күлді "ишкор" деп атаған. Ишкордан кесектер - гувала жасап оларды күмданның отханасына қойып балқытқан. Гувала 1000-1100 t⁰ - да еріп, төменгі төмпішектерге қарай ағып,

пеш суысымен қатайған (Рахимов, 1961, с. 61).

Этнографиялық материалдар Хиуа өңірінде бұл процестің өзгешелеу жүргендігін көрсетеді. Отыз килограмдық ишкорлық ұнтаққа он бес кг. күм және бір жарым шелек су құяды. Мұның бәрін жақсылап араластырады, артық суын кетіріп, қамырдай илеу дәрежесіне жеткіздіреді. Осыдан соң жаңғақтай дөңгелекшелер жасайды екен. Отырар музейінде диаметрі 1,8 см. түсі сур осындай дөңгелекше сақтаулы тұр. Ол қолмен дөңгеленіп жасалған шикізатқа ұқсайды. Хиуа керамистері мұндай дөңгелекшелерді арнайы жасалған тас ыдысқа салып, күмданға ыдыс күйдірер алдында қояды екен. Дөңгелекшелер оттан еріп, ыдыс ішіне ағады, от сөнген соң шиша тектес болып қатады. Тас бетіне шиша текті сур жасыл түсті болып қатқан затты таспен не болмаса балтамен шауып бөліп алады. Күмдан ішіне қоятын осындай тас үлгісінің суреті В. В. Екимованың (1959, с.373, рис. 18) еңбегінде берілген. Бет пішіні осы үлгіге ұқсас тас ыдыс Отырар мұражайына Отырар төбенің қасында орналасқан Қоғамдағы мектеп музейінен келіп түсті. Ол ақшыл-қызыл түсті мәрмәрден жасалған(?). Жалпы пішімі қайыққа келеді. Оның ұзындығы 10,5 см., ені орта белінде 5 см., ұшына қарап тарылады. Ал табаны тегіс, овал тәрізденіп келген 7,5 см.х3,5 см. Табаннан жоғарыға қарай кеңейе түседі. Іші 2 см. тереңдікке дейін ойылған.

Шиша тектес болған затты бөлшектеп қол дүірменге салып ұнтақтайды. Майдаланған ұнтақты електен өткізеді. Ұнтақталған порошокқа су қосып қоюлығын айрандай етеді. Оның құрамына аз ғана ұнтақталған кварц (оны шеберлер сыртас немесе актас деп атаған) қосады. Бір күмданда күйдірілетін ыдысқа екі батпан порошок кеткен екен (Екимова, 1959, с.370-372). Ал кейбір өңірде осы ұнтаққа бидайдың ең төменгі сортынан жасалған ұн араластырылады (Джаббаров, 1959, с.389). Міне, осы құрамға су қосып ыдыс бетіне жағады. Кепкен ыдыстың бетіндегі ишкор от лебінен сырға айналып шыға келеді.

Сырлы ыдыстардың ою-өрнегі хақында К. М. Байпақов, Л. В. Ермакович, Е. А. Смағұлов өз зерттеулерінде жан-жақты әңгіме еткен. Мыңшұңқыр шеберханаларында табылған керамика үлгілері Отырардың сырлы ыдыстарында жануар бейнесі кездеспейді деген пікірді өзгертуді талап етеді. Әдебиетте қалыптасқан пікір негізінен Отырар шахристаны материалдарын талдаудан соң айтылған болатын. Ал шахристанда XIII-XIV ғасырлардың мәдени қабаттары біршама ғана болған. Бұл кезеңде халық негізінен Отырар біршамасында тұрған. Мыңшұңқыр керамикасында түрлі жануарлардың, құстардың бейнелері кездеседі (24, 2; 26, 3; 31, 2;

32, 10, 12; 34; 36 суреттер). Яғни Отырар шеберлері өрнектеуде зооморфтық нақыштар қолданбаған деген пікір қате.

IV. 5. Күйдіру.

Күйдіру - керамика жасауда шешуші кезең болып табылады. Себебі пошымдалған, өңделген саз балшық күйдіру арқылы ғана керамикаға айналады. Күйдіру барысында саз құрамында аса күрделі өзгерістер болып оның жасанды силикатқа айналу процесі жүреді (Сайко, 1982, с.138). Керамиканы күйдіруде пеш құрылымы ерекше роль атқарады. Әртүрлі керамика үлгілерін әртүрлі пештерде күйдіргені белгілі. Отырарда қыш (кірпіш) күйдіру үшін арналған күмдандар табылған. Олардың құрылымы өзгеше. Сынапкөзе (сфероконус) күйдіретін пеш үлгісі Тараздан табылып отыр (Пацевич, 1956 б, с.221-224).

Мыңшұңқыр мен Отырар төңірегіндегі XIII-XV ғасырлардағы күмдандарды құрылыс ерекшеліктеріне қарай келесі топтарға бөлдік:

1. Екі камералы, отхана мен күйдіретін камераларының арасы тесікті қабырғамен бөлінген. Камералар жоспарда дөңгелек, үстіңгі камерада өнім қоятын терезе бар. Бұл топқа біз Мыңшұңқырдағы 9-шы, 14-ші, Отырар рабадындағы 8-ші, 10-шы, 20-шы, 21-ші күмдандарды жатқызамыз. Археологиялық әдебиетте мұндай күмдандарда сырсыз ыдыстар күйдірілген деген пікір бар (Булатов, Федоров-Давыдов, 1989 с.226). М. К. Рахимов (1961, с.66) этнографиялық материалдардың негізінде мұндай пештерді көзге ар күмдан деп атайды және онда іші қуыс, бойы биік ыдыстардың күйдірілгенін айтады.

2. Бұл топтағы күмдандардың құрылысы біріншіге ұқсас келеді. Басты айырмашылық олардың отхана құрылысында. От жанын камера қабырғаларында ойықтар (ниша) жасалған. Мұндай күмдандардың қатарына Мыңшұңқырдағы 3-ші, 13-ші, Отырар рабадындағы 12-ші шеберханалардың пештері жатады. Ойықтардың табанында, отхана қабырғасында жасыл түсті шиша тектес зат жабысқан. Оның төмен қарап аққаны байқалады. Бұл ойықтар біздің пікірімізше, ишкор қойып балқытатын орындар. Этнографиялық әдебиетте отхана ішінде мұндай ойықтардың болғандығы айтылады. М. К. Рахимов (1961, с.68) оларды охр(д) немесе ишкархана дейді және олар отхана еденінде тепкішекті үлгіде жасалатын деп жазады.

3. Екі қабатты, отхана мен күйдіретін камера арасын қабырға айнала жасалған сөре бөледі. Оның ортасында үлкен, сөреде шағын тесік бар. Бұл үлгіге Отырар рабадындағы 3-ші шеберханада орналасқан 9 күмдан жатады. Осы шеберхананы қазу барысында

табылған заттарға қарағанда бұл пеште қалыппен жасалатын ыдыстар мен сырлы ыдыс-аяқ күйдірілген.

4. Отхана мен күйдіретін камераны пеш қабырғаларын айналдыра жасалған сөре бөледі. Отхананың диаметрі үстіңгі камерадан кіші, төменгі камерада ойықтар бар. Ойықтардың төбесі сөреден ойып өткен тесіктерге ұласады. Отхананың ауыз жағы кесекпен өріліп, арқа сияқты жабылған. Отхананың едені тепкішекті болып келген. Бұл топқа Мыңшұңқыр шеберханаларындағы 2-ші және 5-ші құмдандар жатады.

5. Бұл топтағы құмдандар алдындағыға ұқсас. Пеш ішінде қабырға айнала сөре немесе екі сөре бар. Астыңғы қабатта ойықтар(ниша) бар. Алайда онда тесіктер жоқ. Ойықтар ишкархана болуы мүмкін. Сөре бетіндегі сыр іздеріне қарағанда мұндай пештерде сырлы ыдыстар күйдірілген. Бұл үлгіге Мыңшұңқыр жәдігеріндегі 6-шы, 12-ші, 17-ші құмдандар жатады.

6. Жобада алмұрт тәрізді, ортасында тіреу, ал тіреудің бір бөлігі қуыс, ыстық ауа жүретін жолдары бар пеш Қоңыртөбеден табылған. Қабырға айнала өнім қоятын сөре бар. Құмдан ішіндегі алау еденінен көтеріліп барып төбеге тіреледі де төмен түседі. От пештің орта белінде, сөре деңгейінен төмендеу тіреу мен пеш қабырғасы жалғанған жердегі ойықтар арқылы тіреуге еніп, жоғарыға шығады. Бұл пеш біздің пікірімізше, ортағасырлық жазба деректерде "алау кері қайтатын" деп аталатын құмдандардың үлгісіне жатады.

7. Шағын, бір камералы, еденнен жоғары сыпа сияқты ыдыс қоятын орны бар пештер. Бұлардың қатарына Мыңшұңқыр жәдігеріндегі II-пеш жатады.

Отырар рабадындағы керамистер орамындағы II, IV шеберханалардағы 8-ші бөлмеде төрт тандыр, 24-ші бөлмеде екі тандыр, VI шеберхананың 18-ші бөлмесінен екі тандырдың табылуына назар аударғанымыз жөн. К. М. Байпаков бұл тандырлар өнімді кептіру үшін пайдаланылған дейді. Л. Л. Полевой Костештідегі керамикалық шеберханаларды қазу барысында тандырларды көп ашып, оларда керамика күйдірген деген тұжырымға келді. Тандырда керамика күйдіру Арменияда орын алған екен(Полевой, 1969, с.94). Осындай аналогтарға сүйене отырып, Отырар шеберлері де керамиканың бір бөлігін тандырда күйдірген деген болжам айтуға болады. Шағын тандыр Мыңшұңқырдағы екінші үй іргесінде де бар.(11, в сурет).

Мыңшұңқырда табылған сырсыз, беті ангобпен өрнектелген, не ангобсыз ыдыс үлгілері сырлы ыдыстардың екі мәрте күйдірілгендігінің куәсі бола алады. Бірден сыр жағып күйдірген

кезде ыдыс қаңқасы мен бетіне жағылған сырдың ісіну коэффициенттерінің сәйкес келмеуі мүмкін. Сәйкес болмаған жағдайда сыр тілім-тілім болып жарылып ыдыс кесегінен бөлініп отырған(Семенов, Коробкова, 1983, с.216). Міне, сондықтан шеберлер әдетте сырлы ыдыстарды екі мәрте күйдірген.

Сур түсті(сероглинянная) керамика өндіруде күйдіру пешуші орын алды. Себебі керамиканың түсінің өзгеруі ең алдымен күйдіру процесіне байланысты еді. Мұндай керамиканы күйдірудің ақырында отхана ішіне бықсып жанатын ылғалданған сабан, шөп, жаңа жулынған бұтақ салынып оның тесіктері тұтас бекітілген. Күйдіру процесінің соңында тасталынатын бұл заттар бықсып туғызды. Бұл аса сақтықты талап етті, себебі мөлшерден тыс салынған мұндай заттар ыдыс бетін ала-құла етуі мүмкін еді. Бұл процесс уақыт жағынан да ұзаққа созылатын еді. Пештің толық сууын күту қажет болды(Гражданкина, 1964, с.197-198).

Керамиканы ойдағыдай күйдіру үшін оларды пеш ішіне орналастыру аса жауапты іс болды. Осыған орай ыдыс арасына қоятын құралдыр(печной припас) жасалды. Олардың бір тобы алдын-ала арнайы үлгіде жасалынып, күйдірілді. Мыңшұңқырда негізінен жалпақ үш аяқты сепаялар көптеп кездесті. Сепая сырлы ыдыс күйдіруде қолданылды. Олардың диаметрі 5-16 см.-ге барады (68, I сурет). Сепаялардың әрбір аяқтарының ұшында үштік шошақтары бар. Осы табандар сыр жағылған ыдыс бетіне тіреледі. Табылған жарамсыз үлгілерге қарағанда диаметрі 5 см. үш аяқты сырлы майшамдарды күйдіргенде пайдаланыпты. Майшам әдетте төңкеріліп қойылады екен. Кеселер күйдіруге жайғастырылғандағыдай, олар да әдетте төңкеріліп, табаны жоғары қарай қойылады. Араларына, табан үстіне сепаялар үштіктерімен жоғары қойылған. Осындай үлгідегі сепаялар Мервте(Лушина, 1962, рис. II), Еділ бойында(Федоров-Давыдов, Булатов, 1989, рис. 35) кездескен. Мыңшұңқырда табылған сепаялардың бәрі бір түрі бар(52, 2 сурет). Ол үш аяқты, бірақ үштік табандары жоқ. Сепаяның бұл үлгісінде аяқтарының үсті түгелімен саусақпен қысу арқылы қырланып жасалған. Ыдыстар жиегі осы қарға сүйенген. Мұндай сепаялар негізінен түбектерді және қабырғалары тік ыдыстарды күйдіруге қолданылған. Кесе жиектері құмдан сөресіне тимеу үшін "сари" деп аталатын құрал жасалған. Бұлардың бір түрі қазіргі гүл өсіретін горшоктар тәрізді, пішіні кесілген конуска келеді. Кейбір үлгілерінде тесік жасалған(48, 3, 4, 5 сурет).

Саридің екінші түрінің пішіні құмыра мойны сияқты сыртқа қарай иілген, екінші жағы да табанына қарай кеңіе түседі. Табан жағы жуандау(52, 6, 7 сурет). Саридің екі түрі де шарықта жасалған.

Тесікті сарилер ішімен ыстық леп жүріп ыдыстарды жақсы күйдірген. Ыдыстарды пеште орналастыруда қолдан жасалған тіреушелер қолданылған (48, 1 сурет).

Мыңшұңқыр жәдігерінде, негізінен Отырар шеберханаларында кашин кесекті ыдыстардың табылмауы, кашин күйдіретін пештердің, онда пайдаланылатын "штыри" болмауы бұрын әдебиетте айтылғандай Отырарда кашин ыдыстар жасалмаған деген пікірді қоштайды. Алайда Отырар төбегі сарайды қазу барысында кашинді нақыш плитканың табылуы бұл мәселені әлі де зерттей түсуді талап етеді. Сәулетті құрылыстарды нақыштау үшін сирек болса да кашинді плиткалар жасалуы ықтимал.

У. ТАРАУ.

ХҮІ - ХҮІІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КЕРАМИКА ӨНДІРІСІ.

У. І. Шеберханалар.

Біздің есептеуімізше, археологиялық қазба жұмыстарының барысында ХҮІ-ХҮІІ ғасырларға жататын он екі керамикалық шеберханалардың сілімдері табылды. Қазба жұмыстарының барысында аршылған қала территориясында керамистер шоғырланған орамдарды да байқауға болады. Алғашқы зерттеушілердің өзі керамистер орамы деп атаған орын қаланың шығыс жағында, дәлірек айтсақ, ІҮ-қазбадағы "Л" орамы (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.87).

"Л" орамында он бір үй болғандығы анықталып отыр. Бірінші үй - шеберхана бес бөлмеден тұрады. Жалпы ауданы 21 шаршы м. 36-шы бөлме ауыз үй қызметін атқарған, оның шығыс қабырғасында кесектен көтерілген қамбалар, ал көшеге қараған дуалында ошақ бар. Ауыз бөлмеден 15-ші және 25-ші бөлмелерге өтетін есіктер бар. 35-ші бөлме Отырардың әдеттегі тұрғын бөлмесі тәрізді. Онда бөлменің басым бөлігін алып жататын сыпа, сыпа ішіне орналастырылған тандыр мен есік алдында болатын шағын еденде ташнау бар. Алайда ауданы шамамен 25 шаршы м. бөлменің төр жағы - солтүстік бұрышында құмданның орналасуы бұл бөлменің тұрғын-жай еместігін көрсетіп тұр.

Құмдан қам кесектен өрілген, екі қабатты. Үстіңгі камерасы күмбезделіп жабылғанға ұқсайды, қабырға қалдықтары жоғары қарай тарыла иілген. Үстіңгі камерасының биіктігі 0,7 м., оның еденінің диаметрі 1,2 м. Отхана сыпа ішіне орналастырылған. Оның биіктігі 0,9 м., диаметрі 1,1 м. Отхананың төбесінде 7 дөңгелекше диаметрлері 9-15 см. тесіктер бар. Осы төменгі камера күйдірілген кірпіштен өрілген. Отхананың ұзындығы 2 м., ені 0,3 м.,

ауа баратын канал жасалған. Ыдыс-аяқ күйдіретін камераның шығыс қабырғасында өнімдерді қойып-алып тұратын, диаметрі 0,5 м. арнайы терезе жасалған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1976, с.6-7, рис. 2).

36-шы бөлмемен іргелес тұрған 15-ші бөлменің аула бояуы да ықтимал. Оның батыс бөлігінде 30x20x10 см. кесектен соғылған құмдандардың отханалары еден деңгейінен төмен етіп жасалған. Бұл екі құмданның сипаттамасы "Позднесредневековый Отрар" деген монографияда келтірілген (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.159-160, рис. 32, 1, 2).

7-ші мен 14-ші бөлмелер шеберхананың бір бөлігі болыпты. 7-ші бөлмедегі еден құрылысына қарап, қазба жүргізушілер оны саздың иіюін қандыратын орын болған болса керек деген жорамал айтқан болатын (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1976, с.9). 14-ші бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында қыштан өрілген "стол" бар. Бұл этнографиялық әдебиеттерде айтылатын, шеберханаларда сырды ұнтақтайтын диірмен орнына сайма-сай келеді.

Осы шеберханаға қарама-қарсы көшенің арғы бетіндегі 5, 6 және 4-ші үй иелерінің бір-бірімен байланысы бар деген пікірді қоштауға болады. Біріншіден, аталған үйлерде керамика өндірісіне қатысты құралдар табылған. Ал керамика күйдіретін пештері жоқ. Олардың есіктері бір-біріне қарама-қайшы орналасыпты. Және 1-ші үйдің 35-ші бөлмесінде орналасқан құмданда өнім күйдірілген жағдайда жоғарғы температураның әсерінен бөлме іші ысып кетіп, тұрғын-жай ретінде пайдалануға жарамай қалатыны хақ. Осы орамдағы екінші шеберхана жоғарыда аталған шеберханамен іргелес. Алайда ол аудан жағынан шағын және жалғыз ғана құмданы бар. Үй-шеберхананың ауданы 56, 5 шаршы м. Шеберхана пеші түпкірдегі 47-ші бөлмеде орналасқан. Бұл бөлмеде құмдан болмаған жағдайда тұрғын-жайдан айнымас еді. Сыпа мен тандыры бар. Мұндай қызметті ауданы шамамен 25 шаршы м. 48-ші бөлме атқарған. Онда сыпа, тандыр, ташнау бар. 49-шы бөлме ауыз там қызметін атқарған. Яғни бір үйдің аумағында өндіріс пен тұрғын-жайлар қатар орналастырылған. Осымен қатар кешенің арғы бетіндегі 7-ші үй мен осы үйдің байланысы бар деген жорамал айтылуда. К. М. Байпаковтың зерттеуінде осы орамда тағы бір құмдан қалдығы аршылды делінеді. Және оның иесі көшенің-арғы жағындағы 8-ші үйде тұрған деген пікір айтылып отыр (Байпаков, 1983, с.30-31).


Отырар қумырашыларының шоғырланған екінші бір ауданы ІҮ қазба, Ф және ФІ орамдары (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.112). Бұл қаланың оңтүстік-шығыс бұрышына жақын орна-

ласқан. Бесінші үйде шеберхана мен тұрғын бөлігі айқын байқалады және оларды 430-шы аула ортақтастырып тұр. 429-шы бөлме, сыпа мен тандыры бар 428-ші бөлме, түнекхана тұрғын-жай бөлігін құраса, күмданның қалдығы сақталған 433-ші бөлме мен кесектен қабырғалары қаланған қамба-жәшіктері бар, 432-ші бөлмені шеберхана десе болады. Көрші бөлмелердің есіктері айқын анықталмағандықтан шеберхананың шекарасын жобалау мүмкін болмай отыр.

Кейінгі археологиялық қазбалардың нәтижесінде көршілес 6-шы үй де шеберхана болып шықты (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.112). Үйдің үш бөлмеден тұратындығы анықталды. 434-ші А - ауыз бөлмеде екі қабатты күмдан аршылды. 434 - бөлменің (ауданы 21,5 шаршы м.) батыс дуалына жапсарлас аудандары 1,2 м.х1,4 м., 1,2 м.х1,2 м., 1,1 м.х1,0 м. және 1,1 м.х1,0 м. қамбалар жасалған. 435-ші бөлмеде П тәрізді сыпа мен тандыр бар.



Үшінші керамикалық шеберхана 8-ші үйде болған екен. Ол үш 444, 445 А, 444-ші А бөлмелерден тұрады. Кейінгі зерттеулер 445-ші А бөлме ауданының алғашқыда үлкен болғандығын және онда күмданның орналасқандығын көрсетті. Пештің қасында жиегінің диаметрі 0,7 м. шұңқырда түрлі керамикалық өндіріске тән құралдар мен өндіріс қалдықтары, пошымдалған саз бөлшектер және көптеген сепаялар табылды. Л. Б. Ерзаковичтің пікірінше, 444-ші бөлме жартылай дайындалған өнімдерді сақтайтын орын болған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.112). Бұл орамдағы (Ф1) төртінші шеберхана 3-ші үйде орналасыпты. Осы үйдің 424-ші бөлмесінде күмданның қалдығы табылды. Бұл шеберхана тұрғын-жаймен ұштастырылған. 423-ші бөлмеде тандыр, ташнау және сыпа бар.

Отырардың оңтүстік-шығыс бөлігінде, жоғарыда аталған Ф орамымен көршілес У орамында керамикалық шеберхана аршылып отыр. Әуелгіде қазба жүргізушілер оны орам әулісіндегі керамикалық кешен (керамический комплекс) деп аталған болатын (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.160-161). Кейіннен ол жеке керамикалық шеберхана ретінде суреттеледі және сызба жобасы жарияланады (Байпаков, 1983, с.31, рис. 8). Соңғы дерекке сүйенсек, оның 215 шаршы м. Бұл кешенде тұрғын-жайлар өндіріс орындарынан бөлінген, жеке есігі бар. Өндіріс-жайлар мен тұрғын жак ортақ аула арқылы байланысқан. 54-ші бөлме ауыз үй, не болмаса тағы бір аула қызметін атқарған жай. 60-шы бөлмедегі кең сыпа, оның ішіндегі/көс тандыр мен ташнау жатақ бөлме болғандығын аңғартса, 59-шы бөлме кесектен соғылған қамбала-




45 сурет. Мыншунқыр. Дайындаған саз бөліктері.
Рис. 15 Мыншункур. Глиняные заготовки - "туңг".

46 сурет. Мыншункыр. Тас
 куралдар: 1- шарык
 прелетін тас, 2- келіер.
 Рис. 46. Мыншункур. 1-
 подставка под гонгарный
 круг (камень), 2-
 терочники (камень).




47 сурет. Мыншункыр. 1- калып (қыш); 2- керамист
 құралы (қола?); 3-
 керамист құралы (темір); 4- тас моншак.


Рис. 47. Мыншункур. 1- калыб (керамика); 2- инструмент
 гончера (бронза?); 3- инструмент гончера (железо); 4- бусина (камень).




49 сурет. Мыңшункыр: 1- калып; 2- накыш
 Рис. 49. Мыңшункур. 1- калыб, 2- штамп для
 орнаментации пяти светильника.




48 сурет. Мыншункыр, 1, 3, 4, 5- куйдруде колданылатын
 куралдар; 2- кыш тесше.
 Рис. 48. Мыншункур, 1, 3, 4, 5- печной припас, 2-
 наковаленок.




50 сурет. Мыңшұнқыр. 1, 2, 3- накыш қалыптар; 4, 5- қалыптар.
 Рис. 50. Мыңшұнқыр. 1, 2, 3- штампы для орнаментации пяти светильника; 4, 5- қалыбы.



51 сурет. Мыңшұнқыр. Қалып.
 Рис. 51. Мыңшұнқыр. Қалыб.





52 сурет. Мыншункыр. 1, 2, 3, 4, 5- саяя, 6, 7- сари.
 Рис. 52. Мыншункур. 1, 2, 3, 4, 5- саяя, 6, 7- сари.



53 сурет. Отырар. Палигра(?).
 Рис. 53. Отырар. Палигра(?).

54 сурет. Мыншунқыр. Керамика.
Рис. 54. Мыншункур. Керамика.



55 сурет. Мыншунқыр. Керамика.
Рис. 55. Мыншункур. Керамика.

рымен өзінің түнекхана екендігін байқатады. Шеберхананың өзі бес бөлмеден тұрады, оның екі бөлмесінде құмдан табылып отыр. Ал 61-ші бөлмедегі құмдан екі қабатты. Отхананың іші төртбұрышты, ауданы 1x0,7 м., биіктігі 0,9 м. Ол шұңқыр ішіне орналастырылған. Отхана үстіңгі камерамен диаметрі 0,4 м. тесікпен байланысады. Күйдіретін камераның қабырғалары 0,3-0,5 м. дейін сақталған. Бұл камераның бұрыштарында диаметрі 10-12 см. тесіктер басталып, камера қабырғаларының ішінен кен жүргізілген.

Біздің есептеуімізше, тоғызыншы шеберхана Отырардың солтүстік бөлігіндегі шахристан қорғанының түбінде орналасқан. Ол Н орамындағы төртінші үйде. Үй үш бөлмеден тұрады, оның жатақ жағында сыпа мен тандыр бар, ал 157-ші кіре беріс бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында шағын құмдан аршылды. Оның күйдіретін камерасының ішкі ауданы 1,4x1,4 м., сыртқы өлшемі 2x2 м. Күйдіретін камераның төрт бұрышы дөңгеленіп келген. Отханасы шұңқыр ішіне жасалыныпты, камераның ұзын жағы 0,8 м., ені 0,6 м., биіктігі 0,7 м. Отхана күйдіретін камерамен диаметрі 0,4-0,5 м. тесік арқылы байланысқан. Үстіңгі камераның қабырғаларында төрт кен бар (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.161).

Отырардың оныншы шеберханасы қаланың солтүстік-батыс бөлігінде, қорғанға таяу жердегі А орамында (1 қазбада) орналасқан. Үй қабырғаларының нашар сақталуы және кейбір жерлерде тіпті жойылып кетуі шеберхана шекарасын анықтауға кедергі болуда. 13-ші үйдің құмдан орналасқан 6-шы бөлмеде тандыр мен сыпа аршылған. Құмданның ауданы 6,7x4,5 м. К. М. Байпаковтың айтылған пікіріне сүйенсек, құмдан екі бөлмелі үйдің ауласында орналасқан (Байпаков, 1983, с.32). Құмдан арнайы қазылған, тереңдігі 1 м., диаметрі 5 м. шұңқырдың ішіне орналастырылған. Жалпы биіктігі 1,1 м. Құмдан екі қабаттан тұрады. Күйдіретін камерасының биіктігі 0,6 м. Камераның ең үлкен жерінің диаметрі 1,2 м., ең тар жері 0,62 м. Өнімді жайғастыратын екі тесігі бар. Отхананың диаметрі 1,6 м., биіктігі 0,4 м. Ол түрлі көлемдегі кесектерден соғылған (25-30x15x5-55 см.). Құмданның іші мен сырты сыланған. Сыртқы сылағының қалыңдығы 8-19 см. Ішкі сылақ пен кесек от лебінен, жоғарғы температураның әсерінен балқыған. Күйдіретін камера мен отхана тесіктермен байланысқан. Отханаға оңтүстік-батыстан қосымша ауа келетін кен жолы жасалған. Ол іші қуыс, лаймен сыланған ағаштан тұрады. Құмданды қазу барысында күйдіретін камера ішінен жоғары температураның әсерінен балқып бір-біріне жабысып қалған қо-

ныр түсті кеселер табылды. Олардың бетіндегі сыры өзінің жылтырақ дәрежесіне жетпеген. Кеселер мен қатар сепая және конус тәрізді тұғырлар табылған.

Керамика күйдіретін пеш "Ш" орамындағы, 1-ші үйде (IY қазба) (қаланың оңтүстік-шығыс бөлігі, қорғанға таяу жер) табылып отыр. Үй ауданы 40,7 м., түпкірінде тандыры бар дәлізханадан (582), ауданы 4,5x3,6 м. ортаңғы бөлмеден (551-ші) және күйдіретін пеші бар 551-ші бөлмеден тұрады. Жобада құмдан алмұрт тәрізді, ол сыпа ішіне жайғастырылған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.123-124).

Ү қазба орнының шығыс шекарасына таяу жердегі қорған дуалының қасында тағы бір керамикалық пеш аршылды. Пештің диаметрі 0,9 м. Күйдіретін камерасы нашар сақталған. Оның еденінде әрқайсысының диаметрі 5-7 см. алты тесік бар. Отханадан түтінің бір бөлігі тікелей дуал ішінде орналасқан муржа арқылы шығарылған екен. Пештің аузы оның алдыңғы қабырғасынан 0,4 м.-дей шығыңқы орналасқан.

"Позднесредневековый Отрарды" жазған авторлардың пікірінше, ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы құмырашылық өндіріс жайлары Отырар төбесінің оңтүстік қақпасының сыртқы жағындағы рабадта болған. Алайда бұларға қатысты материалдар жарияланбаған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.20; Байпаков, 1983, с.19).

Ү. 2. Технология мәселелері.

Отырардың ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы керамикалық өндіріс технологиясын білуде ең алдымен Т. М. Тепловодская мен Э. Ф. Кузнецованың зерттеулері көп мағлұмат береді. Мысалы, кесе, табақ және тағара сияқты бойлары аласа ыдыстар әдетте екі түрлі сазды қосып араластырылған лайдан жасалған екен. Шикізат ретінде Арыс пен Сырдария өзендерінің бойларындағы саз пайдаланылған. Ірі ыдыстардың салмағын жеңілдету мақсатында және пошымдауды ыңғайландыру үшін оның құрамына майдаланған сабан немесе жүн қосып отырған. Отта көп ұсталатын ыдыстардың (қазан т.б.) бекемдігін арттыру үшін саздың құрамына шөп пен күм араластырған. Кейбір ыдыстардың кесегінде әк пен гипс көп мөлшерде кездеседі (Тепловодская, 1977, с.133; 1988, с.118). Мұндай тәсілдер жалпы алғанда Орталық Азияның құмырашылық өнеріне тән болған (Сайко, 1965, с.163).

Сазды алдымен иоин әбден қандырып араластырған. Топырақты араластыру үшін бөлкім Ф орамындағы 445-ші бөлмеден қазылып алынған темір күрекше пайдаланылған болса керек. Ал осы керамикалық шеберхана шұңқырынан басқа да құмырашылық

заттармен бірге табылып отыр (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.111). Шағын күрекшелерді осындай мақсатта пайдалану Хорезм керамистерінде кең орын алған (Джаббаров, 1971, с.106). Отырар шеберханаларының ішінде ең көлемді және пеш саны жағынан алып қарағанда көбірек болып келген керамикалық шеберханада лайдың иін қандыратын арнайы орын болған екен. Ол Л орамындағы бірінші үй - шеберхананың ішінде бар.

Ыдыстарды пошымдау тәсілі бұл кезде негізінде шарық үстінде жүргізілген. Шарық үстінде айналып тұрған сазды қол саусақтарымен икемдеп тарту арқылы іске асырылып отырған. Кейде шарық үстінде диск орнатып, соның бетіне сазды пошымдайтын болған.

XVI-XVII ғасырлардың керамикасы ғылыми әдебиетте жүйеленіп сипатталған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1975, с.36-47; 1981, с.162-166). Асхана бұйымдары әдетте дөрекілеу жасалыныпты. Қазаншалар кесегіне ұсақталған тас қныршықтары (дресва) араластырылған. Тандыр қақпақтарының кесегіне құм өте көп мөлшерде қосылған.

1995 жылы Отырар мешітінің төңірегінен XVI-XVII ғасырлардың қабаттарын зерттеу барысында әдеттегіден өзгеше өрнектеуден өткен хумшаға тап болды. Біздің кездестірген хумшамыздың бүйірі тор көз үлгіде нақышталыпты. Табылған хум мен хумшаның аузы жеке қалыпта жасалыныпты. Олар дөңгелекше келген, хумша аузының диаметрі 19-20 см., хум аузының диаметрі 28 см.

Кейбір тағаралар жеке бөлшектерден құрастырылып отырған. XVI ғасырдан бастап бөлшектердің қосылған жерлеріне ішінен қыш төс қойылып (наковаленка), сыртынан беті тілім-тілім ағаш тоқпақпен ұрып, бекітіп отырған. Мұндай қозықуырық іспетті қыш төс (наковаленка) У орамының бірінші үйіндегі шеберханадан табылды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с.162). Кейбір қазанша ыдыстардың қырлы жиектері қалыпта жасалып, ыдыстың қалған бөлігімен бекітіліп отырған.

Өңдеу тәсілдері.

Пошымдалған ыдыстардың жұмсақ терімен, не болмаса матамен өңделіп отырғаны белгілі. Сырсыз ыдыстар әдетте сызба өрнектермен (көбіне ирек оюмен) нақышталған, ал кейбіреулері ангобпен көмкеріліп отырған. Түрлі-түсті бояу күйіп қоятын қыш палитра деп танылған ыдыс бөлігі Л орамындағы бірінші үйден табылған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, с.160, 162, рис. 34, 3). Кітапта жарияланған осы зат Отырар археологиялық қорық музейінде сақтаулы түр (КП 3172 ОГАЗМ). Алайда оның бүйіріндегі

шифр 0-74, Р, III, П-75 болып белгіленген (53, 1 сурет). Бұл белгі бойынша оның Отырардың батыс бөлігінен табылғанын аңғарамыз. Оның ұзындығы 19 см, ені 4 см., биіктігі 3 см. Ол біршама иіліп келген, төртбұрышты ойық қуыстары бар. Кесегінің түсі қызғыш келген, беті ақшыл ангобпен көмкерілген.

Осы үлгіде жасалған екінші бір заттың бөлігі Отырар музейінде КП 3171 шифрмен сақтаулы түр (53, 2 сурет). Оның ұзындығы 15 см., ені 4 см., биіктігі 5 см. Екі қуысы жақсы сақталған, ал үшіншісі жартылай сақталған. Қуысының тереңдігі 3 см., қуыстардың беткейдегі ауданы 5,5x2,5x6x3 см. Кесегінің түсі қоңыр. Ыдыстың бетінде мынадай шифр бар: 0 71 III, И - 6/ I табл. XXVI/ 1.

Кез-келген керамикалық сырдың құрамында кремнеземнің болуы тиіс. Ол кварц үлгісінде болады. Өзбек құмырашылары оны сыртас дейді екен. Ф орамы, 8-ші үй, 445-ші бөлме-шеберханада шұңқыр ішінен шамамен 5 кг.-дай кварц бөлшектері поташ табылды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с. III). Яғни осы шеберхананың ұстасы керамикалық ыдыстарды сілтілі (щелочная) сырмен көмкерген. Т. М. Тепловодскаяның зерттеулері бойынша да Отырарда XV ғасырдың аяғынан бастап, әсіресе, XVI ғасырдың бірінші жартысында және XVII ғасырда сілтілі сырлар кеңінен қолданылған. Тек кейбір ғана сырлы ыдыстардың сырының құрамы қорғасынды-әкті болып келеді (Тепловодская, 1983, с.205).

Сілтілі сырдың негізін құрайтын сода мен поташты құмырашылар шөпті өртеп, соның күлінен алған. Сырдария мен Арыс бойларында сыр жасауға жарайтын отыздан астам шөп түрі бар. Мұндайға, әсіресе, балықкөз, шорайна көп пайдаланылған. Осылардың күлін кварцпен араластырып, арнайы пештерде бірнеше сағат бойы балқыған шыны болғанша қайнатқан. Бұдан кейін оны муздай суға салып бөлшектенген. Шына ашық аспан астында, ашық жерде негүрлым көбірек жатса, соғұрлым оның сапасы да мықты болған.

Қорғасында сырға қажет шикізат өнімдері Қаратаудан алынып отырған. Т. Бурнашев пен М. Поспеловтың хабарлауларына қарағанда, XVII ғасырдың аяғында Сырдария бойындағы ісмерлер "Свинец так же покупают из других мест, а небольшую часть добывают в горах, который в одном месте находится в виде свинцового блеска, небольшим изредка прожилками и гнездами в известковом камне и оной выплавляют в небольшом горне без всякого другого приготовления" (История Узбекистана в источниках, 1988, с.159).

Алайда кейінгі ортағасырлық сырлы ыдыстардың сыры негізінен

сілтілі болып келген. Сілтілі сырға қажетті заттың немесе шикізаттың жергілікті жерден табылуы қумырашыларды көп жағдайда сырдың осы үлгісін пайдалануына мүмкіншілік берді. ХҮІ ғасырда кобальт үлгісіндегі ыдыстардың кең тарағаны белгілі болып отыр. Мұндай ыдыстарға қажетті шикізат Бадахшанда болған. Отырарға кобальт(лочивард) Самарқан арқылы жеткізіліп отырғанға ұқсайды(Тепловодская, 1994, с.58-62).

Күйдіру.

Керамиканы күйдіруде құмдандардың құрылыс ерекшеліктері - елеулі роль атқарғаны мәлім. Отырардың ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың қабаттарының 15 құмдан табылып отыр. Бірақ олардың басым бөлігінің сақталуы нашар. Төртеуінің сақталуы жақсы, тек төбелері ғана бұзылған, төртеуінің сақталуы орташа. Ішкі құрылыс ерекшеліктеріне орай оларды келесі топтарға бөлуге болады:

1. Пеш жобада төртбұрышты, екі камералы, отхана мен күйдіретін камера арасы жартылай бөлінген. Отхана төртбұрышты, жобада оның ауданы күйдіретін камераның шамамен бестен бір бөлігін алып жатыр. Отхананың аузы тар, отханадан сыртқа шығарылған тесігі бар. Күйдіретін камера төртбұрышты пішіндес, бұрыштары дөңгелене келген. Қабырғаның бұрыштарында мұржа тәрізді тесіктер жасалған. Бұл үлгіге "У" орамындағы 61-ші бөлмедегі құмдан мен "Н" орамының 4-ші үйі, 157-ші бөлмедегі пеш жатады. Пештің бұл үлгісі этнографиялық әдебиетте кесеғар құмдан деп аталатын пештерге ұқсас. Мұндай пештерде леген, кесе, орта кесе сияқты жалпақ үлгідегі сырлы ыдыстар күйдіріледі екен(Рахимов, 1961, с.68, рис. 8). Кесеғар құмдан "алауы кері қайтатын" деп аталатын құмдандар қатарына жатады. Әдеттегі пештерде отханадан көтерілген алау тіке жоғары көтеріліп, төбедегі ойықтар арқылы шығып кетеді. Күйдіретін камера ішінде температура бірқалыпты болмайды: ортасында температура жоғары, ал қабырғаларына таяу кеңістікте төмен. Сондықтан керамикалық өндірісте алауы кері қайтатын пештер тиімді болған. Мұндай пештер сонау Х ғасырдан белгілі. Ар-Разидің жазбаларына сүйенсек: "Мұндай пеште от кері қайтады, оның ішіне отпен жақындасып қатаюға тиісті бұйымдар, не болмаса майлы затар қойылады"(Сайко, 1966, 175). Этнографиялық әдебиеттерде мұндай пештердің ыдыс-аяқ қоятын ойығы құмдан іске қосыларда қақпақпен жабылады. Жоғары қарай көтерілген алау қақпаққа тіреліп, содан соң төмен түсіп барып еден деңгейіндегі камера бұрыштарындағы ойықтарға еніп, қабырға ішіндегі мұржалармен сыртқа шығады. Құмдандарда күйдіретін

камера мен отхана аумақтарының арақатынасы мен олардың өзара орналасуы аса маңызды екен. Қазіргі технолог-керамистердің пікірінше, отхананың аумағы шағын болуы тиіс екен. Сонда күйдіретін камерадағы температура тез көтеріледі (Сайко, 1966, с.176).

2. Екі камералы, отхана мен күйдіретін камера жоспарда дөңгелек, камера қабырғасында ыдысты алып-қоятын терезе бар. Отханаға сырттан ауа әкелетін канал бар. Бұл топқа I қазба "А" орамындағы, бірінші үйдегі, 35-ші бөлмедегі құмдандар жатады. Бұлар этнографиялық әдебиетте кесеғар құмдан деп аталатын үлгіге жақын. М. К. Рахимовтың зерттеуінде бұл пештер кесектен соғылады. Олар екі бөлмеден : күйдіретін камера(ол араф немесе токча деп аталған) және отханадан тұрған. Екі камераны бөлетін қабырғалы пештерде бойы биік қуысты ыдыстар: хум, көзе мен қумыралар күйдірілген. Осы құрылымдағы ұқсастықты ескере отырып 2-ші топтағы пештерде үлкен, әрі ірі ыдыстар күйдірілген деп есептейміз. Алайда Отырардың бұл пештерінде отханаға тікелей апарылған қосымша ауа жіберілетін каналдар бар.

3. Екі камералы, күйдіретін камера жоспарда дөңгелекше болып келген, ыдыстарды қойып алатын терезе бар. Күйдіретін камера еденінде тесіктермен қатар ортасында жабылмалы-ашылмалы тесік бар. Пеш этнографиялық әдебиеттердегі кесеғар құмданға жақын. ІҮ қазба, "Ф" орамы, 6-шы үйдегі керамикалық ыдыс-аяқ үлгілерімен танысу бізге сырлы ыдыстардың екі мәрте күйдіруден өткендігін көрсетіп отыр. 434-ші А бөлменің ішінен шыққан ыдыстар бір-ақ мәрте күйдірілген екен. Олардың беттерінде сыр жоқ, бірақ ангоб жағылған және күйдірілген.

Арнайы әдебиетте екі мәрте күйдірудің екі тәсілі әңгіме етіледі. Біріншісі ангобталмаған күйінде күйдіріледі. Екіншісінде ангоб жағылған соң күйдіріледі(Сайко, 1966, с.191). Бізде екінші тәсіл кездесіп отыр. Ыдыс кесегін күйдіру үшін жоғары температура керек болса, сырды өз дәрежесіне жеткізу үшін төмендеу температура қажет болған. Негізінен екі мәрте күйдіру тәсілі ыдыс кесегі мен сырдың өзара жақсы қабысуы үшін қажет болған(Семенов, Коробкова, 1983, с.214). Этнографиялық материалдардың көрсетуінше күйдірудің мұндай тәсілі аса нәзік сапалы ыдыстарды өндіруде қолданылған. Немесе-ыдыс майлы саздан жасалған кезде қолданылады екен(Сайко, 1966, с.192). Біздегі әуелгі күйдіруден өткен ыдыстар кесегінің түсі сарғыш, беттеріне ақ ангоб жағылған.

Сонымен Отырардың ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы құмдандарының түрлі ыдыс-аяқ күйдіруге маманданғаны анық байқалады. Олардың

ішінде алауы қері қарай айналатын аса жетілген пештер бар. Кейбір отханаларға қосымша ауа лебін жіберу үшін жасалған каналдар бұрынғы Отырардың құмдандарында кездеспеген десе де болады. Барлық пештердің отханалары жер деңгейінен төмен орналасқан. Бұл бір жағынан отын үнемдеуге жағдай жасаса, екінші жағынан пештің біртіндеп сууына да тиімді болған. Отхана аумағы әдетте күйдіретін камера аумағынан кіші. Бұл температураның тез көтерілуіне себепкер болған (Сайко, 1966, с.76). Пеш жанған кезде қосымша ауа жіберетін каналдың болуы шеберлердің өттегіні камераларға көбейту, не болмаса азайту мөлшеріне де көп назар аударғандығын көрсетіп тұр. Осы тәсілдерді пайдалана отырып, керамика бетіндегі сырдың түсін құлпыртып отырған.

Кейінгі ортағасырлық Отырардың керамикалық шеберханаларында құмдандармен қатар тандырлардың болуы қызық-ақ. Шеберханалық бөлмелерде керамиканы күйдірумен қатар нан процесінің жүруі күмәнді. Осыған орай біз тандыр іштерінде керамикалық өндіріске қатысты сыр, не болмаса әуелгі күйдіру процесінің жүруі мүмкін деген пікір білдіреміз. Алайда Орталық Азияның керамикалық өндірісі жайлы этнографиялық әдебиеттерде тандырларды осы мақсатта пайдаланғаны жөнінде нақты дерекке кезікпедік.

Керамика күйдіру процесінде ішкі құрылымы жағынан сан-алуан құмдандарды пайдалану қыш өндірісінің аса жоғары дамығанының бір айғағы.

Құмдандарға өнімді жайғастыру үшін қолданылатын құралдар "Ф" орамы, 8 үй, 445 (А) бөлме мен 6-шы үй, 434 А бөлме ішінен табылды. Бұлар әдеттегі үш аяқты тұғыр-сепаялар. Осымен қатар сарай орнын қазу барысында жоғарғы (XVII ғасыр) қабатының шұңқырынан конус тәрізді тұғырдың табылғанын атап өткен жөн. XIII-XV ғасырлардың пешке қоятын тұғырлармен салыстырғанда бергі кезең сепаялары дерекілеу, қарапайымдау жасалған.

ҮІ ТАРАУ. КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДА ҚОЛӨНЕРДІҢ ҮЙЫМДАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

ҮІ. I. Империялар дәуіріндегі керамикалық қолөнердің үйымдасуы.

Кейінгі ортағасырлық дәуірде Қазақстан қалаларында қолөнершілердің үйымдасу-ұжымдасуы, олардың қоғамдық өмірде алатын орны жөнінде жазба деректердегі мағлұматтар жоқ десе

болады. Сондықтан бұл мәселелерді қарастыруда қосалқы этнографиялық, топонимикалық, фольклорлық, археологиялық деректерді жылнамалардағы хабарлармен ұштастыра қарау ғана нәтиже бермек.

Монғол шапқыншылығы және Отырардың Монғол империясының құрамына енуі керамикалық қолөнердің үйымдасу мәселесіне үлкен өзгерістер енгізгені хақ. Қаланың алты айлық қоршауда болуы, тоңалуы және Жувайнидің көрсетуінде монғолдардың семсерден аман қалған шаруалар мен қолөнершілердің бір бөлігін хашарға (әскерге қосымша күш ретінде пайдалануға - автор), ал екінші бір бөлігін олардың өнерін пайдалану мақсатында алып кетуі (Абусейтова, 1975, с.111). - қолөнерге қатты соққы болып тиді. Монғолдардың жаулап алған басқа да қалалардың қолөнершілерін жинап алып, өз жұмыстарына салғаны жөнінде хабарлар баршылық.

Монғол империясының ішкі жағдайымен жақын таныс болған Рим папасының елшісі Плато Карпинидің айтуынша, монғолдар кез-келген тұтқындардың ішінен қолөнершілерді іріктеп бөліп алып, қалғандарын қырып отырған (Дживанини дель Плато Карпини, 1957, с.54). Осылайша іріктелініп алынған қолөнершілерді Шыңғыс ұрпақтарының ордаларына бөліп жұмысқа салып отырған. Сонымен қатар қалаларда қалған қолөнершілер де ұлыс билеушілерінің жұмыстарын атқаруға міндетті еді. Бұл жөнінде Вассафтың Бұқара қаласының халқы жөніндегі мына хабарынан аңғаруға болады: "Осы кезеңнен ертерек каан жаушы жіберіп, Бұқараны қайта есептетті. Бұқарада санап алынған он алты мыңның бес мыңы Батудікі, үш мыңы Хулагу ханның шешесі Қути бикенікі болды, ал қалғаны Ұлық Құл деп аталды. Соңғыларын Шыңғысханның қай тұқымы таққа отырса, сол иеленетін болды" (Бухарский вакф, 1979, с.13).

Қаладағы қолөнершілердің жеке бір ханзадаға, не болмаса басқа бір билік иесіне тіркелгенін 1269 жылғы құрылтай шешімі де көрсетеді. Онда ханзадаларға қалаларға жақындамау, малды егістікке жібермеу, заңды алым-салықтардан тыс халықтан еш нәрсе алмау, өзара бөлінген Бұқара мен Самарқандағы шеберханаларымен қанағат қылу ұсынылды (Бартольд, 1963, с.583).

Құлдардың күшімен бұрын-соңды болмаған құрылыстар жүргізілді, жаңа мекен-жайлар мен қалалар салынды. Мысалы, жазба деректердің хабарлауы бойынша, 1235 жылы Ұлы хан Өгедей бекзадалар мен әмірлерді Дешті-Қыпшаққа, Машынға, басқа да жерлерге жіберіп, қалалардағыдай сәулетті құрылыстар, каналдар салуды бұйырыпты (Қызласов, 1993, с.181).

Алтын Орда жерінде кенеттен алып қалалардың пайда болуын тек құлдық жүйенің және тегін жұмысшы күшінің кенінен өріс алуымен байланыстыруға болады. Мұндай жағдай монғолдар басып алған кез-келген жерде орын алды. Құл еңбегін кез-келген билік иесі пайдаланған. Айталық Ирандағы монғол хандарының уәзірі Рашид ад-диннің көп құрылыстар салдырғаны жөнінде деректер сақталған. Тебриздің түбінде ол Руб-и Рашиди деп аталатын қалашық тұрғызған. Оның айналасына үлкен бау-бақшалар көтерген. Бау-бақшаны күтіп баптау үшін бес шағын мекен-жай салдырып, оған түрлі халық өкілдерінен тұратын құлдарды жайғастырыпты. Құлдар жүзім, түрлі мәуе ағаштарын отырғызып, су келетін арық-оман, көріздер салған. Тарихшы-уәзір сол мекен-жайларға орналастырған құлдарды атап өтіп:

"Негрлер ауылы : ерлер 20 адам, әйелдер 20 адам.

Грузиндер ауылы : ерлер 20 адам, әйелдер 20 адам.

Эфиоптар ауылы : ерлер 20 адам, әйелдер 20 адам.

Карвиян ауылы : ерлер 20 адам, әйелдер 20 адам.

румиликтерден қырық адам жіберуін сұрайды(Федоров-Давыдов, 1983, с.216-217). А. М. Беленицкийдің(1940, с.44) пікірінше, "Монғол дәуіріндегі қалалық қолөнерге құлдық және жартылай құлдық қатынастардың енуі тән болды. "Кархана" деп аталатын мемлекеттік шеберханалардағы қолөнершілер мен ірі феодалдар шаруашылықтарындағы шеберлер құлдар дәрежесінде еді".

Мыңшұңқыр шеберханасынан табылған материалдарды талдау бізге бұл өндіріс орнының мемлекет не ірі шонжар иелігіндегі құлдар еңбегіне негізделген кархана - фабрика деуге негіз береді. Ең алдымен бұл ескерткіште тұрғын үйлердің санаулы ғана олар жұпыны екеніне және осыған карамастан мұнда он сегіз керамикалық пеш орны болғанына назар аудармақпыз. Этнографиялық материалдар басы бос керамистердің әдетте бір не болмаса екі, әрі кеткенде үш пеші ғана болатынын көрсетеді. Отырар рабадындағы хронологиялық тұрғыдан кейінірек жұмыс істеген керамистер шеберханаларындағы тұрғын жайлар кең, көп бөлмелі, ал күйдіретін пештері санаулы. Сонымен қатар басы бос керамистер әдетте бір өнім шығарумен маманданған болса, Мыңшұңқыр шеберханалары алуан түрлі сырлы керамика өндірген. Олардың ішінде арнайы тапсырыспен жасалынатын сәулеткерлік декор бар. Бірнеше құмдан ауыздарының бір шұңқырға түйісуі ұсақ өндіріске жат нәрсе. Ұсақ өндірушінің қала орталығына, базарға таяу жерлерге орналасуы да заңды. Мысалы, Отырар рабадындағы керамистер орамын айтуға болады. Ал Мыңшұңқыр тоғыз жолдың түйіскен жерінен қашықта жатыр.

Міне, осы белгілер Мыңшұңқыр шеберханасын Алтын Орда астанасы - Сарай(Селитренное) қаласындағы шеберхана тәрізді кархана қатарына жатқызуға мүмкіншілік береді. Мұны тарихи жағдаяттар да қоштай түседі. Отырардың Монғол империясында гүлденіп, алтын тенге соққан қалалардың бірі болғаны, шаһардан жоғары қызметтерге көтерілген адамдардың шыққаны жөнінде жоғарыда әңгіме етілген болатын.

Отырар қаласының төңірегінде басқа да мемлекеттік, не феодалдық өндірістік карханалардың болғанын, біздің пікірімізше, төбе атауларына қатысты аңыздардан аңғаруға болады. И. Т. Пославский(1898, с.237) "некоторые из расположенных кольцеобразных холмов ...сохранили еще у туземцев свои названия, свидетельствующие о былом развитии разных промыслов, вроде наших кожевников, кузнечных слобод и т. п." деп тарихи аңыз-әңгімелердің бар екеніне назар аударып кеткен. Жергілікті тұрғындардың түсіндіруінше деп нық көрсетіп: "когда на месте современных развалин ключом била жизнь, когда на холме Алтын типа работали ювелиры, а на Пчакчи-типа искусные мастера выделывали ножи для населения громадного города" халықтың тарихи зердесінде қалған мағлұматтардың бір ұшын Н. Лыкошин(1899, с.172) жария етті.

Ал бұл аңыздың толығырақ нұсқасын Черкасов(1903, с.71) келтіреді: "На некоторых буграх есть следы жилья(битые черепки, кирпичи) и местные жители указывают на них как на место пребывания мастеров Отрара, чем объясняются и некоторые названия. Так например, бугор Алтын тобе, лежащий в 6 верстах, считает местом монетного двора и казначейства и жильством сборщика податей; Псякчи тобе в трех верстах местом пребывания кузнецов; Кара-Кунчук - местом проживания кожевников(Черкасов, 1903, с.71). Бұл жердегі "псякчи" дегені пышақшы екені түсінікті. Шеберлердің пышақ, қару-жарақ жасаумен шұғылданғанын көрсетіп тұрғандай. Нақ пышақ деп көрсетілуі мүмкін осы жердегі шеберлер пышақ жасауда ерекше шеберлікке жеткен болса керек. Мысалы, қазір Орта Азияда Чуст қаласында жасалынатын пышақтар аса жоғары бағаланады ғой.

Кара-көншіктегі екінші сөз қазіргі қазақ тіліндегі көйлек-көншекте ұшырасады(ҚТТС, 5 том, 169 б.). Көн өндеп ерекше киім, сауыт жасайтын өндіріс орны болуы ықтимал. Монғолдар әскерінде көннен жасалған сауыттар болғаны белгілі. Отырарда XIII-XV ғ.ғ. кәсіп иелерінің мамандығы бойынша орналасуын біршама болса да археологиялық деректер қоштап тұрғандай. Құйрықтөбе маңындағы оман-арық бойынан темір ұстаханалар

табылып отыр (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1987, с.187-192). Жарияланған жоспарға карағанда аршылған бөлмелерде он алты пеш қалдығы табылған. Қазбада аршылған төрт тандырдың үшеуі нан пісіретін тандырлар емес. Оларды өндірістік пештерге жатқызуға болады. Қазба барысында екі тоннадай темір алынған. Әдеттегі тұрғын-жай орындары табылмаған. Осыларды ескере отырып аталмыш шеберхананы құлдар етбегіне негізделген темір өңдейтін қархана деуге толық негіз бар. Теміршілер шеберханасы XIII ғасырлардың екінші жартысынан бастап, XV ғасырдың басына дейін жұмыс істеді. Мықты империялық билік бас қалаларды құлдармен қамтамасыз етіп отырды.

А. М. Беленицкийдің (1940, с.45) төмендегі пікірінің Отырарға да қатысы бар деп санауға болады: "Әмір Темір дәуірінде құлдық қатынастар жойылған жоқ. Жаулап алынған елдерден Самарқанға және Орта Азияның басқа да қалаларына әкелінген мың сан қолөнершілердің жағдайы құлдық деңгейінде болды. Темір белгілі дәрежеде қархана жүйесін пайдаланды". Әйгілі испан елшісі Руи Гонзалес де Клавихоның Самарқан шеберлері жайлы келтірген мағлұматтары дәлме-дәл Отырар жағдайына келмегенмен бір шамасы жақын болуы керек. Себебі, Темірланның өзіне жақын тартқан адамдардың қатарында отырарлықтардың да болғаны, ал олардың билеушіге еліктегені мәлім. Сонымен Руи Гонзалес де Клавихоның жазуынша: "Сеньор бұл қаланың (Самарқанның) даңқын асырмақшы болды да жаулап алған елдердің барлығынан осы қалаға және оның айналасындағы жерлерге қоныстануға адамдарды көшірді, әсіресе түрлі кәсіп шеберлерін жинады. Дамаскіден барлық кәсіп иелерін: өз салаларында әлемде ең озық болып табылатын түрлі мата тоқушыларды, садақ пен мылтық жасаушыларды, саз бен шиша үкатушыларды жіберді. Түркиядан арбалет жасаушылармен қатар тапқан барлық шеберлерді, тас өндірушілерді, зергерлерді жіберді. Осыдан барып қалада кез-келген мамандық бойынша шебер мен ісмер табылады. Және ол атқыш машина жасаушылармен бомбардирлерді, осы қаруларға жіп өретіндерді алып келді. Олар бұрын бұл жерде өсірілмеген кендірді өсірді. Ол бұл қалаға дүниенің төрт бұрышынан соншама көп халық жинады. Адамдардың айтуынша, ерлер мен әйелдердің барлығының саны жүз елу мыңнан асады. (Руи Гонзалес де Клавихо, 1990, с.139).

Құлдар мен құлдықтағы қолөнершілердің жағдайы жөнінде тарихи деректерге зер салайық. Пано Карпини (1957, с.58) монғолдар басып алған кез-келген елдердегі шеберлерді өз жұмыстарына пайдаланғанымен, өз отанында қалған қолөнерші-

лерден алым-салық жинап алып отырғанын хабарлайды. Ал қалада тұратын шеберлерге бір аптада үш рет ғана аз мөлшерде ет береді екен. Әңгіме құлдық дәрежедегі шеберлер жөнінде болса керек. Себебі Пано Карпини олардың қарсы сөйлеп немесе тез арада бұйрықты орындамағандықтарын есектей ұрып-соғатынын жазады. Шеберлердің ішінде жағдай біршама жақсы деп өңдейтін зергерді, не басқа кәсіптің қас шеберін бөліп айтады. Қалғандарының ішіп-жейтіні мардымсыз, киімдері жұпыны екенін, ал кейбір қатты қожайындар бұларға ішуге тамақ та қымайтынын, күн көруге қажетті жұмыстар істеуге мүмкіншілік бермейтінін итальян саяхатшысы жазып кетеді.

Монғолдардың қол астындағы Қытайда болған Ибн Баттутаның қолөнершілер жайлы хабары да назар аударарлық. "Бұл алаңда күмбезді бөлмелерде шеберлер қымбат киім тігеді, ұсталар қару-жарақ жасайды. Әмір Құртайдың маған айтқанына карағанда онда мың алты жүз шебер қызмет етеді, олардың әрқайсысында үш не болмаса төрт шәкірті бар және олардың барлығы ханның (императордың) құлдары. Олардың аяқтарында кісені бар және олар сарайлардан тыс жерлерде тұрады. Оларға қала базарларына баруға рұхсат етілген. Алайда қала қорғанының сыртына шығуға тыйым салынған. Олар күнде жүз-жүзден өмірдің алдында тұрады, ал осы жүздікте бір адам кем болса, осы топқа жауапты адам жазаға тартылады. Оларда мынадай әдет бар: кімде-кім он жыл қызмет етсе, одан кісен-алынады да одан әрі жұмыс істеуіне немесе ханға қарасты кез-келген басқа өлкеге кетуіне рұхсат беріледі. Оған тек осы мемлекеттен тыс жерге баруына болмайды. Шебер 50 жасқа келсе, жұмыстан босатылады да қазына есебінен тамақтандырылады" (Ибрагимов, 1988, с.36).

Қархана сияқты ірі шеберханаларда шеберлер мен қызметшілер арасында еңбек бөлінісі болды. Мыңшұңқыр шеберханасында сепая, сари сияқты күйдіруге қажетті құралдар арнайы күйдірілген. Этнографиялық деректер әдетте шеберханаларда мұндай жұмыстардың қартайған шеберлерге немесе жас шәкірттерге тапсырылатынын көрсетеді (Пешерова, 1959, с.164). Ірі шеберханалардың бір бөлігінде саздың июін қандырып жатса, екінші жерде ыдысты шарықта пошымдап жатады. Қалып сияқты құралды жасаумен қалыпта ыдыс үкату сияқты өнермен жеке ұсталар машыққан. Құмдандарда керамика күйдірумен маманданған шеберлер болуы тиіс. Сыр даярлау да ерекше білімділік пен шеберлікті, үлкен тәжірибені талап етті (Лунина, 1981, с.135).

Жазба деректерде құлдық дәрежедегі қолөнершілермен қатар

өз үйінде, өз аспаптарымен жұмыс істейтін шеберлер болғаны аталады. Отырар рабадындағы керамикалық шеберханалар осындай басы бос керамистердікі еді. Әр шеберханада бір-екі ғана пеш және үй қызметін атқаратын бөлмелер бар. Олар белгілі-бір ыдыс түрін шығарумен ғана маманданыпты. Археологиялық қазба жұмыстарының барысында шеберханаларда табылған өнімдеріне қарап, бірінші шеберхананың иесі су таситын құмыралар, күмдандар шығарумен шұғылданғаны, екінші шеберхананың иесі екі тұтқалы табақтар мен шырақтар шығарғаны, үшінші шеберханада калыппен жасалатын торсықтар және сырлы ыдыстар өндіргені анықталды (Байпаков, 1983, с.36). Осы орамдағы оныншы шеберханадағы пеш отханасының диаметрі 2 м., екінші шеберханадағы пеш отханасының диаметрі 2,7 м. болғанына қарағанда бұл өндіріс жайлар аса ірі ыдыстарды хум пен тандырларды күйдірумен маманданғанын байқауға болады. Плано Карпинидің жазғанындай, өз үйлерінде қалған шеберлер алымсалық төлеп отырды. Оларды қала әкімі қажетті жұмыстарға жұмсап отырған.

Орта Азия аумағында колөнершілердің цехтық құрылымы жайлы екі түрлі көзқарас бар. Ғалымдардың бір бөлігі (А. Якубовский) X ғасырда мұндай ұйымдар болды десе, екіншілері нақты дерек жоқ деп, бұл мәселені әлі де күмәнді деп санайды. Колөнершілердің цехтық бірлестіктері жөнінде нақты дерек болмаса да, керамистердің бір жерге шоғырлануы цехтық болғанының бір айғағы тәрізді. Бірлестіктер құруға феодалдардың озбырлығы, басқа колөнер иелерімен болған бәсеке, ортақ мүдде-мақсаттар, қоғамның ортағасырлық дәуірге тән иерархиялық сипаты итермеледі (Ташходжаев, 1975, с.58-67).

Керамистердің арасында сауаттылар аз болмаған. Мыңшұңқыр шеберханаларында жазулы ыдыстар шығарылған. Мысалы, олардың біреуінде "Жалында, киын соқпақ өмірде" (23, 4 сурет) деген тілек жазылыпты (оқып аударған З. Жандарбеков). Жазулар тек ыдыс бетіне ғана жазылмаған. Керамистер бейіт басына қойылатын қыш белгілерді де жасап беріп отырған. Сондай қыш тақтайшаның біреуіне тоқтала кетейік. Оның беткей ауданы 73x39 см., ені 8 см., түсі ақ-сары (музейлік белгісі КП 1305). Қыш бетінде араб әліппесімен 4 қатар жазу түскен. Бір шетінде, өрнек ішінде "санат 799" деп жазылған. Бұл хижра бойынша белгіленген жыл. Оны қазіргі жыл санауымызға көшірсек, 1397 жыл болып шығады. В. Н. Настич жазу бетінен қазының қызы Сұлтан Түркен хатынның есімін ажыратты.

Қала канализациясымен су жүйелері үшін керамистердің көптеп

құбырлар жасағаны мәлім. Міне, осындай құбырлардың бірінде жазу шықты. Бұл құбырдың биіктігі 106 см., бір жиегінің диаметрі 17 см., ал екіншісінің диаметрі 24 см. Жазу жуандау басына таяу жақта орналасқан құбыр әлі күйдірілмеген кезде үшкірлеу бір аспаппен түсірілген. Жазуды алғаш таныстырғанымызда шығыстанушы В. Н. Настич таңырқай қарап, оны "перғауын" деп оқыды. Кейіннен Санкт-Петербургтегі А. А. Ивановтың көмегімен Париждегі белгілі араб ғалымы Юсуф Рашбу жазудың сырын ашты. Онда Құранның 35-ші сүре 18-ші аятынан бір үзіндісі жазылыпты (А. А. Ивановтың авторға 1991 жылғы 3 қыркүйектегі жазған хатынан).

ҮІ. 2. XVI-XVIII ғасырлардағы колөнердің ұйымдасуы.

Археологиялық зерттеулер бұл кезеңде керамикалық шеберханалардың шаһар ішіне ауысқандығын көрсетті. Археологиялық қазба жұмыстарының барысында аршылған керамикалық шеберханалардың барлығы дерлік аудан жағынан алып қарағанда алдыңғы кезеңдегі өндіріс орындарынан әлдеқайда кіші. Олардың басым бөлігі шағын, жалғыз не екі пешті болып келген. Осыған қарап бұл шеберханалардың иелерін басы бос колөнершілер деуге болады.

Ең үлкен шеберхана деп бес бөлмелі, үш пеші болған "Л" орамындағы I-ші үйді айтуға болады. "У" орамындағы бес бөлмелі шеберхананың да екі пеші бар, қалғандарында бір пештен. Этнографиялық зерттеулер әдетте бір шеберханада 2-3 пеш болғанын көрсетеді (Джаббаров, 1971, с.101; Екимова, 1959, с.352; Пешерова, 1959, рис. 36). Міне, осыған қарап, бұл шеберханаларды бір әулеттің жұмыс орны болған деуге толық негіз бар. Этнографиялық материалдар әдетте мұндай шеберханаларда кандастардың жұмыс істегендігін көрсетеді (Пешерова, 1949, с.34).

Керамист-шеберлердің мамандануы жөнінде пікір шеберхана ішінен табылған керамикалық ыдыс-аяққа, күмдандар құрылысының ерекшеліктеріне назар аударудан туындайды. Айталық, шеберхана аумағында сыр жасауда қолданылатын тас ыдыстардың, ишкор түйіршіктерінің табылуы, 15-ші бөлмедегі күмдан құрылысының Ташкенттегі майданпаздар - сырлы ұсақ ыдыс жасаушы керамистердің пешіне ұқсастығы бізге IV қазба "Л" орамы, I-ші үйдегі шеберхананың сырлы ыдыс жасағанын куаттайды. Бұған қоса осы шеберхана ауданында, 35-ші бөлмедегі пештің құрылымы, шеберхана иесі тұрған 6-шы үйде жиырма бір құмыра, бес тағара, үш хумнан тұратын қамба орыны, ірі ыдыстардың қабырғаларын өңдеуде пайдаланатын қыш төшенің

табылуы бұл шеберханада сырсыз ірі ыдыстардың өндірілгендігіне айғақ бола алады. Сонымен ХҮІІ ғасырда Отырарда ең ірі шеберханалардың бірі болған бұл өндіріс орнында сырлы және сырсыз ірі ыдыс өндірілген. Ірі ыдыстардың қоймада жиналып қалуы шеберхананың соңғы уақытта сырлы ыдыстарды шығарумен шұғылданғанын көрсетсе керек. Сырлы кесеге сураныстың күшеюін төменде әңгіме етпекпіз.

Ү қазба шекарасындағы құмдан құрылысының ерекшеліктері онда хум, кезе тәрізді ірі ыдыстар күйдірілгенін жобалауға болады. ІҮ қазба "У" мен "Н" орамдарындағы құмдандардың құрылымы кесе, леген шығаруға бейімделген. "А" орамындағы құмдан ішінен жарамсыз сырлы кеселер, сепаялар табылуы мұнда сырлы майда ыдыстардың күйдірілгенін көрсетіп тұр.

"Ф" орамындағы шеберханалардың негізінен сырлы керамика өндірісі бойынша маманданғаны байқалады. Себебі, 445-ші А бөлмеден сепаялар, жарамсыз болып қалған сырлы кеселер табылды. Осы орамдағы 6-шы үйде де жарамсыз сырлы ыдыстар кездесті.

Қорыта айтқанда, Отырардың ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың керамистері негізінен сырлы кесе - пиала шығарумен маманданған. Мұның себебін, біздің түсінуімізше, Отырардың Қазақ хандығының құрамында болып, көшпелілермен тығыз саудасаттық байланыста болуында. Көшпелі тұрмысқа хум-қумшалардың, ірі құмыралардың қажеті жоқ.

Этнографиялық материалды саралай отырып, көшпелі қазақ тұрмысында керамикалық ыдыстың белгілі-бір түрінің кең тарағанын айғақтайтын затқа зерттеушілердің назарын аудармақпыз. Бұлар - кесе қап, пиалай - қап, шыны - қап. Олар музейлерде, қазақ этнографиясына арналған әдебиетте жиі кездеседі (Муканов, 1981, с.70; Оразбаева, 1970, 73 сурет; Джанибеков, 1982, рис.95). Керамикалық ыдыстарға арналған қораптардың болуы олардың көшпелілер арасында кең тарағанымен қатар жоғары бағаланғанын көрсетсе керек. Кесе пиалайға деген сураныс осындай өнімді шығаратын керамикалық өндірістің өсуіне, кенеуіне жол ашатыны хақ. Сондықтан болса керек Қазақ хандығының құрамына енген Отырарда керамика өндірісінің орындары көп болған.

Негізінен керамиканың бір үлгісін шығаруда мамандану этнографиялық деректер бойынша Орта Азия шеберлеріне тән болған. Мысалы, Хиуада бір керамистер ас ыдыс шығарса, біреулері суғару жүйесінде қолданылатын құбыр, шығыр шелектерін жасаған, ал тағы біреулері кірпіш күйдірген. Сонымен қатар

керамиканы ұқсату техникасына қарап та бөлінген екен. Біреулері шарықта жасалынатын ыдыстар жасауға, ал екіншілері қолмен, тесшемен икемдеп жапсырылатын ірі ыдыстарға икемделіпті (Екимова, 1959, с.347).

Отырар шеберханаларында түрлі үлгідегі пештердің болуы маманданудың бір айғағы десе де болады. Этнографиялық материалдар Орта Азия керамистері сырлы ыдыстардың жеке түрлерін шығаруға маманданғандығын көрсетіп отыр. Мысалы, Риштан шеберлері тек ақ сырлы ыдыс шығарса, басқа керамистер сары түсті сырлы ыдыс өндірген (Пешерова, 1959, с.208; Рахимов, 1961, с.24).

Отырардағы керамикалық шеберханалардың ХҮІІ ғасырдың "Л" орамы мен "Ф" орамында шоғырлануы цехтық ұйымды меңзейтіндей. "Л" орамы мен "Ф" орамындағы шеберханалардан төте алғанда 50-60 м. жерде "У" орамында тағы бір шеберхана орналасқан. Бұл Отырар керамистерінің цехтық ұйымдарға (кәсіптік) бірігіп отырғанын көрсететін тағы бір дәлел. Цехтың ішкі тіршілігін, мүшелерінің қарым-қатынастарын арнайы ережелер - рисаля белгілеп отырған. Әдетте мұндай бірлестіктер сатылы, иерархиялық құрылымда болған. "У" орамындағы құмырашылар үйлерінің ішінде екі тандырлы там ерекшеленеді. Осыған қарап К. М. Байпаков бұл осы орамдағы керамистер ақсақалының, яғни басшысының үйі деген жорамал айтты (Байпаков, 1983, с.36).

Самарқанд керамистерінің басшысын баба деп атаған екен. Ол еңбегімен, кәсіптік білімімен өскен шәкірттерді ұсталар қатарына өтуіне бата беріп қосып отырыпты. Бұдан кейінгі дәрежедегі басшысын Самарқанд құмырашылары ақсақал деп атаған. Ол цехтың базарға қатысты мәселелерімен айналысқан. Баба мен ақсақалға көмекші қызметінде пайқал болған. Ол жас, әрі жігерлі ұсталар қатарынан сайланған. Және ол жалдамалы жұмысшылар алу, шеберханалар ұйымдастыру, ұста мен жұмысшылар арасындағы қатынастарды реттеу, алым-салық жинау және басқа да мәселелерді реттеуде қызмет еткен (Пешерова, 1949, с. 34-35).

Хорезмдегі құмырашылар цехына да осындай текпішекті құрылым тән болған. Бұл жерде цех ұлпағар деп аталып, оған сайланбалы басшыны - қалантар деген. Оның екінші аты ұста-баши. Оған ұсталар бағынды. Сатының төменгі қатарында кәлпі мен шәкірт болды. Қалантар олардың жұмысын бақылап, базарда құмырашылар атынан сөз сөйлеп, керамистер мүдделерін қорғады, әсіресе, құмырашылар өнімінің өтуі мен шикізат сатып алу мәселелерімен айналысты. Сонымен қатар бірлестік ішінде шебер-

табылуы бұл шеберханада сырсыз ірі ыдыстардың өндірілгендігіне айғақ бола алады. Сонымен ХҮІІ ғасырда Отырарда ең ірі шеберханалардың бірі болған бұл өндіріс орнында сырлы және сырсыз ірі ыдыс өндірілген. Ірі ыдыстардың қоймада жиналып қалуы шеберхананың соңғы уақытта сырлы ыдыстарды шығарумен шұғылданғанын көрсетсе керек. Сырлы кесеге сураныстың күшеюін төменде әңгіме етпекпіз.

Ү қазба шекарасындағы құмдан құрылысының ерекшеліктері онда хум, көзе тәрізді ірі ыдыстар күйдірілгенін жобалауға болады. ІҮ қазба "У" мен "Н" орамдарындағы құмдандардың құрылымы кесе, леген шығаруға бейімделген. "А" орамындағы құмдан ішінен жарамсыз сырлы кеселер, сепаялар табылуы мұнда сырлы майда ыдыстардың күйдірілгенін көрсетіп тұр.

"Ф" орамындағы шеберханалардың негізінен сырлы керамика өндірісі бойынша маманданғаны байқалады. Себебі, 445-ші А бөлмеден сепаялар, жарамсыз болып қалған сырлы кеселер табылды. Осы орамдағы 6-шы үйде де жарамсыз сырлы ыдыстар кездесті.

Қорыта айтқанда, Отырардың ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардың керамистері негізінен сырлы кесе - пиала шығарумен маманданған. Мұның себебін, біздің түсінуімізше, Отырардың Қазақ хандығының құрамында болып, көшпелілермен тығыз саудасаттық байланыста болуында. Көшпелі тұрмысқа хум-қумшалардың, ірі құмыралардың қажеті жоқ.

Этнографиялық материалды саралай отырып, көшпелі қазақ тұрмысында керамикалық ыдыстың белгілі-бір түрінің кең тарағанын айғақтайтын затқа зерттеушілердің назарын аудармақпыз. Бұлар - кесе қап, пиалай - қап, шыны - қап. Олар музейлерде, қазақ этнографиясына арналған әдебиетте жиі кездеседі (Муканов, 1981, с.70; Оразбаева, 1970, 73 сурет; Джанибеков, 1982, рис.95). Керамикалық ыдыстарға арналған қораптардың болуы олардың көшпелілер арасында кең тарағанымен қатар жоғары бағаланғанын көрсетсе керек. Кесе пиалайға деген сураныс осындай өнімді шығаратын керамикалық өндірістің өсуіне, кенеуіне жол ашатыны хақ. Сондықтан болса керек Қазақ хандығының құрамына енген Отырарда керамика өндірісінің орындары көп болған.

Негізінен керамиканың бір үлгісін шығаруда мамандану этнографиялық деректер бойынша Орта Азия шеберлеріне тән болған. Мысалы, Хиуада бір керамистер ас ыдыс шығарса, біреулері суғару жүйесінде қолданылатын құбыр, шығыр шелектерін жасаған, ал тағы біреулері кірпіш күйдірген. Сонымен қатар

керамиканы ұқсату техникасына қарап та бөлінген екен. Біреулері шарықта жасалынатын ыдыстар жасауға, ал екіншілері қолмен, тесшемен икемдеп жапсырылатын ірі ыдыстарға икемделіпті (Екимова, 1959, с.347).

Отырар шеберханаларында түрлі үлгідегі пештердің болуы маманданудың бір айғағы десе де болады. Этнографиялық материалдар Орта Азия керамистері сырлы ыдыстардың жеке түрлерін шығаруға маманданғандығын көрсетіп отыр. Мысалы, Риштан шеберлері тек ақ сырлы ыдыс шығарса, басқа керамистер сары түсті сырлы ыдыс өндірген (Пешерова, 1959, с.208; Рахимов, 1961, с.24).

Отырардағы керамикалық шеберханалардың ХҮІІ ғасырдың "Л" орамы мен "Ф" орамында шоғырлануы цехтық ұйымды меңзейтіндей. "Л" орамы мен "Ф" орамындағы шеберханалардан төте алғанда 50-60 м. жерде "У" орамында тағы бір шеберхана орналасқан. Бұл Отырар керамистерінің цехтық ұйымдарға (кәсіптік) бірігіп отырғанын көрсететін тағы бір дәлел. Цехтың ішкі тіршілігін, мүшелерінің қарым-қатынастарын арнайы ережелер - рисаля белгілеп отырған. Әдетте мұндай бірлестіктер сатылы, иерархиялық құрылымда болған. "У" орамындағы құмырашылар үйлерінің ішінде екі тандырлы там ерекшеленеді. Осыған қарап К. М. Байпаков бұл осы орамдағы керамистер ақсақалының, яғни басшысының үйі деген жорамал айтты (Байпаков, 1983, с.36).

Самарқанд керамистерінің басшысын баба деп атаған екен. Ол еңбегімен, кәсіптік білімімен өскен шәкірттерді ұсталар қатарына өтуіне бата беріп қосып отырыпты. Бұдан кейінгі дәрежедегі басшысын Самарқанд құмырашылары ақсақал деп атаған. Ол цехтың базарға қатысты мәселелерімен айналысқан. Баба мен ақсақалға көмекші қызметінде пайқал болған. Ол жас, әрі жігерлі ұсталар қатарынан сайланған. Және ол жалдамалы жұмысшылар алу, шеберханалар ұйымдастыру, ұста мен жұмысшылар арасындағы қатынастарды реттеу, алым-салық жинау және басқа да мәселелерді реттеуде қызмет еткен (Пешерова, 1949, с. 34-35).

Хорезмдегі құмырашылар цехына да осындай текпішекті құрылым тән болған. Бұл жерде цех ұлпағар деп аталып, оған сайланбалы басшыны - қалантар деген. Оның екінші аты ұста-башы. Оған ұсталар бағынды. Сатының төменгі қатарында кәлпі мен шәкірт болды. Қалантар олардың жұмысын бақылап, базарда құмырашылар атынан сөз сөйлеп, керамистер мүдделерін қорғады, әсіресе, құмырашылар өнімінің өтуі мен шикізат сатып алу мәселелерімен айналысты. Сонымен қатар бірлестік ішінде шебер-

лер мен шәкірттердің, жалдамалы жұмысшылардың арасындағы қарыс-қатынастарды реттеп отырады. Хандық дәуірде оны аудан әкімі бекітіп, керамистердің түрлі жұмыстарға қатысуына жауапты етті (Екимова, 1959, с.348-349).

Кейінгі ортағасырлық қумырашылардың ұйымдасуына қатысты мәселелерді танып білуде Отырарға материалдық мәдениет тұрғысынан да, керамика жасау амал-тәсілдерден де ең жақын Түркістан материалдарын тарту орынды.

1973 жылы Т. Н. Сенигова Түркістан қаласында жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының барысында бетіне жазулы мөр басылған хум тауып алды. Онда араб әрпімен: "қулал ұста Иунус" яғни керамист-ұста Иунус деген жазу оқылды. Екінші жазулы мөр түскен ыдыс 1979 жылы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің маңындағы Үлкен Қылуат деп аталатын құрылысты қазу барысында табылған. Онда "Кулали қалан ұста Иунус ибн Маджидбай" деген жазу және 1260 жыл, (яғни 1844 жыл) көрсетілген (Смагулов, Настич, 1983, с.45-50). Зерттеушілердің пікірінше, осы екі бөлек хумдағы жазуларды бір керамист-шебер түсірген. Бірінде ол өзін қулал-қумырашы десе, екіншісінде "қулали қалан" деп қолөнершілер цехындағы тепкішекте жоғары көтерілгенін белгілеп отыр. Және бұл оқиға 1844 жылы болған сияқты. "Қалан-қулал" - үлкен, ұлы, бас қумырашы дегенді білдіреді. Осыған қарап Иунус ұста Түркістан керамистер цехының басшысы болса керек деген орынды жорамал айтылды. Айтылған пікірге қосыла отырып, осы керамикалық ыдыстардың бетінде ұста есімдерінің пайда болуы хақында өз ой-тұжырымымызды ортаға салғанымыз жөн. Алдымен осы жазуларды жариялаушылар мұндай мөр басылған керамика үлгілерінің Орта Азия, не Қазақстанда бұрын-соңды кездеспегендігін айтады (Смагулов, Настич, 1983, с.48). Біздің пікірімізше мұндай ыдыстардың Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің айналасындағы Үлкен Қылуат атты діни құрылыста кездесуі бекер емес. Отырар ауданындағы Арыстанбаб кесенесінде "1327. Ұста Қалмырза бен Мүсәпір Түркістани" деген жазу бар. Арыстанбаб шырақшыларының қазіргі тұқымы Мамасадық Нарымбетовтың бізге айтуына қарағанда жазуда айтылған шебер соңғы жөндеу-өңдеу жұмысына қатысқан және осы қызметі үшін ешбір ақы алмай тек менің есімім жазылса болды деген өтініш білдірген. Арыстанбаб кесенесіндегі жөндеу-өңдеу жұмысына қатысқан түркістандық ұста Қалмырза сияқты Иунус ұста да Әзірет Султан қасындағы діни орынға өз өнімдерін тарта отырып, өз есімін жаздыртса керек. Әулие жерлерге сый-сияпат жасау сол кездегі мұсылмандар үшін сауап болған. Иунус

сый-сияпатты екі мәрте, алдымен қатардағы ұста кезінде, ал кейіннен атағы жоғарылаған соң жасаған. Мұндай сый ұстаның сенім-нанымдарына байланысты болуы ықтимал. Екіншіден, шеберлер өз өнімдерін танытуға ынталы болған.

Ортағасырлық қалада әдетте қолөнерші өндірген өз өнімін сатып отырды (Беленицкий, Бентович, Большаков, 1973, с.298). Этнографиялық деректер бұл жағдайдың кейінгі кезеңге де тән болғандығын көрсетеді. Мысалы, Каттабағ қышлағындағы қумырашылардың өнімдерінің бір бөлігін шеберхана ішінен сатып әкетіп отырған. Ал басым бөлігін қумырашылар базарға апарып сатқан. Базарда қумырашылардың өз орындары болды. Базарға апарылатын бұйымды ұстаның өзі салып беретін болған екен, ал сату әдетте көмекшілеріне жүктеліпті (Екимова, 1959, с.374-375). Отырардың "Ф" орамындағы керамикалық шеберханалардың бірнеше көше түйіскен жерде, оңтүстік қақпаға жақын орында. кішкене алаң айналасына топтасуы олардың осы арада сауда жүргізуіне мүмкіндік болғандығын көрсетсе керек.

Отырардың кейінгі ортағасырлық керамика өндірісіне қатысты қолда бар археологиялық материалдарды талдап-тану көне қаланың қолөнері мен тарихы жөніндегі түсініктерімізді едәуір кеңейте түсті. Отырардың керамикалық өндірісі өңірдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, қала халқының хал-ахуалымен тығыз байланыста дамыды, қала тарихының ажырамас бөлігі болды. Сауда-саттық, оның өркендеуі мен құлдырауы, жойқын соғыстар, халықтар арасындағы байланыстар және тағы басқа тарихи оқиғалар мен құбылыстар керамикада, керамикалық өндірісте тайға таңба басқандай өшпес із қалдырып отырды.

Кейінгі ортағасырлық Отырар қаласының тарихында, оның керамикалық өндірісінің дамуында екі кезең айқын байқалады.

Бірінші кезең XIII ғасырдың басынан басталып, XV ғасырда аяқталады. Бұл кезеңде Отырар Евразияның ұлан-ғайыр территориясын алып жатқан Монғол, ал кейіннен Темірлан империяларының құрамында болды. Қала осы аталған империялардың ірі саяси, экономикалық орталықтарының бірі болған. Отырарда алтын, күміс, мыс теңгелер соғылып, сәулетті құрылыстар бой көтерді. Керамикалық өндіріс бұл кезеңде ілгеріледі. Сырлы ыдыстардың жаңа үлгілері, қалыппен жасалған бұйымдар, сұр түсті керамика, сәулеткерлік декор (өрнекті қыштар) шығарылды. Сырлы ыдыстар екі мәрте күйдіруден өтті.

Керамикалық шеберханалар шикізат өнімдеріне жақын өзен, оман-арық бойларында орналасты. Керамика күйдіруде ішкі құрылысы түрлі үлгідегі (қазба барысындағы табылған материалдар бойынша жеті топқа жататын) құмдандар пайдаланылды. Бұл кезеңде жұмыс істеген шеберханаларды екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топ - құлдық дәрежедегі шеберлер қызмет еткен мемлекеттік, не ірі феодал меншігіндегі қархана-фабрикалар. Бұл шеберханаларда сан-алуан, арнайы тапсырыспен жасалынатын қымбат керамика бұйымдары өндірілді. Екінші топ - жеке-дара шағын шеберханалар. Мұндай шеберханаларда бір, не болса екі ғана керамика күйдіретін құмдандар болды. Шеберхана иесі керамиканың бір, не болмаса екі түрін ғана шығарумен маманданды. Керамистердің өз бірлестіктері, яғни цехтары болды деген жорамал айтуға болады.

Екінші кезеңде (XVI ғасырдың басы - XVII ғасырдың басы) Отырар үш бүкіл қалалық өртті басынан кешірді. Сырдария бойындағы қалаларды иелену мақсатында темірліктер, шайбанилер

моғолдықтар, қалмақтар мен қазақ феодалдарының арасында ұзаққа созылған күрес жүрді. Саяси тұрақсыздық, сауда бағыттарының ауысуы Оңтүстік Қазақстан қалаларының құлдырауына әкеліп соқтырды. Қала айналасындағы қыш өндірісіне ыңғайлы жерлерде тұрған шеберханалар бос, иесіз қалып, Отырар орталығында, қорған ішінде керамикалық өндіріс орындары пайда болды. Қамал ішінде, тар үйлердің арасында керамика өндіруге қажетті шикізат, су мен отын көздеріне тапшы жерде, пештер салып, от жағып, көршілерді түтіндетіп керамика күйдіруге тек қана ұрыс-соғыс, тонау қаупі мәжбүр еткен деп түсінеміз. Бұл кезеңде керамика өнімдерінің түрлері азайып, сапасы төмендейді. Сәулеткерлік өрнекті қыштар мүлдем өндірілмейді. Бұл қала халқының жағдайының өте төмендеп, сапалы, үлкен шеберлікті қажет ететін бағалы ыдыстарға сұраныстың болмағандығын айғақтайды.

XVII ғасырдың басында Сырдарияның орта бойындағы қалалардың біржолата Қазақ хандығының құрамына енуі, қазақ мемлекетінің саяси орталығының осы өңірге ауысу жағдайды біршама тұрақтандырды. Отырар қаласының иесіз қалып күйреп қалған орындары қайта көтерілді. Сауда-саттық, қолөнер біршама ілгеріледі. Отырардың XVII ғасырға жататын қабатынан 12 керамикалық шеберхананың орындары аршылды. Олардың негізінен көшпелі халықтың сұранысына ие болған пиала, кесе, орта кесе сияқты өнімдер шығарылды. Керамикалық ыдыс күйдіруде түрлі үлгідегі құмдандар пайдаланылды. Олардың ішінде "от алауы жоғары көтеріліп, кері қайтатын" үлгідегі пештер де бар. Сырлы ыдыстардың екі мәрте күйдіру технологиясы сақталды. Отырар керамистері бірлестіктерге (цехтарға) бірікті. Отырар, Түркістан материалдары мұндай бірлестіктердің иерархиялық сипатты болғандығын көрсетеді.

Алайда Отырар экономикасы, керамикалық қолөнері ілгерілеу үстінде, XVII ғасырдың аяғында жоңғар шапқыншылығына тап болып, үлкен соққы алады. Жауға қарсылық көрсеткен қала өртеніп, шөлді аймақта тіршілік негізі болған оман-арықтар жүйесі жермен-жексен етілді. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Отырарды қалпына келтіру әрекеті нәтиже бермеді. Отырар қаласында тіршілік тоқтап, ол өлі төбеге айналды. Отырар тұрғындары, олардың ішінде керамистер Оңтүстік Қазақстанның басқа қалаларына көшті. XX ғасырдың басына дейін қазақ шеберлерінің мешіт-қумбез салу үшін құмдандарда қыш күйдіруі, қазіргі кезде де Қазақстанның оңтүстік аймақтарында тандыр жасау өнерінің сақталуы кейінгі ортағасырлық керамика өндірісі тәсілдерінің қазақтың дәстүрлі мәдениетінде орын алуының көріністері болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Абусейтова М. Х. 1975. Джувайини об "Отрарской катастрофе". /Вопросы истории, в. 7. Алма-Ата.
- Абусейтова М. Х. 1985. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата: Наука.
- Агеева Е. И. 1949. Опыт классификации керамики городов и поселений среднего течения Сырдарьи и Каратау. /КСИИМК, XXVIII. М.
- Агеева Е. И. 1950. Керамика городов и поселений среднего течения Сырдарьи и Каратау. /ИАН Каз.ССР, сер. археол., в. 2. Алма-Ата.
- Агеева Е. И. 1951. Керамика Отрара. /ИАН Каз.ССР, сер. археол., в. 3. Алма-Ата.
- Агеева Е. И., Г. И. Пашевич. 1958. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. /ТНИАЭ Каз.ССР, т. IV. Алма-Ата.
- Акишев К. А. 1977. Некоторые итоги раскопок городища древнего Отрара. (1971-1975). /Археологические исследования в Отраре. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К. А. 1980. Раскопки Отрара /Археологические открытия 1979 года. М.
- Акишев К. А. 1983. Перспективы изучения позднесредневековых городов Казахстана. /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К. А., Е. И. Агеева. 1958. Древние памятники Казахстана. Алма-Ата: Казахстан.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков. 1979. Вопросы археологии Казахстана. Алма-Ата: Мектеп.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1969. Новое в средневековой археологии Южного Казахстана. /Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1970. Археологические работы в Южном Казахстане. /Археологические открытия 1969 года. М.: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1972. Древний Отрар. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1975. Отрар XVI-XVIII веков по итогам раскопок 1971-1973 годов. /Древности Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1976. Раскопки Отрара. /Археологические открытия 1975 года. М.: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1977. Исследование на Отраре. /Археологические открытия 1976 года. М.: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1979. Некоторые аспекты социально-экономической жизни позднесредневекового Отрара. /Товаро-денежные отношения на Ближнем и Среднем Востоке в эпоху средневековья. М.: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1981. Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1982. Жилище позднесредневекового Отрара. /Жилище Средней Азии и Казахстана. М. Наука.
- Акишев К. А., К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. 1987. Отрар в XIII-XV веках. Алма-Ата: Наука.
- Акишев К. 1976. Ертедегі ескерткіштер елесі. Алматы: Қазақстан.
- Арапова Т. Б. 1977. Китайский фарфор в собрании Эрмитажа. Л.: Аврора.
- Ахинжанов С. М. 1981. Раскопки гончарной мастерской на рабаде Отрара. /Археологические открытия 1980 года. М.: Наука.
- Ахинжанов С. М. 1984. Из истории обороны Отрара/1219-1220 гг. /Памятники истории и культуры Казахстана. Алма-Ата: Өнер.
- Байпаков К. М. 1983 а. Гончарное ремесло в позднесредневековом Отраре. /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука.

- Байпаков К. М. 1983 б. О структуре средневекового города Южного Казахстана. /ВАН Каз.ССР, №12. Алма-Ата.
- Байпаков К. М. 1990 а. Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Байпаков К. М. 1990 б. По следам древних городов Казахстана (Отрарский оазис). Алма-Ата: Наука.
- Байпаков К. М., Л. Б. Ерзакович 1990. Керамика средневекового Отрара. Алма-Ата: Өнер.
- Байпаков К. М., В. Н. Настич. 1981. Клад серебряных вещей и монет из Отрара /Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата: Наука.
- Байпаков К. М., А. Н. Подушкин. 1989. Памятники земледельческого-скотоводческой культуры Южного Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Бартольд В. В. 1963. т. I. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения. М.
- Бартольд В. В. 1963. т. 2. ч. 1. История Туркестана. соч. М.
- Бартольд В. В. 1964. т. II. ч. 2. Чагатай-хан. Сочинения. М.
- Бартольд В. В. 1965 а. т. III. Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до XVII века. Сочинения. М.
- Бартольд В. В. 1965 б. т. III. К истории орошения Туркестана. Сочинения. М.
- Бартольд В. В. 1968 а. т. V. Тохтамыш. Сочинения. М.
- Бартольд В. В. 1968 б. т. V. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Сочинения. М.
- Беленицкий А. М. 1940. Организация ремесла в Самарканде XV-XVI вв. /КСИИМК, VI. М.
- Беленицкий А. М., И. Б. Бенюков, О. Г. Большаков. 1973. Средневековый город Средней Азии. Л.: Наука.
- Бернштам А. Н. 1951. Древний Отрар. /ИАН Каз.ССР, сер. археол., в. 3. Алма-Ата.
- Брыкалова В. Г. 1990. Квартал керамистов. /Древний и средневековый город Восточного Мавераннахра. Ташкент: Фан.
- Булатов Н. М. 1976. Классификация красноглиняной поливной керамики золотоордынских городов. /Средневековые памятники Поволжья. М.: Наука.
- Бурнашева Р. З. 1986. Денежное обращение Отрара в монголо-тимуридское время. /ИАН Каз.ССР, серия общественных наук, № 6. Алма-Ата.
- Бурнашева Ф. А. 1965. Методика изучения древних глазурей. /Археология и естественные науки. М.: Наука.
- Бурыков Ю., М. Тихонин. 1981. Раскопки керамической мастерской конца XV-XVI вв. в Шахрухи /ИМКУ, в. 16. Ташкент: Фан.
- Вактурская Н. Н. 1959. Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX-XVII вв.) /Керамика Хорезма. Тр. ХАЭЭ, т. IV. М.: Наука.
- Воронина В. Л. 1975. Колонны из Отрара /Древности Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Галкин Л. Л. 1975. Керамические горны золотоордынского города Азака. /СА, №1.
- Гражданкина Н. С. 1964. К истории керамического производства в Средней Азии. /ИМКУ, в. 5. Ташкент: Фан.
- Гражданкина Н. С. 1965. Методика химико-технологического исследования древней керамики. /Археология и естественные науки. М.: Наука.
- Грошев В. А. 1976. Волохранилище средневекового Отрара. /Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата: Наука.
- Грошев В. А. 1978. Основные моменты динамики оросительной сети Отрарского оазиса в XV-XVIII вв. /Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Грошев В. А. 1985. Иригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата: Наука.
- Джаббаров И. М. 1971. Ремесло Узбеков Южного Хорезма в конце XIX-XX вв. /Занятия и быт народов Средней Азии. Л.: Наука.
- Джанибеков У. 1982. Культура казахского ремесла. Алма-Ата: Өнер.
- Егоров В. Л. 1990. Золотая Орда: мифы и реальность. М.: Знание.

- Екимова В. В. 1959. Гончарное производство в Хивинском районе. /Керамика Хорезма. Тр. ХАЭЭ, т. IV. М.: Изд-во АН СССР.
- Ерзакович Л. Б. 1966. О позднесредневековом городище Сузак. /ИАН Каз ССР. сер. общественных наук, № 3. Алма-Ата.
- Ерзакович Л. Б. 1968. О позднесредневековом городище Аспара. /Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата.: Наука.
- Ерзакович Л. Б. 1970. О южноказахстанском компоненте в материальной культуре городов Золотой Орды. /По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата.: Наука.
- Ерзакович Л. Б. 1972. Некоторые черты оседлой культуры позднего средневековья. /Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата.: Наука.
- Ерзакович Л. Б. 1980. Раскопки в восточной части Отрара (к вопросу о стратиграфии и хронологии поздних слоев). /Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Ерзакович Л. Б. 1983. Жилище Отрара и некоторые этнокультурные и хозяйственные процессы на юге Казахстана. /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука.
- Ерзакович Л. Б. 1986. Жилище позднесредневекового Отрара как источник по реконструкции этнокультурных процессов на юге Казахстана. /Средневековый город Южного Казахстана. Алма-Ата.
- Ерзакович Л. Б. 1990. Динамика городской жизни позднесредневекового Отрара. /Тезисы докладов научно-практической конференции, посвященной 70-летию организации Чимкентского областного историко-краеведческого музея. Алма-Ата.
- Ерзакович Л. Б. 1992. О периодизации развития средневекового Отрара. /Маргулановские чтения 1990. часть I. М.
- Ермагамбетов К. 1979. Көне Қазақстанды көргендер. Алматы: Мектеп.
- Жолдасбаев С. 1976. Городище Ран. /Археологические открытия 1975 года. М.: Наука.
- Жолдасбаев С. 1977. Раскопки Таскора. /Археологические открытия 1976 года. М.: Наука.
- Жолдасбаев С. 1980. Мечеть XIV-XV вв. в окрестностях Отрара (поселение Байылдыр). /Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Залесский Б. 1991. Жизнь казахских степей. Алма-Ата: Өнер.
- Заурова Е. З. 1962. Керамические печи VIII-IX вв. на городище Гяур-кала старого Мерва. /Тр. ЮТАКЭ, т. XI. Ашхабад: Изд-во АН Турк. ССР.
- Зимин Л. А. 1962. Подробности смерти Тимура. /ПТКЛА. XIX. Ташкент.
- Ибрагимов Н. 1988. Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. М.: Наука.
- Исхаков М. Х. 1984. Средневековые керамические штампы с городища Бударч.СА. Кверфельдт Э. К. 1947. Керамика Ближнего Востока. Л.
- Кларе А. К. 1904. Древний Отрар и раскопки, произведенные в развалинах его в 1904 г. /ПТКЛА. IX. Ташкент.
- Кляшторный С. Г., Т. И. Султанов. 1992. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: Рауан.
- Кочнев Б. Д. 1983. Караханидский чекан Параба(Отрара). /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата.: Наука.
- Кожаяв М. 1994. Отырар. Ескілікті аңыздар мен музейдегі көне жазулар сыры. /Жібек жолы, № 13-17.
- Койшыбаев Е. 1985. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп.
- Кузнецова Э. Ф., Т. М. Тепловодская. 1978. Некоторые вопросы технологии керамического производства позднесредневековых городищ Южного Казахстана. /Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Кызласов Л. Р. 1993. Сведения восточных источников о средневековых городах Сибири. /Археологические памятники на Великом Шелковом пути. Алматы.
- Лунина С. Б. 1962. Гончарное производство в Мерве X-нач. XIII вв. /Тр. ЮТАКЭ,

- т. XI Ашхабад: Изд-во АН Турк. ССР.
- Лунина С. Б. 1979. Ремесло в средневековом Мерве(к периодизации развития). /Товаро-денежные отношения на Ближнем и Среднем Востоке в эпоху средневековья. М.: Наука.
- Лунина С. Б. 1981. Формы специализации в средневековом гончарном ремесле Средней Азии. /СА. № 3.
- Лькошин Н. 1899. Догадка о прошлом Отрара /ПТКЛА. IV. Ташкент.
- Массон М. Е. 1930. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент.
- Массон М. Е., Г. А. Пугаченкова. 1950. Гумбез Манаса. М.: Наука.
- Мережин Л. Н. 1962. К характеристике керамических печей периода рабновладения и раннего средневековья в Мервском оазисе. /Тр. ЮТАКЭ, т. XI. Ашхабад: Изд-во АН Турк. ССР.
- Мирзаахмедов Д. 1990. К истории художественной культуры Бухары. Ташкент: Фан.
- Моисеев В. А. 1991. Джунгарское ханство и казахи XVIII-XVIII вв. Алма-Ата: Наука.
- Муканов М. С. 1981. Казахская юрта. Алма-Ата: Кайнар.
- Накысбеков О. 1982. Қазақ тілінің онғустік говораар тобы. Алматы: Ғылым.
- Настич В. Н. 1989. Монетные дворы средневекового Казахстана./Памятники истории и культуры Казахстана. Вып. 4. Алма-Ата: Казахстан.
- Нурмагамбетов Э. 1985. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы: Ғылым.
- Оразбаева Н. А. 1970. Қазақ халқының сәндік ою-өрнек өнері. Ленинград: Аврора.
- Пацевич Г. И. 1956 а. Раскопки на территории древнего города Тараза в 1940 году /Тр. ИИАЭ Каз ССР, т. I. Алма-Ата.
- Пацевич Г. И. 1956 б. Гончарная печь на городище Сарайчик. /Тр. ИИАЭ. АН Каз ССР, т. I. Алма-Ата.
- Пещерова Е. М. 1949. Из истории цеховых организации в Средней Азии. /КСИИМК. IV. М.Л.
- Пещерова Е. М. 1959. Гончарное производство Средней Азии. М. Л.
- Пищулина К. А. 1977. Юго-восточный Казахстан в середине XIV-начале XVI ввек. Алма-Ата: Наука.
- Пищулина К. А. 1983. Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV-XV вв. /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука.
- Полевой Л. Л. 1969. Городское гончарство Пруто-Днестровья в XIV в. Кишинев: Изд-во АН МССР.
- Пославский И. Т. 1898. Развалины города Отрара /ПТКЛА. III. Ташкент.
- Пугаченкова Г. А. 1950. Самаркандская керамика XV вв. /Тр. САГУ, в XI. Ташкент.
- Рахимов М. К. 1961. Художественная керамика Узбекистана. Ташкент.
- Савельева Т. В. 1991. Международные культурные и торговые связи городов Южного Казахстана в XIII-XV вв. /Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути. Алма-Ата.
- Сайко Э. В. 1965. Технология керамики средневековых мастеров. /Археология и естественные науки. М.: Наука.
- Сайко Э. В. 1966. История технологии керамического ремесла Средней Азии VIII-XII вв. Душанбе: Изд-во АН Тадж ССР.
- Сайко Э. В. 1969. Среднеазиатская глазурная керамика XII-XV вв. Душанбе: Изд-во Тадж ССР.
- Сайко Э. В. 1982. Техника и технология керамического производства Средней Азии в историческом развитии. М.: Наука.
- Сарыбаев Ш., О. Накысбеков. 1989. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы.
- Семенов С. А., Г. Ф. Коробкова. 1983. Технология древнейших производств. Л.: Наука.
- Седихменов В. Я. 1973. Китай: страницы прошлого. М.: Наука.

- Смагулов Е. А. 1986. Синие лотосы на туркестанском блюде. /Памятники истории и культуры Казахстана. Алма-Ата: Казахстан.
- Смагулов Е. А. 1990. Средневековая керамика Южного Казахстана как источник по истории культуры XIV-XVIII вв. Автореф. канд. дисс. Самарканд.
- Смагулов Е. А., В. Н. Настич. 1983. Гончарные штампы с надписями XIX в. из Туркестана. /ИАН Каз ССР. Сер. обществ. наук. № 2.
- Султанов Т. И. 1979. Завоевание монголами территории Казахстана. /История Казахской ССР. Алма-Ата: Наука.
- Ташходжаев Ш. С. 1975. Керамическое производство Афрасиаба и вопросы организации труда ремесленников X-начале XIII вв. /Афрасиаб. Вып. IV. Ташкент: Фан.
- Тепловодская Т. М. 1977. Некоторые данные о технологии изготовления керамики в позднесредневековом Отраре. /Археологические исследования в Отраре. Алма-Ата: Наука.
- Тепловодская Т. М. 1980. Структурный анализ керамики со знаками из городища Отрар. /Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука.
- Тепловодская Т. М. 1983. Некоторые результаты изучения технологии позднесредневековой керамики Отрара. /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука.
- Тепловодская Т. М. 1988. О гончарстве Отрара. /Памятники истории и культуры Казахстана. в. 3. Алма-Ата: Казахстан.
- Тепловодская Т. М. 1994. Структурный анализ изделия с росписью кобальтом из Отрара. /Изв. НАН РК. сер. общ. наук. № 5.
- Федоров-Давыдов Г. А. 1983. Исторические особенности городов в монгольских государствах Азии в XIII-XIV вв. /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука.
- Федоров-Давыдов Г. А., Н. Б. Булатов. 1989. Керамическая мастерская Селитерного городища. /Сокровища сарматских вождей и древние города Поволжья. М.: Наука.
- Ходжаев М. 1992 а. О керамическом производстве Отрара второй половины XIII-первой половины XIV веков. /Маргулановские чтения. Петropавловск.
- Ходжаев М. 1992 б. Керамическая мастерская кирхана из под Отрара. /История и культура народов Евразии. Уфа.
- Ходжаев М. 1993. Причины последнего общегородского пожара и окончательного запустения Отрара. /Изв. НАН РК. Сер. общ. наук. № 5.
- Ходжаев М. 1994. Гончарные изделия импортного происхождения из Отрара. /Изв. НАН РК. Сер. общ. наук. № 5.
- Ходжаев М. 1995. Компоненты городского и оседло-земледельческого происхождения в этнической структуре казахов. /Атамұра. Сборник статей, посвященный 75-летию Южно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея. Чимкент.
- Черкасов А. А. 1903. Поездка на развалины Отрара. /ПТКЛА., VIII. Ташкент.

Түп деректер.

- Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б. Әбілқасымов. Алматы. 1992.
- Бабыр. Бабырнама. Орыс тілінен аударған Байұзақ Қожабеков. Алматы: Жалын. 1990.
- Бухарский вакф XIII в. Издания текста, перевод с арабского и персидского, введение и комментарии А. К. Арндса, А. Б. Халидова, О. Д. Чехович. М.: Наука. 1979.
- Гийасаддин Али. Дневник похода Тимура в Индию. /Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяния. М., 1992.
- Джиовани дель Плано Карпини. История монголов. /Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. М., 1957.

- Жеті Жарғы. Шымкент: Жібек жолы. 1993.
- Извлечение из "Мин Ши Сань Сяюй". /Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIV-XIX вв. Алматы: Наука. 1994.
- Киракос Гандзакци. История Армении. Перевод с древнеармянского, предисловие и комментарии Л. А. Ханларян. М.: Наука. 1976.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы. 1979. 4 том.; 1980., 5 том; 1982. 6 том; 1985. 8 том.
- Рақым Қожа Ғали-қожа ұғлының айтқаны. /Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. Құрастырушы У. Субханбердина. Алматы. Ғылым, 1989.
- Резолюция совещания. "Проблемы исследования средневековой археологии Казахстана и Средней Азии XIII-XVIII вв". /Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: Наука. 1983.
- Руи Гонзалес де Клавихо. Дневник путешествия в Самарканд ко двору Тимура (1403-1406). М.: Наука. 1990.
- Сафи ад-дин Орын Койлақы. Насабнама. Қолжазбаны транскрипциялаған және кіріспе мен көрсеткіштерді дайындағандар: Ә. К. Муминов, З. З. Жандарбеков. Түркістан: Мұра. 1992.
- Таварих-и гузида-и нусрат-наме. Перевод В. П. Юдина. /Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. Алма-Ата: Наука. 1969.
- Хафиз-и Таныш Бухари. Шараф-нама-и шахи. Перевод с персидского, введение, примечание и указатели М. А. Салахетдиновой. М.: Наука. 1983.
- Шайбани-наме. Перевод К. А. Пищулиной. /Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков. Алма-Ата: Наука. 1969.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

- ВАН - Вестник Академии наук.
- ИАН - Известия Академии наук.
- ИИАЭ - Институт истории, археологии и этнографии.
- ИМКУ - История материальной культуры Узбекистана.
- КСИИМК - Краткие сообщения Института истории материальной культуры Академии наук СССР.
- ҚТТС - Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.
- НАН - Национальная Академия наук Республики Казахстан.
- ПТКЛА - Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии.
- СА - Советская археология.
- САГУ - Среднеазиатский государственный университет.
- ХАЭЭ - Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция.
- ЮТАКЭ - Южно-Туркменстанская археологическая комплексная экспедиция.

R E S U M E

Muhtar Hodjaev
CERAMIC PRODUCTION IN MEDIEVAL OTRAR
(XIII-XVIII CENTURY)

The book is devoted to problems of technique and technology and process of ceramic production in medieval Otrar. New complex of ceramic workshops from Otrar environs (Mynshunkur) is put into operation. It greatly extends the range of our historical interpretations.

It was found that in XIII-XV century the ceramic production of medieval Otrar reached an advanced stage of development. Stamp, clay and architectural ceramics was produced together with glazed and unglazed one. Seven types of kilns were used including furnace with "back flame". Along with small workshops where a specialization on certain kinds of ceramic objects are seen there were great ones (KARKHANA) possessed by rich nobles and khans and based on the coercive slave labour.


The wars of XVI-XVIII century made Otrar the provincial town. Stagnation in technique and technology is seen. Double bake of glazed objects is preserved. Four types of kilns are distinguished. There were only small ceramic workshops with one or two kilns.

Complex of ceramic production comes to decay side by side with town destruction in XVIII century but traditions of ceramic production are preserved in towns of South Kazakhstan in XIX-in the beginning of XX century.

Ceramic production in medieval Otrar is the important source of History and History of the Culture of Kazakhstan.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	1
I-ТАРАУ. Отырардың керамикалық өндірісінің зерттелу тарихы	
1. I. Әуелгі танысу кезеңі	2
II-ТАРАУ. XIII-XVIII ғасырлардағы Отырар қаласының тарихы	
2. I. Отырар қалдықтарының жалпы сипаттамасы	12
2. 4. Отырар қазақ хандығының қаласы	28
III-ТАРАУ. XIII-XV ғасырлардың шеберханалары	36
IV-ТАРАУ. XIII-XV ғасырлардағы керамика өндірісінің технологиясы	74
4. I. Мыңшұңқыр шеберханаларының өнімдері	75
V-ТАРАУ. XVI-XVIII ғасырлардағы керамика өндірісі	
5. I. Шеберханалар	118
Өндеу тәсілдері	134
Күйдіру	136
VI-ТАРАУ. Кейінгі ортағасырлық қалаларда қолөнердің ұйымдасу мәселелері	
6. I. Империялар дәуіріндегі керамикалық қолөнердің ұйымдасуы	138
6. 2. XVI-XVIII ғасырлардағы қолөнердің ұйымдасуы	145
Қорытынды	150
Пайдаланылған әдебиеттер	152
Қысқартылған сөздер тізімі	158




Қазақ халқының рухани мұрасы мен тарихының үлкен жанашыры, Отырар археологиялық музейінің директоры Әуелхан ЕСЖАНОВ кенеттен қайтыс болды.

Ол туган жері Шәуілдірдің болашағы - АРЫСТАН БАБ әулиеге, көне Отырардың қатпарлы тарихына байланысты екенін жақсы түсінеді. Сол үшін де өзі басқарып отырған музейдің ғылыми орталық болып қалыптасуына бар күшін салды, кадрларды топтастырды. Отырар тарихын зерттеушілердің қамқоры да, қорғаны да бола білді.

Назарларыңызға ұсынылып отырған кітап та, Әуелхан ағаның қамқорлығының арқасында жарық көріп отыр. Бірақ, ол да көп ұзамай тарих керуеніне ілесетінін, бұл кітаптың өзінің атын көне Отырар тарихымен бірге тарих бетіне қалдыратынын сезген жоқ.

АЛЛА алдыңнан жарылқасын, Әуке!



Мұхтар ҚОЖАЕВ

ОТЫРАРДАҒЫ КЕРАМИКА ӨНДІРІСІ

М. Қожаевтың "Отырардағы керамика өндірісі" атты кітабы Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы тарих және этнофилология институтының Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

Редакторы З. ЖАНДАРБЕКОВ
Техникалық редакторы Ж. Ш. АДЫРБЕКОВ
Суретшісі Ө. ЖҰМАБАЕВ
Корректор Ж. ТАНАУОВА

Теруге берілді 10. 10. 1996ж. Баспаға рұқсат етілді 14. 12. 1996 ж.
Офсеттік басылым. Формат 45х32. Көлемі 9,5 баспа табақ.
Тараптары 500 лана. Әріп түрі "Тип Тайме".
"Мұра" баспагерлік шағын кәсіпорнының
баспаханасында басылды.

487010. Түркістан қаласы, Ұлықбек көшесі № 35 үй.

Республикалық баспасөз және бұқаралық
ақпарат агенттігі

ISBN 5-7667-4374-2